

Политик таңдаулары шынтағмалар жинағы

Поктаб Зікірін

ОМІР
ЗЕРІ

Тоқтар ЗІКІРИН

ӨМІР ӨЗЕГІ

Толық таңдамалы шыгармалар жинағы

Алматы
2019

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 Қаз)
3-97

Тоқтар ЗІКІРИН

**3-97 «Өмір өзегі» Толық таңдамалы шығармалар жинағы –
Алматы: «Асыл кітап» баспасы, – 2019. – 324 бет.**

ISBN 978-601-7962-32-6

Қарағанды кооперативтік институтында оқыған сексенінші жылдардың бас кезінде өзінің балауса жырларымен әдебиет сүйер қауымның назарына іліккен Тоқтар Зікірин бүгінде төрт жыр жинағының авторы, Қазақстан Жазушылар Одағының мұшесі. Жарты ғасырга жуық қолынан қаламы түспеген ақын өмірдің өзекті мәселелерін, сыр-сезімдерге толы толғанысты сәттерін өлең жолына түсіруден жалықкан емес. Ұзак жыл облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде жауапты қызметтер атқарып, зейнет демалысына шықты.

Республикалық және аймақтық жыр мұшәйраларының бірнеше дүркін жеңімпазы Т. Зікіриннің осы толық таңдамалы шығармалар жинағын оның көп жылғы қажырлы еңбегі мен ізденістерінің жемісі деп білген жөн.

560682

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7962-32-6

Северо-Казахстанская

областная библиотека

к. С. МУКАНОВА

г. Петропавловск

© Зікірин Т., 2019

© «Асыл кітап» баспасы, 2019

Өмір өзегім – жан өзегім өрілген,
Із қалдырың өшпейтіндей өмірден.
Жүргімнен бәрін түгел ақтардым,
Жырларымда, сырларымда төгілген.

Өмір өзегім – бойымдагы қан ағыс,
Алдырмаиды, алі жаным тарамыс.
Өлгенімше мұқалмаса екен-ау,
Қанга малып жыр жазатын қаламұш...

Өмір өзегім – көңіл-күйім көлкіген,
Теңіз ойдан тыныс алам, серпілем.
Шабыт дауыл мазалайды жанымды,
Арыла алмай қойдым жырдың дертінен?!

Өмір өзегім – заманымның үнісің,
Өзіңде гой тіршілігім, тынысым.
Өзегіме өрт түсірдім өшпейтін,
Бәрі, бәрі... бәрі осынау жыр үшін!

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЖҮРЕГІМДЕ ЖЫР ӘЛЕМ

КЕҢ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫМЫН

Тұлпарлардың тыңдалап өскен дүбірін,
Мен қазақпын,
Кең даланың ұлымын.
Еркіндікті аңсап ерен,
Қол жеткен,
Тәуелсіздік – менің биік тұғырым!
Сол тұғырдан тайдырмасын деп тілеп,
Лұпілдейді елін сүйген от жүрек.
Болашақтың батпан жүгін көтерген,
Бәйтерегім тұр ғой бүтін көк тіреп.
Көк тіреген үмітім мен арманым,
Алғы құнге ақ тілекті жалғадың,
Озық елдер қатарына енгенше,
Сезінеміз тартар жүктің салмағын.

Ұмтылыстар,
Құлшыныстар елдегі,
Бәрі, бәрі еркіндіктің бергені,
Шідер болса, тұсау салған аяқта,
Қол жетер ме игілікке төрдегі.
Еркін қазір елімдегі бар ісім,
Әр күн асқақ – ұлы жеңіс,
Табысым.
Отыз жылдық белестерге бет алды,
Айбаттанған,
Қайраттанған барысым.



Көріп бүгін тәуелсіздік жемісін,
Оңға басып отыр барлық өр ісім.
Біз қазақтың баласымыз біріккен,
Еңбек еткен Отан үшін,
Ел үшін.

Басымыздан өткен зорлық, өгей күн,
Соның бәрі оңай келді демеймін.
Тәуелсіздік жолындағы күресті,
Жүректегі жанартаяуға теңеймін.
Қалмаса да біздің ұзақ көш кімнен,
Тарих жолда талай азап кештім мен.
Көкіректе ыза-кеғім алдымен,
Домбыраның қос шегінде естілген.
Қобыздардың зары болып төгілген,
Сыбызығы саз талай құмға көмілген.
Бірақ біздер оттан қайта жаралған,
Құстай болып,
Өшкен жоқпыз өмірден!
Өшкен жоқпыз,
Көшкен жоқпыз даладан,
Емін тауып қансыраған жарадан.
Алты Алашты азаттыққа шақырған,
«Алқа көл, сұламадан» тарады ән...
Сол ән жетті желтоқсанға қаһарлы,
Дүр сілкінтіп кең әлемді, жаһанды.
Бодандыққа қарсы түрған алғашқы,
Қазақ осы қайсар ұлан атанды.
Қайсарлықты намыс отқа жаныған,
Еркіндікті артық көрген жанынан.
Сол жастардың батыр үрпақ екенін,
Барша ғалам ерлігінен таныған.

Ұлт-азаттық бастау алып сол күннен,
Тәуелсіздік тұғырына қондым мен.
Елім менің қыран құстай самғады,
Он бес жылда бір ғасырдай жол жүрген.
Қадамы нық бүгін алға бастаған,
Елім – өрде,
Жаныма көп дос табам.
Ұлы достық отауына айналды,
Евразия кіндігінде Астанам!
Алда менің алар асу, несібем,
Жүріп келем Ұлы тарих көшімен.
Еркіндіктің лебі есіп тұрады,
Қашан-дағы дархан дала төсінен.
Тұлпарлардың тыңдалап өскен дүбірін,
Мен қазақпын,
Кең даланың ұлымын.
Бостандықты аңсап ерен,
Қол жеткен,
Тәуелсіздік – менің биік тұғырым!

ЕРКІНДІК ЖЫРЫ

Еркіндікті көздеңген,
Батыр халық, кемелміз.
Бүгін біздер өзгемен,
Терезесі тең елміз.

Оңай өттік демеймін,
Бостандыққа бұғаудан.
Сыртқа теуіп өгей күн,
Бастан бақыт мың ауған...



Мына байтақ даланың,
Тәні тозған тұяқпен.
Сыбызығы саз, жаралы үн.
Тері тулақ сияқты ем.

Шығысымда шошақты,
Шұршітің мен жонғарың.
Талай ұрыс жасапты,
Қалай аман қалғаным?

Шұбырынды ақтабан,
«Елім-айлап» зарлаған.
Кезде де құдай сақтаған,
Даламыз өзі қорғаған.

Анау Сейіхун, Жейіхунда,
Тұстік хандар тұрткілеп.
Айтыл шындық, айтылма –
Қанға бөгіп, жұттық от.

Дамыл бермей, шапқындал,
Жауларым көп алысқан.
Аман қалды ақ құндақ –
Қазақ деген арыстан!

Жерін, елін қорғаған –
Қазақ көкжал, деді ғой.
Алысқаннан қалды аман,
Бөрілермен бөрідей...

Момын емес, шыдамды –
Шымырлықты танытып.

Батырлықты, мұрамды –
Келеді әлі дамытып.

Жуас емес, жүндейтін –
Жігері бар, жалы бар.
Қорқу, үркү білмейтін,
Ұл да бізден табылар!

Желтоқсанда отарлық
Бұғау ұзген бірлігі.
Ар, намыстан от алдық,
Ол да қазақ тірлігі!

Қымбат жеңіс татымы,
Бірлігімен ел мықты.
Таптық бүгін ақыры –
Шын еркіндік, теңдікті!

ҚАЗАҚПЫЗ

Қазақ едік қашаннан
Жауға намыс бермеген.
Қара тастан қашалған
Алмас қылыш сермеген...

Ұлан-байтақ өлкенің,
Даңқы қалай кемісін?
Қазақ үшін мәрт өлім –
Елі менен жері үшін.

Еркін өскен ұланбызыз,
Жастан тұлпар жалында.

Сақпыш әлде Тұранбызы,
Тағылық бар қанында.

Алтай менен Оралдың,
Жетісу мен Ертістің
Ортасында жаралдың,
Арыстандай ең күштім!

Алқакөлден сұлаған,
Шұбырынды ақтабан...
Ұзақ жолда бұралан,
Құдай өзі сақтаған.

Алты Алаштың айбынды
Басын қосып, бар иен.
Ұмыттырған қайғымды,
Абылайдай хан ием!

Биік қойған бәрінен
Ары менен намысын.
Қазағымның төрінен
Төрелігін танысын.

Момын десе – момындық,
Біздің достық пейілден.
Кенде етпеген өмірлік,
Хаяу-анамыз мейірден.

Қазақ едік далада
Қала салып көрмеген.
Жанкештіде, додада –
Аласарып көрмеген.



Біздің қамал – халықтың
Тірлігі мен бірлігі.
Талай тажал-алыптың.
Тілінгені тұндігі.

Ұлан-байтақ өлкенің
Осы күнге жеткені.
Бабаларым ертеңін –
Бізге жалғап кеткені!


ЖЕРҰЙЫҚТЫҢ КІНДІГІ

Өзіңсің ғой Астанам,
Шаңырағы елімнің.
Жаңа жолға бастаған,
Тұғырысың сенімнің.

Келбетіңе тамсанам,
Жайнай түскен бұл күні.
Бабаларым аңсаған,
Жерүйықтың кіндігі.

Сар даланың самалың,
Еркін жұтып, нәр алған.
Күмбезіндей даланың,
Құс қиялдан жаралған.

Көк Есілге келбетің,
Жарасатын сұлуым.
Жақындағы ел шетің,
Бердің жүрек жылұын.



Қалай ғажап өрілдін,
Інжуісің жаһанның.
Жастарына елімнің,
Арман қала атандың!

Әлемдегі асылға,
Айналып сен баrasын.
Мына жаңа ғасырға,
Тауып ғажап жарасым!

ЕРКІНДІК ІЗДЕП ӨСТІК

Бодан болдық,
Отарлық күн де кештік,
Жарты халық жат жұрттық тілге көштік.

Бір тәубесі – құл болып көргеміз жок,
Даламыз кең,
Еркіндік іздеп өстік!
Хандық құрдық
Жүз бенен руға бөліп,
Батырлықты мұра қып, туға берік.

Атан қомы, ат жалы дегендейін,
Жорық жолда жалындал туған едік!
Хат жүзінде болғанмен бағынышты
Еркін халық намысы, ары күшті.
Иілмеген иір емен бұтағындаі
Күн кешпеген өзгеге жалынышты.

Даласы кен, ақселеу даласы кен,
Топырағы қан жүтқан жарасына ем...

Тоқтар Зікірин әсептеске алғанда оның тәсілдерінде оның тәсілдерінде

Қазақ керуен келеді аман өтіп,
Ғасыр жолдар, шыргалаң арасымен.

Ақ сақалды қария абыздарын,
Тыңдал өсіп, шежіре, аңыздарын.
Көкіректе шер қатса, тоны жібіп –
Мейірімге женгізген жан ызғарын.

Желтоқсанда бодандық торын үзді,
Таптық ақыр бостандық жолымызды.
Мақтан ете аламыз, мақтан ете,
Егеменді, тәуелсіз елімізді!

ҚАЗАҒЫМДЫ БИІК КӨТЕР

Далам байтақ, жаным дарқан, азатпын,
Еркіндікті серік еткен қазақпын.
Көк байрақты көкке биік көтердім,
Болашақта болуы үшін ғажап күн.

Қыран құспын,
Арыстанмын, айбатпын,
Үлгісімін ар-намыстың, қайраттың,
өзгелерге өр ісіммен танылып,
дос құшақты кең әлемге жаймақпын.

Керек болса көк сауытпын, найзамын,
Құдай берген ой жағын да, бой жағын,
Қазағымның құдіретін таниды
Кең еліме көз алартса қай залым.

Бірақ мені кекке, оқса салмағын,
Бейбітшілік, тыныштық қой арманым.
Көкіректе көк запыран тұнса да,
Алғы қүннің асыл әнін толгадым.

Сенгесін де келер құнге, ертенге
Ұмтыламыз орны бөлек кең төрге.
Елім менің отырғандай үй тігіп,
Көз жасынан қуйіп кеткен өртенге.

Жаңа ғасыр меже ғасыр, бел ғасыр,
Сенім деген қасиет бар менде асыл.
Бағыт-бағдар дұрыс болып бүгінгі,
Қазағымды биік көтер, белге асыр.

АТА ДӘСТҮР ҚЫМБАТ

Ата дәстүр мықты еді ғой салты нық,
Бірте-бірте бара ма осы сарқылып?
Ауылдағы ағайындар үйінде,
Қымыз емес, ұсынып жүр жартылық.

Кейбір жастар көрсетпейді кішілік,
Ағаларға төрден орын ұсынып.
Жастық әкеп тастамайды әжейге,
Келіндері қабағынан түсініп.

Тұрмыс түзік, өсті ауылдың малы да,
Құрт, ірімшік бермес бірақ табыла.
Айран емес, көже де емес ашыған
Қазіргілер сүтке құмар жабыла.

Қазақ деген атқа балап қанатын,
Жалғыз атын бәйгеге бір салатын.
Сол жарыстар көздең үшты, жоқ күрес
Көгалдағы көк шөпте ізі қалатын...

Көксемеймін көнені де, ескіні,
Бүгінгі ауыл артық айтсам, кеш мұны.
Маған қымбат – біздің ата дәстүрдің,
Бүгінгімен жарасымды кескіні.

ТӨРЛЕ, НАУРЫЗ!

Төрле, Наурыз!
Төрле, жаңа жыл басым,
Енди сені қазақ өгей қылмасын!
Жетпіс жылдай ұмыт қалған мейрамым –
Мен өзіңен бастайыншы жыр басын.

Төрле, жылым,
Төрле менің – тәңірлім.
Алты алашқа ана сүттен мәлімдім,
Саған енді қоя алмайды тосқауыл
Тынысынча тұсау салған әмір күн!

Төрле, көктем,
төрле, Наурыз –
төрге шық,
Наурыз тойсыз көгермейді
жер-бесік...
Бұрынғыдай қаңтар емес қақаған,
Енді отырмыз жыл басы бір – Сен десіп...

Бұқіл Түркі шығыс халқы шырайын,
Бір өзіңе тоғыстырған құдайым!
Наурыз тойда қазан-отқа май құйып,
Тоқшылықтан тоқымқағар сұрайын.

Төрле, Наурыз!
Саған тұмар ілейін,
Тұмарыңнан тынысыңды білейін.
Наурыз тойда көкжал наиза сындырып –
тіршіліктің тыныштығын тілейін!!!

Төрле, жылым,
Төрле менің – киелім,
Келешектен бірлік болсын тілерім.
Байрағымда кереге көз – шаңырақ,
Киіз үйдің ұстап тұрған сүйегін!!!
Көк байрағым,
ән ұраным,
бар заңым –

Дербес Елмін,
Кең әлемге бар мәлім!
Наурыз тойым тойланбаған шағында,
Тәуелсіздік болған еді-ау арманым?!

Тәубе бүгін, кем емеспіз
өзгеден,
Арманға да жеттік аңсап, көздеген.
Біледі әлем менің Түркі тегімді –
Жалғыз Наурыз деген ғана сөзбенен!

Төрле, Наурыз!
Төр сенікі – шық бүгін,

Төрден орын береді ғой құтты күн.

Елім барда,

жерім барда – қазақпын,

Дәстүріммен,

салтымменен мықтымын!

НАУРЫЗ – ТӘҢІР АЙЫ

Күн мен түңі Тәнірдің теңелген ай,
Науан Наурыз, шіркін-ау, кемел қандай?!


Шаңыраққа толтырды шаттық нұрын,
Отыра ма оны осы ел аңғармай!

Жасарды ғой, жайнады қалың елім,
Думаны көп наурыздың, бәрі керім.
Дастарқанның келтірген ырыздығын,
Айта алмайсың қазағым дәміне мін.

Сәулеленіп өмірдің шамшырағы,
Көңіл кіrbің тазарып, аршылады.
Жібітеді арылтып тоң мұзынан,
Жүректерді жылытқан жан шуағы!

Үміт күтіп күндерден әр келесі,
Куанамыз жыл басы бар деп осы.
Тіршілікті оятып жібереді,
Қырат-белден сөгілген қар көбесі.

Сағынатын сарғайып көптің айы,
Бүршік жарап жауқазын көктің айы.
Жылына бір жасартып тастау үшін,
Жаратқан-ау Наурызды Кек Құдайы.



Нұрландырып жіберсе төбемді арай,
Жыр тумасын шуақты менен қалай?
Науан Наурыз екен ғой, Науан Наурыз,
Тәңір айы – Күн мен түн теңелген ай!

НАУАН НАУРЫЗ – ҰЛЫСЫМ!

Күншүаққа кенеліп,
Құлпырады нұр дала.
Күн мен түні теңеліп,
Наурыз туды –
Жыл жаңа!

Өте ғажап мерекем,
Науан Наурыз – Ұлысым!
Енді келіп берекем,
Толады ғой ырысым.

Жатыр жұртым жұмылып,
Тірлік ісі өте құп.
Киіз үйлер тігіліп,
Тойға қазан көтеріп...

Жеті дақыл дәні бар,
Сүтте пісіп балқыған.
Көжесінің дәмі – бал,
Бетінде майы қалқыған.

Нағыз қазақ тойы осы,
Одан қайсы асады?
Қазы, жалы, жаясы,
Бәрін алға тосады.

Ойын-сауық дегенің,
Қыза тұсті, көбейді.
Көгалды қыр төбенің,
Төсін әнге бөлейді.

Көнілде жоқ бір қылау,
Біз де бірі баланың.
Сағыныпсыз, шіркін-ау,
Жұпар иісін даланың!

КӨРКЕЙГЕН ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

Күннен-күнге көркейіп бара жатыр,
Үмтылмаймыз бекерден жаңаға құр?
Біздің көне Қызылжар астанадай,
Әсем қала атанар, қара да тұр?!

Тұстігінен қалаға кіретін жол,
Басты жолға айналды, білетін бол!
Теміржол асар көпірі кеңейтіліп,
Жараптай бол ұзаққа түзетілді ол.

Өзгеріс көп басталған Алакөлден,
Өзіміз де жандаймыз жаңа көрген.
Жағажайы түп-түгел жаңарса да,
Құм шағылға көміліп қала берген...

Қала сәні Жамбылдан басталады,
Есіл жағы көшениң тас тағаны.
ДСР-да тұрғызған кешендери,
Құлпыртып жіберді ғой, рас, қаланы?!

Зәулімдері осында ғимараттың,
Келер жері осында сый қонақтың.
Ығы-жығы қоныстар көшіріліп,
Ізі мұлде қалмаған үй-барақтың...

«Жас өркенде» бұл істің жөн екені,
Көзге түсіп, көп нәрсе елетеңі.
Қызу құрылыс түрғын үй аясында,
Танымастай өзгертті «Берекені».

Қарасаң да бүгінде қай көшени,
Өркендеуі заманға сай деседі.
Қасбеттері бояуын сөз етпейміз,
Жасыл желең бұрын бар, жай да өседі.

Тынысымен танылған ел қонысы,
Қала салу қазіргі өнген ісі.
Қызылжарым өсуі керемет қой,
Бес жыл озды уақыттан ең берісі.

Сезіледі көп жайдан ұқыптылық,
Табылмайды көрсетер шұқып қылық.
Қанша зауыт барын да ойламайсың,
Кең тынысты ауасын жұтып тұрып.

Көзге түсер алдымен айталаң бұл,
Тазалығы көшеден байқалып тұр.
Тәртіппеліп, түзеліп жылдан-жылға,
Жас ағаштар көбейген жайқалып тұр.

Электр сымын тереңге салғаны да,
Жаңашылдық тұрмыстың талғамында.

Қазір тіпті жарқырап жанады екен,
Түнгі жарық көшениң шамдарында.

Танымастай қалалық бақты мұлде,
Бар керемет сол бақтың тап түбінде.
Ертелі-кеш ағылып қала халқы,
Іші толып тұрады шаттық үнге.

Міне, осылай көркейіп бара жатыр,
Ұмтылмаймыз бекерден жаңаға құр.
Біздің көне Қызылжар астанадай,
Әсем қала атанар, қара да тұр!

ҰЛЫ ЖОЛ АСТАНАДАН БАСТАЛАДЫ

Ғасырдың арқалаған жаңа арманын,
Кім көрген он жылда елдің жаңағанын.
Қайсар халық қолының жеткені көп,
Көз тігіп қарап отыр ғалам бәрін.

Биігі алған барлық досқа мәлім,
Жасампаз жарқын істен хош табамын.
Әлемге танытты елім өзін ерек,
Кешегі тойында өткен Астананың.

Қазақтан шебер аспай салар қала,
Ғажайып шаһар тікті жон арқаға.
Жерүйік орнайды деп кім ойлады,
Аңызғақ желге күйген Сарыарқада?

Қонақтары тамсанып, таңырқаған,
Көркейіп кетті-ау осы тәнір қалам.



Көңілдің көгершінін көкке ұшырып,
Шаттанып шырқады ғой жаңа үрпақ ән.

Құрметтеп еркін өскен тұз тағысын,
Алғыс айтып дастарқан, дәм-тұзы үшін.
Сөйлеген той қонағы елбасылар,
Жасыра алмай отырды қызғанышын...

Қызғандыра алсақ біз басқаларды,
Болғанымыз шығар-ау достар алды.
Отыз елдің қатарына қосылар,
Ұлы жол Астанадан басталады.

БАҚЫТЫМ МЕН БАҒЫМ СЕНСІҢ, АСТАНА!

Елбасымыз ғұлама ғой, рас дана,
Қазағымды кең танытқан басқаға.
Елордасын ел ортаға көшірген,
Жарқын ісі – ғасырда ұлы бастама!

Ойдағыны айтар болсақ жасырмай,
Жиырма жылда жол жүріппіз ғасырдай.
Кім ойлаған Ақмоланы кешегі,
Нұрстанға айналар деп осындей?!

Көрсете алар жатқа-дағы, досқа да,
Мақтанышымыз болып отыр бас қала.
Әлемдегі қалалардың әйгілі,
Бірінен де кем түспейді Астана!

Көк Есілдің қос қабағын жайланаң,
Мұндай шаһар көрді менің қай бабам?!

Жаңа дәуір үрдісінде жасалды,
Ұлы дала ұрпағына сай қадам.

Осызаман сәuletіне бой теңеп,
Бұл биіктен көрінесек қайтер ек?
Бақыт құсы ұя салған басына,
Заңғар көкке қол созады Бәйтерек!

Жасыл желек үшін қанша төккен тер,
Қалаға еніп кеткен дерсің көк белдер?!
Асан бабам іздел өткен жерүйық,
Осы шығар боз бұрасы шөккен жер...

Құлан көшкен сардалаға санаған,
Сарыарқада сағым ойға қамалам...
Бүгін бірақ Астананы көргенде,
Таңдай қағып, бас шайқамас қай адам?!

Көк байрағын желбіреткен Ақорда,
Бұдан артық қоныс мекен табар ма?
Тәнірім оған ақ батасын беріпті,
Осы жерге қазық қағып, қонарда.

Кіндігіне айналғасын Арқаның,
Көзге түсер көріктімсің, жауһарым.
Қала салған қымылыңмен таныттың,
Қазағымның кереметтей қауқарын!

Көңілім ақ, ойым да жоқ зәу ботен,
Алматым-ай, сен де сұлу сәulet ең?!
Қос қанатым сияқтысың өздерің –
Қос астанамның барлығына тәубе етем!



Екеуінің де жолын ондап Жасаған,
Ертеңгі күн тудырмайды еш алаң.
Сарыарқаны жіберді ғой жаңартып,
Алатаудан көшіп қонған көш аман.

Заңғар биік зәулім үйлер көбейіп,
Аумағы да бара жатыр кеңейіп.
Халық саны асып түсіп отырса,
Миллиондық қала демей, не дейік?!

Хан ордасы, жан ордасы осында,
Не жетеді өзіңдей бұл асылға?!

Бақыттың мен бағым сенсің, Астана,
Жиырма бірінші – жаңа дәуір ғасырда!

АБАЙ

Абай деген, қазақ деген – бір ұғым,
Екеуі де жүректегі тұнығым.
Қазақ қайтіп, қазақ бола алады,
Ту қып осы көтермесе бір ұлын?!

Сөз маржанның, ой маржанның данасы,
Кеменгері, көзге түскен сарасы.
Абай жалғыз Құнанбайдың ұлы емес,
Бар қазақтың, алты Алаштың баласы.

Алып десен – алыпқа да келеді,
Жарық десен – жарыққа да келеді.
Бар қазақтың көзін ашқан данышпан –
Абай деген дарияның тереңі!

Асыл сөздің асып туган алыбы,
Ашылмаған әлі жұмбақ дарыны.
Әмсө әлемді тамсандырып келеді,
Шыңғыс таудың шыңға шыққан нар ұлы.

Би-болыстан биік қойып бір басын,
Шен-шекпеннен алас ұстап тұлғасын.
Сонау алыс алмағайып заманда –
Абай деген жанып өткен жыр-жасын.

Тәлімменен, тәрбиеге басып мол,
Үрпағына көрсеткен ол ашық жол.
Әмірдегі мәнді ұранға айналды,
Абай айтқан: «Бес нәрсеге асық бол!»

Дарының да, таланттың да, білімің,
Үлгі бізге мағыналы ғұмырың.
Сен биікте тұрсаң – қазақ биікте,
Абай ата, биік болсын тұғырың!!

ҚАСИЕТТІ ДОМБЫРА

Жанараймды жандыра,
Құмарымды қандыра,
Күмбірлетші, күй төкші –
Қасиетті домбыра!

Айтып бүтін өскенін,
Қосылғанын көшке елім.
Тасқындантып жеткізші –
Қасиетті қос шегім.



Көзін ашып дарынның,
Бағдары боп бағымның,
Дүбірлетші даламды –
Тұлпарлардай арындым.

Қанында бар қазақтың,
Дауылдасын азатты үн.
Тау сүйндай тасқында –
Сағағында шанақтың.

Атадан қалған мол мұра,
Шертілмесе, сол күнә!?
Күмбірлеши, күй төкші –
Қасиетті домбыра!

БАБАЛАРЫМ ІЗІ БАР

Дүниені дүрліктіріп, сіліккен,
Өтті адамзат талай қырғын-сүріктен.
Өзін таза ұлтқа санап жүргендер,
Білмейді ғой туғанын жат сідіктен.

Жарты әлемде ойран салған тағылар,
Ағзасында жат жусасы табы бар.
Ақсүйекті ағылшының өзінен,
Мүмкін Шыңғыс қаны бары табылар?!

Батыс елдер бөрі илеген жатырлы,
Бауырына басты талай жат ұлды.
Мына орыс та өз ұлына балады,
Бүйра шашты, тегі қара ақынды.

Айта берсе мұндаиды мысал көп тегі,
Мадиярлар бізден қалай шеттеді?
Қаны бірге сар даланың ұланы,
Небір заман венгр болып кеткелі.

Әуел баста табынғамыз Күнге біз,
Ізімізді Батыс шардан ізденіз.
Жауларының кекіл шашын олжа еткен,
Аңтектен де алыс емес іргеміз.

Кү даланың қанбақтайын кезбесі,
Америка ашылмаған кезде осы.
Аляскаға бұғаз басып бұғымен,
Өткенін де мүмкін екен сезбесі...

Ұшқыр қанат берген осы нар далам,
Бабаларым бармаған жер қалмаған.
Ыстық қанды Адайлардан құралған,
Мамлюктердің ерлігіне таңғалам.

Мақтан болған перғауындар елінде,
Бейбарыстың ерлік ісі тегін бе?
Дүниеде із қалдырған сияқты,
Бабаларым аттың сұық терінде.

Олай болса бізде туыс көп тегі,
Аталардан қалған алыс шеттегі.
Сар даланы басып жатыр бауырына,
Таза қазақ болып қана кеткені!!!

БҮЛ ӨМІРДЕ ӨЗГЕРЕДІ БӘРІ ДЕ...

Бұл өмірде өзгереді бәрі де,
Өзгермейтін құдай жазған тағдырың.
Көндігесің зәрлі удың да дәміне,
Ал, алдамшы талай артта қалды күн...

Алдыменен дос кетеді өзгеріп,
Жұбайың да жылы сөзге бармайды.
Талай-талай сертке лайық сөз өліп,
Жанарыңды мұң пердесі торлайды.

Өзгереді тұрмысың да, тірлігің,
Жолың тағы бола бермей өмірден...
Орта жолда ауып қалып бір жүгің,
Күйкі тірлік бола алмайды көңілге ем...

Өзгереді, уақыт қарап тұрмайды,
Гүлің солып, махаббатың тозады...
Біреу сенің бақытыңды ұрлайды,
Біреу сенен айласымен озады.

Жапан түзде жалғыз өзің қалғандай,
Жаңың кейде құлазиды, ұлиды.
Сенен асқан жоқ қой сонда сормаңдай,
Жан табылмай жөн сөз айтар бір иғі.

Жазың салқын, қысың кейде жаңбырлы –
Табиғат та бұрынғыдай хош емес.
Бәріне де бейім болған тағдырды,
Енді өзгерту, қайта құру өте кеш!

ЖУРЕКТЕГІ ШЫНДЫҚ

Білем алда, сеземін бір сын барын,
Ойладың не, ойламан құрсын бәрін...
Ертең емес, бүгінгі мына өмірдің –
Түсіне алмай жұмбағын жүрсің, жаным?!

Кім біледі көрермін, көре алмаспын,
Ғұмыр жолда тең орта белеңді астым?
Бірақ алда жұмақтан бейіш туар,
Күн барына мен енді сене алмаспын!

Тәніріме жалынған жан емеспін,
Тағдырымда менің де бар егес күн.
Шындық керек, мейлі аңы болсын –
Тәтті беріп алдайтын бала емеспін!

Бәрін бүгіп, жыртығын жамағанмен,
Тұрмыс түзік болмаса – баламаң кем.
Бірақ аштық, жоқтықтан емес тегі –
Жанды жеген қиналадам жарадан мен...

Ел қуйзелсе – қуйзелем, қуйінемін,
Күйзелістің таппадық түйін емін.
Егеменді ел болу өз алдына –
Шыныменен сен қалай қыын едің?

Құрсауымыз босады құн кетерде,
Мүмкін әлде даурығып құр бекерге?
Бүгінгінің тезіне салар болсақ,
Тоқыраудың өзіне құн жетер ме?!

Жо-жоқ, бірақ, ескіге аңсарым жоқ,
Жаңаны да таппадым жансабыл бол.
Үміт болса алыстап бара жатыр,
Сенімім де барады ақ сағым бол...

Төзім тозып, шыдам да шаршағандай,
Табыс та жоқ қуанып қол соғардай.
Жүдеу ауыл, жүдеу жұрт, жансебіл күн –
Корқытады келеңсіз қоршаған жай!

Ауыр тұрмыс жанымды сыйздатады,
Жетер оның Сізге де, бізге атағы.
Ертеңгі емес, бүгінгі мына өмірді,
Ойлағанда жүрекке мұз қатады!

1990 жыл.

АҚЫРЗАМАН

Эл үстінде атам жатты ауырып,
(Білгендей-ақ кетпесін бір сауығып)
Бірде маған әлсіз үнмен тіл қатып,
«Жақын отыр – деді – мені ал ұғып...

– Бүгін таңғы түсімнен бір шошыдым,
(Шыңыраудан шыққандай бір тосын үн...
Тіршілікten қол үзерде орнайтын –
Ақырзаман деген әлгі осы, ұлым.

Жанға қанша батқанменен сор, қайғы,
Тіршілікте заман ақыр болмайды.
Ақырзаман өліктердің еншісі,
Ақырзаман көрде ғана орнайды...»

Көкірегімде қалған еді мәнгілік
... Соңғы сөзі болғасын ба зеңгілік,
Бертін соны ойлап көрсем байыптаپ,
Атеистік үгым да бар мәнділік.

Шынында да заман ақыр тіріге –
Ақыретке тірелетін күні де.
Ақырзаман оралмайды ешқашан,
Қыбыр-жыбыр жүрген адам тіліне.

Бірақ әлгі Құранда да, Інжілде –
Ақырзаман туралы осы мылжың не?
Сандыраққа балап бәрін келгенмен,
Байыбына барып соның білдім бе?

Ақырзаман – замананың ақыры –
(Жетпеді ме мүмкін бабам ақылы?)
Жылжып жаңа келе жатқан сияқты,
Бір ақырға тіреуге де хақылы!

Бала бүгін іштен оқып туады,
Адамдардың жүзінде жоқ шуағы.
Тасбауырлық, қатыгездік жерінде
Бірауыз сөз болмады ғой дуалы?!

Ертең тағы бір соғысқа жол ашық,
Біріккен Ұлт тауып бір сәт жаастық.
Жер мәйегін сорған ашкөз пендеңе,
Ас болмады биылғыдай мол астық.

Әйел би боп асырды да айланды,
Зеңгі малы пұл болуга айналды.

Зенгір аспан жыртық түсіп шетіне,
Мөлдір теңіз тұнығынан лайланды.

Таусылғандай төзімі мен шыдамы,
Жер діңінен тамұқ үні шығады.
Ақырзаман осы болар тегінде –
Сөніп бара жатыр Өмір шырағы!?

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВҚА

Жыр жазылды соры қайнап, сорланып,
Қан мен жасқа қаламұшын мол малып...
Көз майынан шырақ үзіп түнімен,
Асау жүрек теңіз болып дoldанып,
Нәубеті мол тағдырына қорланып...

Жыр жазылды басылмаған, баспаған,
Баспасөзде кері итеріп тастаған.
Шындық үшін шешек шыққан бәледей,
Тіршіліктің санатына қоспаған,
Қоғамдағы пиғылы жат – қас қалам...

Жыр жазылды жасын атып, күркіреп,
Шауып өткен тұлпарлардай дүркіреп
Кең даланы сілкіп-сілкіп кеткенмен,
Сұр аспанның ашылмады-ау бұлты көп,
Ақ қағазда қалды жалғыз құр тілек...

Жыр жазылды мұңға толы мұңайған,
Құдіретті адам түгіл, құдайдан.
Адамзаттың иманы еді-ау осы жыр –

Періштедей арылмаған шырайдан,
Құдіретті адам түгіл, құдайдан!

Жыр жазылды назаланып, қүйініп,
Ағытылып, шабыт шалқар құйылып.
Жазған сайын жаны рахат тапқанмен,
Басына оның қара бұлтын үйіріп,
Қара аспанда қарақұстар шүйіліп...

МАҒЖАН БАБА – КҮН БАБА

Анық еді жырдан нөсер құйғаның,
Толық емес жазып, хаттап жиғаның.
Ағып өткен жұлдыздай боп жоғалдың,
Қайран бабам, маңдайыма сыймадың.

Ақыл дария, мөлдіреген тіл кенен,
Жазбапсың-ау жүрекке жат бір де өлең.
Сенің осы асылдығың үшін де,
Қара тобыр көре алмаған, күндеген.

Қасқыр болдың, күнін кешпей тұлқінің,
Әлемге аян еттің бабам ұлт үнін.
Сенің асыл арманыңнан айналдым,
Қамын жеген бүкіл осы Түркінің!

Өзің – ақын, өзің – ұстаз, ғаділ жан,
Бір басыңнан бәрі қалай табылған?
Жігерінді жеңе алмады жендеттер,
Қамақ күнде қандаладай жабылған.

Рұхың биік, ақсүйексін, асқарсың –
Асқар шыңым қалай оңай тапталсын?!
Өлмейтүғын, елге жетер мұранды,
Сағынышты жырларыңнан тапқансың.

Мейір төккен көз алдымда тұр кейпің,
Мағжан баба, ол – өзіңсің, кім дейсің?!
Текке өзінді теңемедің Күнге сен,
Қайта оралып нұрын шашқан Күндейсің!

ҚИЫН ТАҒДЫР БҮЙЫРҒАН

Нағыз жырдың тұнығы,
Дәүір үні қырдағы.
Біздің Мағжан ұлыны,
Тұған қазақ құндағы.

Сасықкөлде кіндігі,
Киіз үйде кесілген.
Сарыарқаның дүлдүлі,
Ақын еді-ау есілген?!

Мұңын ұққан елінің,
Жырмен жазған тілегін.
Жеткізуге өр үнін,
Жайып салған жүрегін.

Атын айдал Сәрсембай,
Талай-талай жол кешкен.
Қай қырынан көрсөн де-ай,
Жан жоқ оған тендерескен?!

Таңғы шықтай жырлары,
Тұр ғой әлі мөлдіреп...
Сағынышты сырлары,
Төгіледі елжіреп...

Тегін адам теңер ме,
Пайғамбарға өзің бұл?
Тылсым сырлы өлеңде,
Періштедей сезім бұл!

Жығылмаған, өмірдің –
Іңғайына көнбекен.
Шарболаттай темірдің,
Құрышы ғой ол деген?!!

Жала сөздер жамалып,
Көрді зорлық, үстем күш...
Қайта-қайта қамалып,
Тор ішіне түскен құс?!

Біздің Мағжан асылға,
Тағдыр осы бұйырған.
Қырық бес-ақ жасында,
Қыршынынан қыылған!

САСЫҚӨЛДІҢ ЖЫР ҚҰСЫ

Оқыдым да сағыныштан сарылдым,
Осы екен ғой құдіреті дарынның.
Тар қапастан ұшып шыққан жыр құсы,
Қалай менің жүрегімнен табылдың?

Самал ескен бір тамаша ашық күн,
Сарытомарға, Сасықкөлге асықтым.
Аңсамайтын жан бар ма еken, шіркін-ау,
Мағжан баба жұрген жерін басып мың...

Жұпар иісі жетеді еken даладан,
Орман, тоғай, көлде құстар салады ән.
Дәүлет біткен құт-береке мекенді
Мүмкін сасық ырысына балаған?

Ардақ тұтқан азамат қой асылын,
Сүйген ақын туған көлін, сасығын.
Сағынышты жырларға арқау болған соң
Аты әлемге тарап кетті осы күн.

Барады оған Мағжан жырын сүйгендер,
Көкірекке кереметін түйгендер.
Ыстық еken, ыстық еken япыр-ай,
Асыл баба табанына тиген жер!

Көрсем-дағы қанша шалқар көлді көп,
Дәл осындей күй кешкем жоқ елжіреп.
Баба ұшырған жырдың құсы қеудеме,
Сасықкөлдің жағасында қонды кеп??!

МАҒЖАН ЖЫРҒА БОЙЛАДЫМ

Жетер оған өлең жоқ,
Ойларын-ай, ойларын...
Мағжан жырға тереңдеп,
Кәусарына бойладым?!



Мөлдіредім, тазардым –
Түйлдым, қайта жаралдым...
Жанымды тербеп ғазал мұн,
Тұнығынан нәр алдым.

Кеткенім сондай беріліп,
Тірліктең шуды үзіп...
Теніздей жатқан төгіліп,
Толқыннан Толқын туғызып!


Пайғамбарға айналған,
Тыңдадым жырдың сүлейін.
Қанбасам жұтып қайнардан,
Несіне өмір сүрейін!

Жанымды торға салғандай,
Қамақта бірге қамықтым.
Қазағым осы сормандаі,
Қадірін білмес алыптың?!

Жастарға оны сендерген,
Тыңдадым үнін жүректің.
Таусылмаса тағдыр дем,
Басылар ма еді бұл екпін?

Даланың демі бар онда,
Сағыныш лебі еседі.
Бергені шығар таланға,
Тікенін өмір төседі...

Торыққан кезде қамығып,
Жазылған жырлар жылдатты.



Татқандай дәмін зорығып,
Аршыдық тұма бұлақты.

Мағжан жырлар – мәлдірім,
Төгіліп түрған қайнарым.
Көремін оның мен бүгін,
Керемет қанат жайғанын.

Отымен лаулап маздадым,
Таңдайға балы тигесін.
Ұлы Дағаның Мағжанын,
Мүмкін емес сүймесім!?!?

ҚҰЛАҒАН ҚҰЗДАН ҚАРШЫҒА

Жыр іздеген қиялдай,
Таба алар ма жаным жай?
Мағжандайын сүйе алмай,
Мағжандайын сағынбай...

Торда даусы торығып,
Ерте үзілген бұлбұлым.
Жүрмін саған зарығып,
Пайғамбарым – дүлдүлім.

Көкшедей көркем көнілмен,
Аяқ басқан Арсыға.
Қош айтысып өмірмен,
Құлаған құздан қаршыға!

Сағыныш селін кең құшып,
Өзінді қайдан іздеймін?

Жапырағы желге ұшып,
Жұтап қалған күздеймін...

Көзім жасын тия алмай,
Күйзелген бұл жанымды-ай?!
Мағжандаійн сүйе алмай,
Мағжандаійн сағынбай!

ҚАЛАЙ СӨҢСІН ЖАРЫҚ КҮН?

Алтын Күнді батырып,
Алтын Күнді өлтіріп...
Түсіне алмай отырып,
Жүрген жанбыз өкініп?!

Сұрадың-ау жыр бабам,
Құралай көзді қарғашты.
Өнерін ару құндаған,
Ақын сенсің алғашқы.

Кестесіне қарадың,
Саусағына сүйріктей.
Кең даланың маралын,
Сүйдірген де бүйрық қой?!

У толтырып жүрекке,
Өліп кеткің келді ме?
Жетер едің тілекке,
Тағдыр қатал көнді ме?

Ақ бәтескे салынған,
Қызыл қандай жібекпен.



Қызыл нұрға малынған,
Батып кетті-ау Күн өткен...

Батқан Күнді кестеден,
Көріп бабам торықтың.
Ал алауы өшпеген,
Қалай сөнсін жарық Күн?!

Жанға батып сызды өлең,
Сөкті көңіл көбесін.
Қоштасқандай қызбенен,
«Иманды бол!» дегесің...

Тұнеретін түнге емес,
атқан таңға асық ең.
Қызырып батар Күнге емес,
Қырмызы қызға ғашық ең!

«ЕЛІҢЕ ҚАЙТ, ЕЛІҢЕ!»

Мақсаты болса шерлі елді
Шығару өмір өріне,
Қаш қаладан, қарағым,
Еліңе қайт, еліңе!
Мағжан Жұмабаев.
Еділді кезген кезінде,
Болған да шығар осылай?
Берілген қапа сезімге,
Қойсын ба ақын шошымай?!

Қиын бір күнді таядың,
Жүргендей қаңғып кіл ауыл.

Қазақты көріп аядың,
Желкесін тескен жүгі ауыр.

Қорегі болған су балық,
Жат көріпсің қайығын.
Орыс «селендей» қуланып,
Қарыны тойған қай ұлың?


Қалада жүрген бейбақты,
Қайыс буып беліне.
Қай ақын қамын ойлапты,
Шақырып туған жеріне?!

Демеймін уақыт шегінді,
Үқастық-ай не деген?
Кезбей-ақ бүгін Еділді,
Есілден бәрін көрер ең...

Есіл бойынан байқар ең,
алысқа тіпті бармай-ақ.
Басыңды бабам шайқар ең,
Ауылда қалған жанды аяп?!

«Селен» дейтін Семен жок,
Көшіп кеткен көрші елге.
Ауыл жастары селеңдеп,
Бос жүрер қашан көрсөң де.

Бағлан жейтін қарттары,
Қалаға көшіп барыпты.



Ас қылады жоқ дәмі,
Мұздатылған балықты.
Ауылдың белі бүгілді,
Қайтейін енді жасымай?
Бабам-ау, сенің бүгінгі,
Еліңнің жайы осылай!

КҮЛДЕН КЕБІН КИІПСІН...

Ұшатын отқа көбелек,
Ойлай ма жанып, қүйерін?
Терең сыр бар не керек,
Жырыңнан бабам түйерім.

Ондағы күйіп, өртенген,
Көбелек өзің деп білдім.
Айырған ақын серкемнен,
Жалыны-ау сонау от күннің?!

Өзгені қорғап, көмектеп,
Ал, өзің отқа күйіпсің.
Елің үшін өбектеп,
Күлден кебін киіпсің.

Отқа түскен өмірге,
Қалай тұрам қамықпай?
Жоғалмасың тегін де –
Күл бол үшқан табыттай...

АНАФА ЕСКЕРТКІШ

Өзің болып аңсарым,
сағынарым,
Қонбаса деп жүруші ем жаныма мұн?
Шырақ отың өшті де жетім қалды,
Жетім қалды жүректе жалын әнім.

Жүре түссен өді ғой жалғанда аман,
Әнім қалды әлі де арналмаған.
Енді саған, жан ана, мәңгілікке,
Бір ескерткіш қою да арман маған.

Дәл осы бір борышым батады шақ,
Өтелмеген парызға, қатеге ұқсан.
Жанарыма қалады жас іркіліп,
Енесінен айырылған бота ұқсан...

Бәрін маған арнап-ақ өтіп едін,
Білмеді ғой кейінде өкінерін,
Жігіт болған шақта да ақыл айтып,
Әкесіз-ақ жеткізген жетімегін.

Өзің болып аңсарым,
сағынарым,
Жүрегімнен төгілер жалын әнім.
Өлең сөзден ескерткіш қоям-дағы,
Ана саған, мәңгілік табынамын.

АНАЛАР-АЙ, АСЫЛДАРЫМ, АРДАҒЫМ!

Аналар-ай,
Мөлдіреген жаны ізгі,
Бар әлемнің жарық Күні тәрізді.
Тіршілікке өмір берген сендерге,
Қалай осы қайтарамыз қарызыды?!

Аналар-ай,
Асылдарым, ардағым –
Өздеріңдей бас имейді жанға кім?
Біз сендерсіз ұғар ма едік, шіркін-аяу,
Тіршілікті түйсінудің бар мәнін.

Аналар-ай,
тұн үйкесін төрт бөліп,
Әбектейтін, бәрін бастан өткеріп.
Бел бүгіліп, шашына ақ түссе де,
Одан асқан, одан сұлу – жоқ көрік.

Аналар-ай,
дархан көңіл, пейілдім –
елжіреген үлгісі ғой мейірдің.
Жанарынан жан шуағын төккенде,
Ұмыта алар дейсің оны кейін кім?!

Аналар-ай,
адамзаттың ұлысы,
Отбасының берекесі, ырысы.
Ана алдында тағзым ету үшін де,
Адал перзент болу керек дұрысы.

Аналар-ай,
ақ жүректе алғысы,
Ізеті мен инабаты бар кісі.
Адалдықтың ақ жолында оларды,
Алға бастап шығарады ар күші.

Аналар-ай,
Қажымайтың, талмайтың,
Бар ғұмырың ұрпағына арнайтың.
От пен суға түсуден де тайынбай,
Балапаның көгершіндегі қорғайтың.

Аналар-ай,
қандай биік, өр едің,
Шыңға біткен шынарлардай көремін.
Перзенттік бір борышымның белгісі –
Сіздерге осы тағзым еткен өлеңім!

АНАШЫМ, СЕНИҢ АРҚАҢ

Сезім селін көл етіп жаңбырлаған,
Ақындықты сыйлапты тағдыр маған.
Күндеріме ризамын кірпік ілмей,
Тұнді өткізіп, қаншама таңды ұрлаған.

Ой-қиялдың көп жүздім айдынында,
Батпай аман, әйтеуір, қайғы-мұңға.
Шаттық дәурен, бірақ та қайдан болсын,
Жетім өскен шүрқырап тай-құлында?!

Айта берсе, жүректің жарасы мың,
Әкенің ұлдан жалғыз баласымын.



Қатал өмір жылата алмады ғой,
Жастай құрғап қалғасын қараышыым...

Анам болды періштем, пірім менің,
Жетімдігім содан да білінбедің.
Жыртық үйде жүрекке жылу барын,
Үға алады дейсің-ау бүтінде кім?!

Түсе бермес тірлік-ай еске күнде,
Мұнар бұлттай басымнан көшкені ме?
Анам ылғи мұңлы бір ән салатын,
Қыстың ұзақ көңілсіз кештерінде.

Кейін білдім, көбі оның дастан екен,
Жан ауыртқан аяныш жасқа бөтен.
Анам менің осылай жүрегімде,
Жыр бұлақтың қайнарын ашқан екен.

Қандай өзің мықты едің, темірмісің,
Ауырсынбай көңіл шер шөгіндісін?!
Жүрегіме құйғаның жырдан сәуле,
Анашым-ау, алдымен сенің күшің!

МӘҢГІЛІК ЖАР

Алған әбден жүрегімді, жанды ұғып,
Шыдамдылық міnezіңмен таң қылып?!
Өмірімнің өзегіне айналған,
Өзіңсің ғой мәңгілік жар, мәңгілік!

Сағыныштың сыр сезімін қозғадым,
Жан тербетер жазған осы аз ба әнім?



Көз жұмғанша адастырmas алаулап,
Мәңгілік жар – сенсің менің маздағым!

Сорлы ақынға жар болуды қалаған,
Саған енді қандай кінә таға алам?
Маған өкпе артпайтын да шығар ғой,
Балқаш көлге безіп кеткен шағалам...

Көзге түскен жоқпын жақсы күйменен,
Жұтап жұріп, жатты сыймай үйге өлең...
Жүдеу тартқан жанымды сол ұғынып,
Бекер мені шығарсың-ау сүймеген?

Бүгін бәрі соның алыс сағымдай,
Тапты қазір көңіл тыныш, жаным жай.
Қуанамын құрғанымша шаңырақ,
Сенен өзге лайықты жан табылмай.

Өмірде ғой үй болу да ұлы сын,
Шытынатпай көңілдің бұл шынысын.
Тағдыр қосқан жолымыздың жаным-ау,
Өзің таңдал жүрсің әркез дұрысын!

Алған әбден жүрегімді, жанды ұғып,
Шыдамдылық мінезіңмен таң қылыш.
Өмірімнің өзегіне айналған,
Сенсің жаным, мәңгілік жар, мәңгілік!

АСЫЛ ЖАРЫМА

Сездірмейтін, болса менің кемісім,
Тілейтүғын басар жолым тегісін.
Жағдайымды айтқызыбай-ақ ұфатын,
Сенен артық кім бар дейсің мен үшін?!

Менің үшін жан жоқ сенен асатын,
кешіккенде көзі төрт бол тосатын.
Айналайын, асыл жарым, аяулым –
Жүргегінен нұрлы шуақшашатын.

Жаның мөлдір, жібек өрген тұтысың,
Шаңырақтың ырысы мен құтысың.
Маған деген махаббатың шығар ғой,
Өмірдегі ең үлкен бір ұтысым!

Көніліңде титтей де жоқ кіршігің,
Мөлдіреген адал жансың – бұл шыным.
Анам марқұм өбектейтін бұрынғы,
Қамқорлықты сенен тауып тыншыдым?!

Екеуімізге қатар жетіп кәрілік,
Жетпіс белден отырмыз ғой табылып.
Тек өзінді тыңдай берпім келеді,
Сенен ғана көрген емен жалыып.

Немеремен жайып өмір өрісін,
Бақыттың біз таттық тәтті жемісін.
Тағдырымыз мәңгі бірғе өрілген,
Сенен артық кім бар дейсің мен үшін!

Toқтар Зікірин ғалымдардың шығармаларының
ІНІГЕ НАЗ

Күзгі алманың шырайы қызыл, іші құрт,
Ағаңның бүгін беделін қойдың түсіріп.
Айтарынды айтып алып, інім-ая,
Дос қолынды жүрсің енді ұсынып...

Әдетім жоқ ұсынған қолды қайтарар,
Сосын да сенің көңілің інім жай табар.
Ағаңа әсте наз айттар болсаң қашанда,
Сарайын ашып, көңілің оның байқап ал.

Ойнақтап жүріп ағаңның бастың аяғын,
Білмейміз ғой ертеңің қайда саярын.
Бұйра басында бұйығып жатыр терең ой,
Адасып кеткен шығар деп қана қоямын.

Жауапқа жауап,
жазбай-ақ қойдым мен де өлең,
Кешірім сұрап келдің ғой інім сен менен.
Сыйға – сый, сырға – бал дегендей –
Дос көңілмен мен де саған қол берем!

ЕМХАНАДА

Бейқуат күн үркітіп, шайқасын ба,
Тағдырына тәубендей айтасың да...
Өмір, шіркін, тәттірек сезіледі,
Сырқатпенен адамның айқасында.

Шыққан шының, биігін, асқарың да,
Бәрі өткінші – жырың да, дастаның да.
Үміт жібін тірліктің тыныс қылып,
Пенделікке кешесің қас-қағымда.

Тұннен қажып шығасың, аңсап таңға,
Атақтан да безесің, мансаптан да.
Жүрекке ем – Күн нұры, жырақ сәуле,
Содан қымбат нәрсе жоқ жан сақтарға?!

Ой мұжиді шекенде шымырлатып,
Есте жастық, маҳаббат, шырын бақыт.
Қимас кезде кездескен қиғаш кесел,
Жүргінді жұлқиды шырылдатып...

Тәтті өмірдің тылсымы емес пе кей,
Әлсін-әлсін береді шөл өкшелей.
Ауа жұтқың келеді, көзінді ашып,
Жаңа келген өмірге нәрестедей.

Жаның жүдеп, мәп-мәлдір нұрға шомып,
Айықсан-ақ қалардай бір жасарып...

Сенгеніңмен сен соған, кесел деген,
Тұрғызбасқа тырысып, тұр қасарып.

Бойға оралған сонда бір ой тосында,
Әркім оны өзі өкшеп байқасын да –
Өмір мұлде тәттірек сезіледі-ау,
Ауру менен адамның айқасында.

ҚАЗІРГІ ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ЖАЙЫНДА

Қалмағандай өмірдің басқа мәні,
Күйбің тірлік нарықтан басталады.
Құн кешуге айналдық бүтінде біз,
Құндылыққа көз тігіп ақшадағы.

Бағалар ғой барады өсіп бәрі,
Қымбаттады тірліктің нәсіп қабы.
Дүниені дүрліктіріп күйзеліс,
Саудагерлер жүр баға қосып тағы.

Дән өсірген ел нанға жарымады-ау,
Байшікештер бұлдаиды барын анау.
Мұнай-майдың бағасы барады өсіп,
Диқан жұртты ол дағы тағы қанау.

Қалмаған соң осынау нарықта мән,
Мал дегенің пұл болды шарықтаған.
Қонағыңа қой сойған дейді жұртым:
«Мен енді қазақтықтан қалып барам».

Қымбат бәрі – суың да, отының да,
Сезінеміз шай пұлдың татымын да.
Құн сайынғы көтерілген баға осы,
Қайда барып тірейді ақырында?

Алушыдан бүтінде сатушы көп,
Несие алып, қарызға батушы көп.
Қор жинаиды қайсыбір тоғышарлар,
Жайбаракат мына жұрт жатушы ма ед?

Сондықтан да қант-тұзды қаптап алып.
Бағаға баға қосып жатқаны анық.

Қаншама меморандум жасалса да,
Сенбейтін болып алды датқа халық.

Жасырып, бүтегейікші несіне біз.
Бағаны біз де өзіміз өсіреміз.
Жат жерлік әсіре қызыл нәрсеге әуес,
Жан болдық, құндарап оны есіреміз.

Жанып тұрған жалын ғой нарық деген,
Қалтасы қалың жанды дәріптеген.
Қазіргі қымбатшылық заманында,
Қайшылықты осынау анық көрем.

Жабықтырды көнілді кіреуке бұлт,
Біреу тойып секірсе, біреу тоңып...
Әйтеуір елім аман, жұрт тынышта,
Болсыншы болашаққа тілеу толық.

МАЙДАНГЕР АТАЛАР

Кеуделері самсаған орден еді,
Көрінетін бәрі де зор денелі.
Женіс күніне жеткеніне қуанып,
Жұздерінде нұр ойнап келген еді.

Жоқ болса да майданда көрмегені,
Елге оралып, төрімді бер демеді.
Туган жерді сағынып, ансағаны –
Айыр, күрек ұстайтын еңбек еді.

Болғасын да шығар-ау жер бөбегі,
Енді бейбіт тірлікті жөн көреді.
Жарты жұрттын жалмаған соғыс өрті,
Ауылда қындықты тең бөледі.

Жүдеген жұрттың жайын жөндең еді,
Тұрмыс та түзу жолда дәңгеледі.
Ұлы мақсат жолындағы күресте,
Бір жеңіліп көрген жоқ – ең кемелі!

Тартса-дағы арқалап өрге нені,
Намысты қолдан анық бермегені.
Женіспен елге оралған ағаларым,
Құлашын солай алға сермеп еді.

Көтергені қашанда ел жүгі еді,
Не нәрсеге шыдамды, кең жүрегі.
Тоздырады-ау, біракта, уақыт шіркін,
Майдангерлер қатары селдіреді.

Атқарған талай істі сом білегі,
Ер қадірін туған жер, ел біледі.
Женісті жолды жалғап бара жатыр,
Майдангер ағалардың соңы легі!

ШАРАСЫЗДЫҚ

Болмас тегі реніш пен назасыз мұн,
Қуаныш жоқ,
Жүрекке жара сыйздым.
Шаңырағы шайқалған қайра Елім, –
Тағдырыңа мен сенің мазасызың!

Өтіп жатыр съездер, сессиялар –
Пайдасы жоқ, көнілге еш ұялар.
Одақтасқың келсе де алқа жүртym,

Дауысынды ешкім жоқ ести алар.

Көпірме сөз көл болды, көңірсіді,
Саясатқа қор болған өмір сірі?!

Корқытады халықты белгісіздік
Алда тұрған тағдырың не бір сыны...

Ұлт арасы – дүрдараз, осқырады,
Ел едік-ау жүз ұлттың – дос тұрағы!?

Саясаттың сапырған теңізінде,
Кемемізді қай толқын тасқа үрады?


Енді бізде малшы жоқ, айыршы жоқ,
Жарытпаймыз кенші боп, сауыншы бол.
Өзге жұртқа тіленіп, тілемшілеп –
Күннен-күнге барамыз қайыршы бол!

Көсемдерге жұқпайтын текке мінді,
Қопар мейлі, қопарға өткенінді.
Олар қалай жөндесін көрде жатып,
Өзге адамдар бастаған өткелінді...

Тіршілікті тұп-түгел майдан етіп,
Мен білмеймін – барамыз қайда кетіп?
Берекесіз бос сөзден қарын үрлеп,
Бар әлемді тағы да қайран етіп.

Өтіп жатыр шуы көп санасыз күн,
Көкірекке қонбайды назасыз мұн.
Тағдырыңа қаншама қайысқанмен
Шарасызыбын, Елім-ау, шарасызыбын!

1991 жыл, қаңтар.



АЛМАТАЙДАН КӨШІП КЕЛГЕН АҚЫН

Махаббатқа жеңгізген бар мұратын,
Жүргегінде сырлы жырлар тұнатын.
Ауыл шеті, ағаш үйде тұратын,
Алматыдан көшіп келген бір ақын...

Сүйгені үшін тәрк еткен барлығын,
Лауазымын, атақ, даңқын, ән-жырын.
Ақын деген түсінеді жанды кім,
Тапсырған бір әнші қызға тағдырын.

Алматыдан көшіп келген сол ақын,
Ел танитын Ғалым ақын болатын.
Ауылы оның жырларына қанатын,
Зәуреш апай тамаша әнге салатын.

Қанбайтұғын бұл өмірден татып мың,
Осы еken-ау шырын дәмі бақыттын.
Баянды боп басқа қонған жақұт күн,
Сындарынан сүрінбеді уақыттың.

Жырлы жүрек қайта қонып шабытқа,
Ұшар болса, қанаты оның талып па?
Талантымен жарып шығып жарыққа,
Мұра болар жырлар жазды халыққа.

Тек ауылда тұрды мына дегенмен,
Алдына оның түскендер аз өлеңнен.
«Қырым қызы» туған дарын кемелден,
Елі сүйген құрметіне бөленген.

Махаббатқа жеңгізген бар мұратын,
Жүргегінде сырлы жырлар тұнатын.

Ауыл шеті, ағаш үйде тұратын,
Алматыдан көшіп келген бір ақын...

* * *

Бір ағамыз белгілі,
Мықты дейтін қаламы.
Босап қазір белдігі,
Қиқымдалып барады.

Мүмкін қажып, шаршады,
Болса дағы өзі нар.
Бір жырымен баршаны,
Баурап алған кезі бар.

Бүгін қайда той болса,
Соған өлең арнап жүр.
Пайда табар ой қонса,
Соған жолын жалғап жүр.

Осы ма ел күткені,
Үмітінің солғаны-ай.
Ағамыздың біткені,
Сарай ақын болғаны-ай.

Нала жырдың шебері,
Болып алды бүгінде.
Қайнар сөйтіп кебеді,
Құнар қалмай түбінде.

Ағаға жан ашиды,
Құрта ма деп дарынды.
Сөйтіп көңіл жасиды,
Сындырығасын сағынды.



Тоқтар Зікірин ҚАЗАҚСТАНДА ГЕОГРАФИКАЛЫҚ АСТЫҚАЛАРЫНЫҢ
ТАНУ

Бойға жинап атылар намыс қанды,
Ұрып жығар қашанда алысқанды.
Екпіні зор апайтөс кеудесі емес
Тырнағынан танисың арыстанды.

Айтылатын шындықтың қастер үні,
Жаба алмайды жасырып бас тіріні...
Тікірейген жалы емес, құлағы емес
Азуынан танисың аш бөріні.

Ерік бермей сезімге әр күмәнді,
Тура айтудан қашанда жан жұбанды.
Арбап алған козі емес, өліп-өшіп
У тілінен танисың әбжыланды.

Қанша сиқыр болса да күлкілері,
Табылады құлықтың бір күн емі,
Терісі емес, қып-қызыл көзге түсер
Құйрығынан танисың түлкілерді.

Тізіп қайтем тағы да өзгені мен,
Өмір өзі екшейді безбенімен.
Тану оңай, шіркін-ау, тану оңай
Ал адамды тек қана көздерінен?!

ТӘҢІРДІҢ ТЫЛСЫМ КҮШІ

Болмас сірә,
Ғаламшарға таңғалмай,
Өзегіне от тығылып қалғандай.
Жанартаулар жойқын құшпен
от шашып,

Бұлқынады,
Қорықпай көр, қорғанбай!?
Құрлықта да,
Мұхитта да зілзала,
Қозғалмайтын Артикалық
мұз ғана.

Сілкіністен құрлықта
аман отырған,
Батыс Сібір ойпатында біз ғана.

Қорқыныш бұл,
Қашыратын үйқынды,
Бастан кешкен түсінеді бұл күйді.
Алматыны зәрезап қып бүгінде,
Әлсін-әлсін үш-төрт
балмен сілкиді.

Оқыс жетіп,
опық жейтін талайы,
Тәңірдің бұл тылсым
күші жабайы.

Сілкінің қунамиге ұласқан,
Қорқады одан Тынық мұхит
маңайы.



АҚШ-тың да,
жоқ қой оған амалы,
ара-тұра қағып-сілкіп алады.
Дауылдары таудай
толқын туғызып,
Талай рет долы теңіз сабады.

Ява аралын талқан ете жаздаған,
Індонезияда жапа шеккен аз ба
адам?

Тоғыз балдық,
тіпті одан да жоғары –
Сілкіністер жер қыртысын
қозғаған.

Адыра қап алдын алған
сан шара,
Жапондарға қайғы әкелді
қаншама?!
Қырық жылдай қорқып өмір
сүреді-ау,
Фукусима әзір аман қалса да.

Тылсым Тәңір талай әлі ұсынар,
Тереңінде бұғып жатқан күші бар.
Жердің осы қаһарынан сактасын,
Қатуланса бәрін көкке ұшырап!?

ДАҒДАРЫСҚА АЛДЫРМАЙДЫ ДЕП СЕНЕМ

Жүрген шақта бір ғажайып жалғап іс,
Қол созғанда армандарға алда алыс.
Кейін тартып, тоқыратып тастайтын
Қайдан келген, бұл қай өзі дағдарыс?

Мұхит асып, Батыс шардан жетті ме,
Дәулеті мол Еуропадай тектіге?
Озық елдер қатарына ұмтылған
Қазақ елін шырмамасын деп тіле.

Бастан ұшып кетпес пе екен құт-дәру?
Білмestіктен зәрлі болмақ жұтқан у.
Жаһандық бұл қаржы әлемін бірігіп,
Керек болып отыр енді құтқару.

Батыстағы биржаларда шарықтап
Кеткен баға қайта жатыр арықтап.
Құн түскенде құлқыны зор адамды
Қазба байлық енді қалай жарытпақ?

Кедейлігін көрсетпейтін жасырып,
Кейбіреудің қалды сыры ашылып.
Мәңгі жазға малданып-ақ жүретін,
Қара құрлық жатыр қазір ашығып.

Тұсті баға болатқа да, мысқа да,
Алпауыттар күн кешеді қустана.
Күйзелістің дәл осынау шырмауын
Үзетүғын тек біріккен күш қана.

Болады екен дүйсенбінің «қарасы»,
Қандай жақын бар мен жоқтың арасы?
Миллиардтар желге ұшады қалайша,
Адамзаттың жетпей отыр санасы.

Үміт артып, барлық ісін құптар мың,
Күнде жиын Ұйымында Ұлттардың.
Бірақ одан қайран болмай, әлемді –
Корқытады туатыны жұт халдің.

Сүмдық қой бұл, кім естіген ондайды,
Желге ұшқанның орны оңай толмайды.
АҚШ-тағы президенттің өзі де,
Қаржы сұрап Сенатына қол жайды.

Қаржы ойыннан дейтін пайда табайық,
Акцияны ұстаушылар азайып.
Жүнін жұлған туықтай боп жүдеген
Биржа алаңдан қызық кетті ғажайып.
Ақша – қағаз, алтының да – дәрі емес,
Мұндай кезде болады ғой сан егес.
Жер-жаһанды жаулап алған осы дерпт,
Шүкір, әзір елімізге тән емес!

Таңғалдырған бүкіл дүние әлемін,
Қазақстан, қандай тарлан, дара едің?!
Дағдарысқа алдырмайды деп сенем.
Елбасымдай көрегені бар елім!

БІЗДІҢ ШАҢЫРАҚ ДЕГЕНІ ДҮРЙС МАҒАН

Көп сөздің бермейміз ғой сырына мән,
Екіндімде екшеймін, ұғына алам.
Қарашаңырақ дегенше, шынымды айтсам –
Біздің шаңырақ деген сөз жылы маған!

«Біздің» деген көптікі, көп көңілден,
Бәрімізге бәрі ортақ деп телінген.
Шаңырақтың шырайын келтірейік,
Қосақтамай қараға текке мұлдем?!

Қара деген сөзге осы қарсы жаным,
Тазармайды ал одан аршығаның.
Қара бастың қамына ұқсайтұғын,
Қойыртпақты ойлардан жанышыламын.

Әулетті ардақ, көріп,
Қадап айттық қараны салмақ беріп.
Өйткені шаңырақты күйдіретін,
Ордаңа ойрандаған қалмақ келіп?..

Күйген жерде күйінді күл қалады,
Қаралы қара сөздің бұл да мәні?!
Қарашаңырақ сияқты көрінетін,
Күлден қайта тірілген құндақ әні...

Қойнауынан тарихтың алыстағы,
Содан шығар мәнгілік жабысқаны?!

Тиіп кетсен, тіліңе оралатын,
Бізден бұл сөз бір елі қалыспады!

Көп сөздің бермейміз ғой сырына мән,
Екіндімде екшемін, ұғына алам.
Қарашаңырақ дегенше, шынымды айтсам –
Біздің шаңырақ деген сөз жылы маған!

ЖЕМҚОРЛЫҚ ШЫРМАУЫҒЫ

Күпірлік қой, көбейді астамшылық,
Қайда барсаң – күбі сөз мақтаншылық.
Безіп кеткің келеді бұл қоғамнан,
Жемқорлыққа белінен батқан шылық...

Құтыларсың алайда қайда қашып,
Алшысынан тұрмайды тайған асық?!

Жымысқы ойлар жабысып жібермейді,
Жен үшынан жалғасып, май жаласып...

Теңелетін жылдыммен, құрдымменен,
Болса-дағы ым-жымды білдіргемеген.
Нысабы жоқ, ұлып жатқан іштегі,
Тойымсыз фой, тойымсыз ындың деген?!

Бәрі де осы бас қамы бақпаншылық,
Дей тұрганмен, көбейген астамшылық.
Жұмырымен жұтылып жатса дағы,
Байқалмайды ешкімге батқан шыбық.

Ендең кеткен жазуға ел кеселін,
Таба алмаймыз бүгінде емге себін.
Тоғышарлар тайраңдап төрге шықты,
Көзбен оны көрмесең – сенбес едің?!!

Өмірдің түзететін бұл ағатын,
Күн та ма бәрінен сұралатын?
Шырмалған шырмауықтан сонда ғана,
Шыға алатын боламыз, шыға алатын!

ТІРЛІКТІҢ СЫЗЫҒЫ

Құлазыған кейде бір күйге енесін,
Қапа-мұңға сөйтіп те үйренесін.
Отқа күйген ормандай жұтап қалған,
Қыын екен достарың сирегесін.

Отыратын көгалда малдас құрып,
Табылмайтын осы құн жолдасты ұмыт.
Үры түскен құрттай боп бойдағы індет,
Алып жықты көбісін жамбасқа ұрып.

Алпыс жастың бер жағы, ар жағынан,
Тәнірім, терең болды-ау, қазған ұран.
Асылық та болмасын, Құдай берген –
Аса алмаймыз тағдырдың жазғанынан.

Шеңбері бар, тірліктің сыйығы бар,
Жазып қойған Тәнірдің құзыры нар.
Жарық құнді қимайтын пендесінің,
Тылсым сыры осы ғой біз ұғынар.

Көрер таңды алдағы қылып тәубе,
Асау өмір көндікті-ау құрықтауға.
Үркердейін азайып қалғандықтан,
Қажеті не сақалды қылып сауда?!

Қалмаған соң лаулатып, маздатарың,
Ерте атқаны не пайда жазда таңың?!

Өткіншісін өмірдің еске салып,
Сиреп бүгін барады өз қатарың.

Жоғалатын күні ертең ізі құмда,
Өткен шаққа ұқсаймыз біз ұғымда.
Тәнір берген тауысар Күн жарығын,
Тұрмыз енді тірліктің сзығында!..

ЖАРАТҚАНЫМ, КЕШІР МЕНІ!

Бес уақыт жаяр жайнамазым жоқ,
Сайтанның сейілте алмай ойда азабын көп:
Өзімше мұсылман саналғаныммен,
Тым болмаса бір аят та оқи алмай,
Құран сөзін кеудеме тоқи алмай,
Діннен мұлде хабарым болмай,
Қорқытады қаларым қандай –
Дүмшелеу жай қазағың бол?!

Кешір мені, кешіре алсаң – Жаратқаным,
Осылайша тірі азаптамын!
Шығар шақта жанымның есіл демі,
Тілімнің дей көрмеші шешілгені?!

Жоқ, келеді тазарып, аршылғым,
Несерімен көз жасы тамшымның –
Санамды серпілтер өзгерісті,
Көп күтіп сарсылдым?!

Өткен күндер қандай бұл кесірлі еді,
Жадымнан жабы ойларды өшірмеді...
Намазға жаңа жығылған жеткіншектер,
Менен ғой көш ілгері...

Жаратқаным,
Жар ием, кешір мені!!!

ШИРЫФУ

Құс қанаты талған шығар қиялдың,
Сөз інжуін енді қайтіп жиярмын?
Жазғандарым – жүргегімнен шықпады-ау,
Тірі жүріп, жер басуға ұялдым...

Сезім – селдің толқынына тұншықтым,
Құрсауынан шыға алмадым қырсықтың.
Бұрынғыдай лаулап жана алғам жоқ,
Жанға мұңлы пілте шамды бықсыттым.

Көңіл өзі құлазыған тұз дейін,
Тұман кешіп тұнығымды іздеймін.
Керек шығар осындаидай да ілкім сәт –
Оралғанда аңсап келіп біз кейін?!...

Ширығу ма, тоқырау ма, әлде бұл –
Балана ма басқашалау мәнге бір?
Десем дағы, енді тола қоймастай,
Мұлде ортайып қалған қаяу қам көңіл?!

Осы сәтте жан күйімді біле бер,
Жетер болса, айтар сөзім тіл егер:
Құлден шыққан Құлшеқұстай тіріліп,
Муза Тәнір, сен езілме, түрегел!!!

МАЙДАНГЕРЛЕР – МЫҚТЫЛАР

Ардагерлер,
Өшпейді естен алыстағы от күндер,
Жеңіс туын желбіретіп, Берлинге де жеттіңдер.
Қанды қырғын соғыстан аман қайтқан ерлерім,
Уақыт мұжіп барады-ау, тым азайып кеттіңдер...

Оралғанда елге аман, бәрің бір-бір бөрі едін,
Айтсын оны өмірдегі барлығына төре күн.
Соғыстан соң ауылдың бойына қан жүгірткен,
Еңбектерінді женістің жалғасындаі көремін.

Танкі мінген тарландар тракторға отырып,
Тыңға түрен салғаны – өзі бір ерлік тақырып.
Зұлмат соғыс зардабын көріп өскен үрпақпыз –
Шолақ аяқ, шолақ қол ұстаздардан оқыдық.

Өздеріңмен ауылдың қайта кіріп ажары,
Гүлденгенін көрдік біз, оны тарих жазады.
Жеңіс қандай керемет, Жеңіс қандай өміршешен,
Күлкісіне көмілген балалы үйдің базары.
Бейбіт күнде жатқасын ерліктерің жаңғырып,
Өлмейтіндегі көруші ек өздеріңді мәңгілік.
Ер кіндікті жарты жұрт кеткендей-ақ сендерге,
Қара тасқа қашалған аманатын қалдырып.

Мықты едіңдер, майдангерлер,
оқ пен отты кешкендер –
Әлі дағы өмір-жүктің қамыт-бауын шешпендер.
Соңғы демі қалғанша шебін бермес сарбаздар,
Сендерге ғой қарыздар бейбіт күнде өскендер!



КЕШІР БІЗДІ, БОЗДАҚТАР!

Кешір бізді боздақтар,

Сталиндік мұндықтар,

Әлі күнге тарихта бұққан талай сүмдық бар.

Аша алмады пердесін сәл-пәл түскен жылмықтар,

Көкірекке кептелген запыранды кім құптар?

Сол екен-ау заманның бүлінгені, азғаны,

Адамдағы ардың да құны қалмай тозғаны.

Құрбан болып елімнің талай арыс боздағы,

Бабаларым салған із жоғала ғой жаздады.

Күні туып залымның зәрені алды қамақ күн,

Жала жауып адалға, Сібірге айдал қаматтың...

Шыңғыртып қой шығарған жан дауысын азаптың,

Деген сөз бар: «Қазақقا – жау болды өзі қазақтың».

Расы солай, қайтейік, бірін-бірі айдатқан,

Қазақ осы шіркін-ау сорын өзі қайнатқан.

«Тыңшысы етіп жапонның» тілін бұрап сайратқан,

Итжеккенге жіберді ел баласын қой баққан.

Шоқпарының қадасына сай болғанын қараши,

Жазылмайды ешқашан Голощекин жарасы.

Жанға батқан күйелі нақақ сөз бен жаласы,

Қан түкірді кең-байтақ бүкіл қазақ даласы.

Алдындағы аштықтан есін дұрыс жия алмай,

Жүрген осы халықты садақа етер ұялмай –

Қандай оның жазығы болды екен деп қиярдай,

Қойылатын сұрақ көп, ақылға бұл сияр ма-ай??

Toқтар Зікірин

Бастан кештік, қайтейік, замананың құзғынын,
Жоғалтты ғой халқымыз талай ардақ ұл-қызын.

Түркі әлемі таныған асқақ жырын, ізгі үнін,
Арманда осы кетті ғой, қайран Мағжан жүлдізым?!

Қанша жылдар өтсе де сезіледі-ау ызғары,
Жібімейді жүректе қатқан тоңы, мұздары.
Пешенеге жазылған тағдырдың бұл сызғаны,
Өшпейтіндей санадан қалды терең із дағы...

Қазір елде тыныштық, берекелі бірлік бар,
Болашақтың тірегі болсын дейік бұл құптар.
Енді ашыла бастады өмірдегі шындықтар,
Кешір бізді, боздақтар, Сталиндік мұңлықтар?!!

МӘҢГҮРТКЕ

Ана тілді сен игерे алмадың –
Орысшаға ауып кеткен талғамың.
Әкең – қазақ, шешең – қазақ бейшара,
Олар тістеп өткен болар бармағын?!

Тілді білмей, дінді ұмыттың десек те,
Қазақ болып қосылғанмен есепке.
Ұлтың үшін көк тиындық құның жоқ,
Сен өзінді мәңгүртпін деп есепте!

Сенсіз де осы ана тілім асылым,
Жасар, жасар әлі талай ғасырын.
Ертең қазақ ел болғанда іргелі,
Сені қайда қосар екен, масылым?

Намысында шырпы жанбас шірігім,
Сен осылай ұлтың үшін құрыдың.
Ана тіл мен иманы жоқ адамды,
Сыртқа итеріп тастайды ертең Ұлы күн.

Ана тілін, ана сүтін тәрік қып,
Жүрген сенде жөнсіздікке қанықтық.
Өз елінде өзінді өгей ететін,
Өмірдегі осы болар ғарыптық?!

АНА ТІЛГЕ ЕҢ БИІК ТҰҒЫР КЕРЕК

Айтып, айтып қажыдық тілді көп бұл,
Жалаң сөзден бос қарын ұлгілеп құр.
Ана тілім тынысы ашылмаған,
Көкіректі әлі де тілгілеп тұр...

Қосақталған тілге ерген есі қалмай,
Шыға алады белеске көші қандай?
Күрмелек де береді-ау әлі күнге,
Өз елінің төрінде шешіле алмай.

Көп жағдайда әлі де тайқы бағы,
Жанбай қойды-ау деген бұл ой тұрады.
Парламенттің өзінде жиындардың,
Бісмілләсі-ақ қазақша айтылады.

Мұсіркеген боламыз көз ілмей құр,
Мәртебесі тілімнің сезілмей жүр.
Қашан сөйлер екен деп армандаймыз,
Жұрттың бәрі Елбасым өзіндей бұл!

Қате түзе, бәрін де көшір мейлі,
Науқандармен ештеңе шешілмейді.
Бірен-саран бөтен ұлт өкілдері,
сайрағаннан қазақ тіл көсілмейді.

Қастерлейтін ардақтап ұғымда ерек,
Елім үшін орыны мұның бөлек.
Мәртебесін көтерер мәңгілікке,
Ана тілге ең биік тұғыр керек!

КҮНШІЛДІК ТУРАЛЫ

Тұнығынан терер лайды,
Күншілдік-ай өмірдегі.
Кейбіреулер көре алмайды,
Басар болсаң сен ілгері.

Орын алсаң төрден ерен,
Қарғысы көп, алғысы жоқ.
Озып кетсең, көлдененен
Тұрады ылғи шалғысы кеп.

Іштарлықты қалайсың ба,
Кеулеп кеткен бұл әлемді?
Батыраштар азайсын ба,
Жолдан тосқан Құлагерді?!
Көре алмаған, қызған іштің –
пәлесі көп жала қылған.
Қызыл иті қызғаныштың
Қабады кеп балағынан.



Адалдықтың жақтасы бар,
дей тұрғанмен, біз түнілген –
Ауыр соққы жоқ та шығар,
Күншілдердің күнкілінен!?!?

ТІЛШІ БОЛДЫМ ДЕГЕНШЕ...

Күні-түні бітпейтін бір жұмысы,
Үнпарағым өмірдің ғой тынысы.
Газеттегі тілші болдым дегенше,
Жансебіл жан болдым деу ғой дұрысы?!

Әркім өзі білсе дағы өресін,
Жасырмайды қалауы бар дәмесін.
Менің үшін атақ-даңқың көк тыын,
Тек Мағжанның аруағы жебесін.

Керек емес төрің дағы, тағың да,
Қалам болса, болды менің қолымда.
Жазғанымнан тірі күнде бездірер,
Дақ қалмаса еken деймін жанымда?!

Сүріндіре жаздаса да алда өмір,
Міnezім бар жағынбайтын жанға бір.
Табынарым – жарық дүние, Күн көзі,
Төгетұғын жүргегіме таңда нұр.

Жазары мол, жаңалықты парағым –
Газетімнен тынысымды аламын.
Көк жусанның иісін одан іздеймін,
Ұлы болып тугасын да даланың?!

Солтүстігім – менің байтақ аймағым,
Қазағымның бұзбай келген қаймағын.
Манғайыма басқан арда газеттің,
Мерейтойын талай рет тойладым.

Бірге өткізген жастық шақтың от күнін,
Газетімде қуанышым, шаттығым.
Осы жырым болсын соған бір белгі,
Көңілімнің білдіретін ақтығын!

ӨКПЕ ЖОҚ

Туламайды деп бүгінде сөкпе көп,
Жаңып біткен жүрекке ғой өкпе жоқ.
Күз жеткенде жапырағын ұшырып,
Кәрі терек қалай қайта көктемек?

Жемірілген жағалаудай толқынға,
Тосқауыл боп тұра алмайсың, алқынба!
Тұбінде бір жығылу бар тұра алмас,
Өмір сұру деген адам шартында?!!

Құйылардай жыр буганмен төкпелеп,
Қазір оған шабыт тілер өкпе жоқ.
Ақын болу қолдан мүмкін келсе де,
Адам болып қалу одан көп бөлек!!!

Тәнірінен тілеп осы бойға нұр,
Соңғы дәптер қалдыру ғой ойда жүр.
Сөнсөн енді мәңгілікке сөнесің,
Жанартаудай қайта жану қайда бұл?!!

СОНҚЫ НҮКТЕ

Болмағанмен қорқыныш, түктеме ойда,
Тәубе етемін батқан Күн, біткен айға...
Білмеймін ғой бірақ та, білмеймін-ау,
Ең ақырғы, ең соңғы нүктे қайда?

Ұшқыр уақыт, талап жеп ғасырымды,
Зымырандай зулайды осы күнгі.
Ханталапай ойыннан күнде ұтылам,
Баладаймын – жоғалтқан асығымды.

Аспаннан жұлдыз ағып, жауады кеп,
Бітпейтін бұл тірліктің сауалы көп.
Бақыт іздей беремін әлі күнге,
Бірақтағы, ал соның – жауабы жоқ.

Жүректегі жансерік, жырым менің,
Сен де аяусыз, жанымды тілімдедің.
Сүйіп жаздым,
Кейде осы күйіп жаздым,
жоқ сияқты, япырмай, бірінде мін.

Дос азайды, қатары селдіреді,
Жан жетер ме,
Оларға кең жүрегі?
Шығара ма төріне, танымайтын
Балалары ауылдың енді мені?!

Осы ма екен,
Өмірде інір деген,
Түқ бар ма, түбінде сүрінбеген?

Шөлдеп келіп,
Суы жоқ қаңсып қалған,
Шыңыраудың шіркін-ау түбін көрем?!

Бірде бізді Тәнірім қайырады,
Қара жер де қайыспас ойылады.
Батқан күнді,
Тауысып біткен айды,
Соңғы нұкте өмірде қойылады!..

ШЕГІНУГЕ БОЛМАЙДЫ

Алға адымдаپ, кейін кету өзі күш,
Оның аты – өмірдегі шегініс.
Аттап еніп, тағы артына қарайлау,
Бүгін бізге болды таныс көрініс.

Сүрінсөң де керек осы құламау,
Мықтылық қой, жылар жерде жыламау?!
От тұтатып, жағып алған жақсы ғой,
Көкіректе сөнбей қалса бір алау...

Орындалса арман ойың, маздағың –
Онда сенің алға басып озғаның.
Ал, тыптырап бір орында қалғанмен,
Шегініс бұл жоғалтпайды өз мәнін.

Баспағасын қол созымға ұмтылып,
Алғысы кеп тұрар тағдыр ықтышып.
Кейін кетер шегініске жол бермей,
Алға басып құлау да осы мықтылық!

Жабысқақшыл жаман ойлар желімдеу,
Келетінін болмас және тегін деу?
Басқан ізді қайта баспас үшін де,
Керек екен, керек мұлде шегінбеу!!

ТЕРІСКЕЙЛІК ДЕГЕНГЕ КЕЛІСПЕЙМІН

Ұлы десе мені осы теріскейдің,
Жаным тірі түрғанда келіспеймін.
Сібірлік де, Солтүстік өнірден де,
Өзге сөзге көнбеймін, беріспеймін?!

Жақпайтын сөз жаныма теріс деген,
Терістікті өзіме кеміс көрем.
Теріс басқым келмейді бұл өмірде,
Көзге түскім келеді оң іспенен.

Шымбайыма бататын мәні жаман,
Осы сөзден әзірге жаным аман.
Тіршілікте қайтемін теріс жүріп,
Оң жағынан өмірдің таныла алам!

Мұндай атау бізге бұл келіспейді,
Білмеймін, кім тауып жүр теріскейді?
Ақ қайыңдар өлкесін, дән ордасын,
Ең алдымен жайқалған егіс дейді.

Астарында қомсыну, зілі бардай,
Тақ-түқ етіп айтылар түрі қандай?
Теріскейді санамыздан өшіріп,
Түп орнымен болмайды жұлып алмай?!

Дүниенің оны мен терісі бар,
Жер шарының тартылыс өрісі бар.
Оған қарап бөліну – тұрпайылық,
Достық дұрыс болады қол ұсына!

ДОЛАЙНОР

Аумағы үлкен алатұғын талай жер,
Қоныс тапқан қорығына санайды ел.
Үш мемлекет шекарасында түйіскен,
Қамысты көл – жыңғыл жаға Долайнор!

Ресейден де, Қытайдан да тым алыс,
Құйып жатқан өзені жоқ бір ағыс.
Көлдің дені, шалқып жатқан шалқары,
Монголдарға тиесілі мұра күш?!

Ононнан да, Амурдан да бүрмалау,
Мұнда бір кез хан шатыры тұрған-ау?
Білмейміз біз, біле алмаймыз бірақта –
Қалай осы жасалғанын бұл қалау?!

Тұмажұнді айдарынан жел ескең,
Сөз бар екен көл жанында деп өскең.
Алғаш оның тұмен бастар жорығы,
Басталыпты осындағы кеңестен.

Ат тұяғы шиырлаған маңайын,
Жау бол тиген алған қытай сазайын.
Долайнорды, сұы шалқар ну жерді,
Ұлы ханның ордасына балайым!

Бұрып алар дәрмен таппай қай жақ бір,
Бүтіндері жабық жатқан аймақ бұл.
Шекаралары түйіскен жер – тыныштық,
Долайнордың табиғаты жайнап тұр.

Қырат-белдер бөліп берген еңісін,
Ақпа сулары толтырады кемісін.
Құдай Ханның қарғысынан сақтасын,
Көзге ілінбей жатқан осы жері үшін?!!

ШІРІГЕН ЖҰМЫРТҚА

Итің өлген қызғаныш ішіндеңі,
Адамдықтан айырап түсін мені.
Пүшпағына өмірдің жеткізбейді,
Жұтылғаны көмейден, ішілгені...

Білемін ғой мен сенің талғамынды,
жақсы көрер бергеннен алғанынды.
Дос-жараның бұрынғы безіп кетіп,
Тістеп бірде қаларсың бармағынды.

Кеулең кеткен жанынды не жын кебі,
Ұнамайды ғайбатшыл сөзің көбі.
Қол көтеріп, балағат тілің тиген,
Жарың байғұс қандай бұл төзімді еді?

Бойындағы ең үлкен басты мінің –
Жоқ біреуге жасаған жақсылығың.
Жұрт жиылған жерлердің шырқын бұзып,
Көзге түсіп тұрады жат қылышың?!



Ат түяққа жараспас сынық таға,
Жүрмейсің бе, ішінен тынып қана?
Қалды саған көnlім, шынымды айтсам –
Санаймын шіріген бір жұмыртқаға!

МҰНАЙ БАҒАСЫ

Меже болар берерімге, алымға,
Мұнай бағасы жетпіс доллар маңында.
Ол үнемі бақылауға қойылған,
ОПЕК-ке бұл мүше елдері жағында.

Үдей ағып тұратұғын ұдайым,
Таяу Шығыстың тежеу қын мұнайын.
Оның қасында біз өндірген түк емес,
Бұза алмайды құн нарығы шырайын!

Бұл жағынан мықты Ресей теріскей,
Солтүстігі көршіміздің кеніш қой.
Мұнай өндіру мәселесі бойынша,
Голландықтар да қоймас, сірә, беріспей?!

Иран ептең тығыр көріп, кешікті –
Пайдалана алмай өзіндегі несіпті.
Американың айтқанымен жүрмей-ақ,
Осы жайды бүгінде олар шешіпті.

Тас құдайлар жіберді ме қарғап тым,
Құні құрсын Шам елінің, Бағдаттың?!
Мұнайымен молшылықта малынған,
Тәңір неге енді оларды сорлаттың?

Жаратқаным жөнге салып бәрін құт,
Гүлденіп тұр Біріккен Арап Әмірлік.
Арандатып жүрген бірақ көршісін,
Құлығы бар оның бірлі-жарымдық.

Мұнай елдері жағдайы ғой осындай,
Кенеттен бір кезікпесе тосын жай?!
АҚШ кейде шырқын бұзып кетеді,
Сланстік газыменен жасырмай.

Бірталай жыл бір шамада тұрағы,
Мұнай бағасы ептеп өсіп, сынады...
ОПЕК оған секіріске жол бермей,
Қашанғы бұл қорғаныста тұрады?!!

ҚАБЫРҒАСЫ ЖЫЛАП ТҮР

Соғыс өрті бықсып жатқан бұл күні,
Таяу Шығыс барлық діннің кіндігі.
Бөлісе алмай тұрғаны да сондықтан,
Иерусалимдей орталықты, құндыны.

Сіңіп кеткен қазір тарих сағымға,
Онда бар ғой жылап түрған қабырға.
Қолы тиғен пайғамбардың өзінің,
Кіндік кесіп, көзін ашқан шағында.

Арасынан ымыра сөз тауып бір,
Бүгін қалай түзе оны, сауықтыр –
Яхудалар мен арабтарды қоса алмас,
Таяу Шығыс төніп тұрган қауіп бұл?!

Онсыз дағы шыққан астанқ-кестені,
Таяу Шығыс нені бастан кешпеді?
Оған тағы шырпы жағар сияқты,
Америкалық елшіліктің көшкені.

Басып алған бұрын Голланд биігін,
Шешу қын мұндағы дау түйінін.
Иерусалимді яхудаға сый ету,
Тудырады ашу-ыза құйынын.

Артығы жоқ шығар мүмкін сабырдан,
Құн туғанша ортақ шешім табылған.
Адамзатқа тілейді ғой тыныштық,
Жиырма ғасыр жылап тұрған ҚАБЫРҒА!!

ГАЗА АЙМАҒЫ ДҮРБЕЛЕҢ

Тұп-төркінін сөз етсек те аздап бұл,
Тереңінен болмайды оның қозғап сыр.
Бітіспейтін даудан осы тынышсыз,
Газа аймағы жанып кете жаздал тұр...

Таяу Шығыс көзден жасы жосалы,
Қан кешіп жүр, қайда бірақ қашады?
Шешілмейтін түйін болып тұр қын,
Иерусалимдегі барлық діндер ошағы.

Палестина мен Яхудаға мұралы,
Көне қала тағы керіс құралы.
Жыл санаудан бұрын тұған бұл даудың,
Белгісіз ғой қашан бітіп, тынары?!

Мындаған жыл жылап тұрған қабырға,
Шақыра алмай отыр жүртты сабырға.
Біріккен Үлттар Ұйымында дәрмен жоқ,
Дін бесігін бермейтүғын жалынга.

Жандырғандай үлпілдегін құрақтың,
От тастау ғой әрекеті Трамптың?!
Таяу Шығыс кек ашуы кернеген,
Ашындырсаң лап етеді бір-ақ күн!

Яхудаға керегі де ол емес,
Тыныштыққа бастамайды ерегес.
Жаппай жойқын қырғынға ертең тірейді,
Бұгіндері тас лақтырған төбелес.

Америка білмейді емес, біліп тұр,
Қасақана жасалатын қылық бұл.
Елшілігін Иерусалимге көшіріп,
Арабтарды Яхудаға жығып тұр...

Бұл дегенің арабтарды алалау,
Палестинаға пысқырып та қарамай.
Сондықтан да Газа аймағы дүрбелең,
Бірте-бірте отқа айналып бара ма-ау??

СЕНБЕЙ ЖУРМІН

Арулардың күйдірген от деміне,
Оралмайтын жастық шақ көктеміне,
Жігіттіктің жылыстап кеткені ме,
Кәрі бура шынымен шөккені де...

Ғашық жырлар жазылмай дәптеріме,
Уайым ойға кетіппін көп беріле.
Қанып жұтып не керек оттегіне,
Ұлып қалған далада көк бөріге?

Мазалаған мансапты дерт мені де,
Ермей аман қалыптын ерткеніне.
Қуанамын ақын боп кеткеніме,
Қанат байлап қиялдың кептеріне.

Күзім жетіп, сарғайды шөп те міне,
Өкінбеймін алаңдап өткеніме.
Сағынышты жастықтың көк беліне,
Тәубе етемін нөсер жыр төккеніме?!

Баянды өмір баураған бөктеріне,
Тәңір кілті аспанда, көктегіде...
Үйрене алмай құпілі шекпеніне,
Сенбей жүрмін жетпіске жеткеніме!

ҮЙСІЗ-КҮЙСІЗ МУСКІНДЕР

Үй-күйі жоқ,
Тұрагы да белгісіз,
Құн көретіндер барына адам сенгісіз?!

Жаны олардың сірі екен деп ойлайсын,
Паналяған құбыр астын,
Жерді сым.

Кейде қыста тауып жылу құдығын,
Паналамасаң –
Қатып өлдің,
Құрыдың.
Темір қақпақ астындағы қуыста,
Қайсыбірі алады көз шырымын.

Үйлердегі кірер дәліз кілттенді,
Бөгде жанды жолатпайды жүрт та енді.
Бұрынғыдай мұсіркейтін ешкім жоқ,
Жаратпайды,
Жек көреді,
Сырт берді...

Жеркенеді,
Жек көреді «БОМЖ»-деп,
Ұсқынында адам санар негіз жоқ.
Қоқыс орындарын жатқандары қопарып,
Шыныменен кеткендей ғой доңыз боп?!

Мұскіндердің таусылғаны,
Тозғаны,
Осы шығар,

Жеркенішті қозғады.
Қарап тұрып,
Қара жерге енесін,
Жаман екен адамның бұл азғаны?

БАЛ НЕМЕРЕ СҮЙГІЗДІН

Гүлдене бер жайып бақ,
Бақыт күлкін төғілсін.
Құлыныма лайықтап,
Құдай берген келінсің?!

Гүлді әлемді көзіңе,
Жиып берсек несі мін?
Жарасып тұр өзіңе,
Гүлжиһандай есімің.

Көптен ерек былайғы,
Көзге түскен бұл күні.
Сенің қалқам ұнайды,
Етіңнің ғой тірлігі.

Тәубе дейік Тәңірге,
Өзіндей келін көкседік.
Болып жүрсің өмірде,
Жалғыз ұлға жансерік.

Жеттік сөйтіп тілекке,
Жанымызға құйған нәр.
Ұялаган жүректе,
Иманың мен ибаң бар.

Мерейге мерей қосасың,
Алып жұрттың алғысын.
Ата-анаңа тосасың,
Дастарқанның дәмдісін?!

Құтты келін атандың,
Бал немере сүйгіздің.
Сөйтіп, қалқам, атаңның,
Төбесін көкке тигіздің!

АМАН ТУШЫ, АҚБОТАМ

Көптен күткен туар деймін немерем,
Немереммен мен, әрине, көгерем.
Атқа мінер ер кіндігім келгенде
Ата болып оған осы не берем?

Азан айтып есім берем елге ұнар,
Өз атымды тегі етемін тел қылар.
Шілдехана той өткізіп беремін,
Ақ тілекпен дастарқаның көл қылар.

Ағайынды бір осылай тойлатам,
Қуанғанда қалай шыдап жай жатам?
Анашыңың жаны қалсын деймін гой,
Аман болып, тусаң екен ой, ботам!

УІЛДЕТТИҢ ҮЙІМДІ

Ұғасың ба күйімді,
Маған бақыт бұйырды.
Жібердің ғой, құлыным,
Үілдетіп үйімді.

Сөйлемейсің, бірақ та –
Үілің бар құлақта.
Тәнірімнен тілеймін,
Деп өзіңді жылатпа?!

Үілдей бер, гулей бер,
Бәйшешектей гүлдей бер!
Қуанышқа кенелткен,
Сен екенін білмей ме ел?!

Сені көптен тостық қой,
Иіскетсөнші қаңсытпай.
Аңқамызды қандырған –
Екі шекен торсықтай.

Үрпағыма сүйінген,
Осы шаттық күйіммен,
Жаным байыз табады,
Үйімдегі уілден!

ТҮҢҚЫШ НЕМЕРЕМЕ

Туғанда түңқыш немерем,
Кең дүниеге тырбанып.
Қуаныш еді-ау не деген,
Кетті ғой жаным нұрланып.

Аңсатқан туды-ау құлыным,
Құдайым берді-ау Арланды.
Менің де сөйтіп ғұмырым,
Болашаққа енді жалғанды.

Жеті атадан жалғызын,
Жалғыз-ақ ұлға әке едім.
Үзілмейтіндей мәнгі іздің,
Мен дағы білдім не екенін.

Үзілмес енді тірлігім,
Жасарып қайта кеттім мен.
Тілемейді, сірә, ұлды кім,
Ізбасар түяқ деп білген?!

Қанатын қағар құстаймын,
Толысып қүшім, дәрменім.
Тізгінін аттың ұстайтын,
Арланым енді бар менің.

Екеу болды ғой бір ұлым,
Көшім бар жолда қалмайтын.
Аман болсыншы құлыным,
Атаның жолын жалғайтын!

* * *

Сенсің менің өзегім,
Балқұрағым көктеген.
Мейірінді сеземін,
Жүректегі тәтті өлең.

Менің мәуе бағымда,
Тәтті өлеңге айналдың.
Құлдыраңдап жанымда,
Жүре берші, жайдарлыым.

Қуанамын мәз болып,
Қызықты ғой қылығың.
Жаныма мәңгі жаз қонып,
Құйылды шабыт тұнығым.

Бөледім сені өлеңге,
Жыр толқында тербедім.
Қайнарың туласп теренде,
Көгіне құлаш сермегің.

* * *

Жаздыртпасын неге өлең,
Басыма қонған бақ құсым,
Сүйікті Арлан немерем,
Сен маған сондай тәттісің.

Жаныма сондай жақынсың,
Аталаған тілің бал.
Ізімді жалғап отырсың,
Байлығым сенсің бүтін бар.



Жүргім тұрар үзіліп,
Пейілім барын білесің.
Атаңың келіп жүгіріп,
Құшағына кіресің.

Шат құлкінді сыйладын,
Екеу болды бір ұлым.
Өмірден іркіп жиғаным,
Сенікі бәрі құлыным.

Берсең шашып төкпей бер,
Тәңірім, саған жалынам.
Арланым, өсіп, көктей бер,
Атаңың абат бағынан.

НЕМЕРЕМЕ АРНАЙМЫН

Дәптердегі сырымды,
Ұға алады алда кім?
Оған жазған жырымды,
Немереме арнадым!

Жалғыз ұлға жар Құдай,
Ұзақ ғұмыр берсін де?!

Өріс болар жанға ұдай,
Көбелегі ерсін де...

Көбелегі – Күн нұрым,
Шаңырағым тірегі!
Соңымдағы бұл құлын,
Жаныма еріп жүреді.

Күннен-күнге желкілдеп,
Келеді өсіп тентегім.
Сұймеуге оны еркім жок,
Өзегімдегі өркенім!

Немереме керегі,
Болса тауып берейін.
Құйғым оған келеді,
Жүргімнің мерейін.

Бала базар – балдай күн,
Қызығына қуәмін.
Арланыма арнаймын,
Жырымның бар шуағын!

АТАЛАҒАН ТІЛІ БАЛ

Қуанбайын неге мен,
Жалғасты ғой ғұмырым?!
Келеді өсіп немерем,
Ойнақтаған құлыным!

Еркелете беремін,
Жаныма ерген еркемді.
Тебірентіп тереңді,
Жаным оған өртенді...

Әсіреле, қазіргі
Аталаған тілі бал.
Жадыратып жазымды,
Жүретінін біліп ал?!



Бірге онымен құлемін,
Бала болып ойнаймын.
Шаттанады жүрегім,
Қызығына тоймаймын.

Бары жақсы-ау баланың,
Алар алда кезегін?!
Немеремнен табамын,
Ендіп өмір өзегін!

ЖАЛҒАСЫМ БАР

Тәңір қандай жомарт едің, береген,
Немеремнің шуағына бөленем.
Жүрегіме жырлы көктем оралып,
Қайта көктеп сала берді-ау қара емен.

Көптен күтіп жүрген нөсер жаңбырды,
Қара еменнің тамырына нәр кірді.
Бақшасында қайта құсын сайратқан,
Бақытыма балаймын ғой тағдырды.

Өніп шықты көк өскінім, бүршігім,
Тағдырыма алғыс айттар бұл шыным.
Енді менің жалғасым бар мәңгілік,
Тоқтатпайтын жүрегімнің дүрсілін.


ОЙНА, ЖАНЫМ!

Құлдыраңдап,
Ойын соғар кезінде,
Қатаң тыйым,
Шектеу барын сезінбе!
Тыйышсызыдау көрінсөң де мейілі,
Тентектіктің тәттілік бар өзінде.

Кеңі берсін көкжиегін,
Шеңберің,
Ойна жаным,
Құлашыңды сермегін.
Атаңың да есінде бұл қалады,
Бұлан қағып,
Беске осылай келгенің...

Ойнай берші,
Ойна, жаным,
Шаршама –
Жылы жерді,
Үйді тіпті аңсама!
Тәңір саған тыныштығын беріп тұр,
Балалықтан
Бал татпағандар қаншама?!

Сыртқа шығып,
Сені ойнатпау бір түрлі,
Жараспайды –
Біздей шалға бұл күнгі.
Төбем менің көкке тиіп тұрады,
Жүрсөң ойнап,
Төгіп күміс күлкінді!



ОРТАМЫЗДА ЕРКЕ ЛАҚ

Кіреп ақыл, сосын ой,
Асыр салар бұл жасы.
Ерке кезі осы ғой,
Зекімеші, үрмашы?!

Немереме тимеші,
Тентек емес әй, тегі?
Тәрбиені үйдегі,
Бізге берсөң қайтеді.

Бұлдірген жоқ ештеңе,
Сынса сынсын бір ыдыс.
Алып жүрер еске де,
Бәрі жақсы құбылыс.

Тыйым салма, шектеме,
Балалыққа бер ерік.
Еркелігін көп деме,
Қызығын ғой көрелік.

Жалғыз жүзіп шаршама,
Біз де бармыз кемеде.
Ұл сенікі болса да,
Менікі ғой немере??

Келініме осындей,
Ой жеткіздім жорталап...
Жүрсін деймін шошынбай,
Ортамызда ерке лақ!

АУЫЛДЫҢ МҰҢЫ АРЫЛМАС

АУЫЛДЫ САҒЫНУ

Сенсең мені бір сағыныш басып жүр,
Ашып айттар ақиқатым, расым бұл.
Іздейді екен, аңсайды екен даласын,
Қырықта да, қырма сақал жасында Үл.

Ойлайды екен ойын бөлген бал шағын,
Көкіректе көк жібектей бар сағым...
Қырықтағы қырдан асқан шағында,
Баса алмайды сағынышын, аңсарын.

Қырдағы ауыл қырық бөліп тұн ойды,
Көрші қонып, қиялда да түнейді...
Тауып қылдай жүректің бір пернесін,
Сыр шерткенде сағынышың үдейді.

Самал кешке, жарық Айға, пәк тұнге,
Жастық шақта қызығына баттың не?
Соның бәрі тұмандай боп сейілген –
Өзің бүгін өз ауылына жат күнде.

Думаны алыс, алыс қырдың әні де,
Көзден үшқан ертегідей бәрі де.
Шұрқыраған жетім құлын шетте жүр,
Қана алмаған саумал сүттің дәміне...



Ауыл десем ақтарылып асыл жыр,
Мені осылай бір сағыныш басып жүр.
Аңсап барып, айырылмastaй мәңгілік –
Табылатын шығар бірде қасында ұл?!

ТІРЛІГІҢЕ ТҰСАУ ТҮСКЕН АУЫЛЫМ

Маңдайыңың соры қалың, ауылым,
Көрем бүгін тұрмысыңың ауырын.
Желпілдетіп, желең ұран көтеріп,
Орга жығып кетті сені дәуірім...

Тірлігіңен қио қашқан күйіктім,
Шығар жолын табу қын тұйықтың.
Әрge басып, өрлей асып жеткенде –
Төбесінен құлау қын биіктің!

Бағы жанбай, сағы сынған туганым,
Қалды-ау бүгін сенің сірә қу жаның.
Тамырына нәр тимеген қайыңдай
Көз алдымда қалтырадың, қурадың?!

Қайран елім, қайран менің мекенім,
Асау нарық алдырмаса не теңің?!

Бас білмейтін асау жылқы жеккенде
Сындырады арбасының жетегін...

Жолда бүгін жаяу қалған жандайсың,
Сорың болып, басқа түсті қандай сын?
Күйзелісті өтпелі бір кезең деп,
Жас баладай өзінді-өзің алдайсың.

Сүм тірліктен сені неге бөлем мен,
Қосақты жан секірмейді кемеден?
Ұлан-байтақ егін егіп отырсың,
Қарның тойып нанын бірақ жемеген.

Күні кеше мақтанған да, шаттанған –
Теңгемізді көру өзі тәтті арман.
Бірақ біздің ағайынға ақша емес,
Жылы сөзді есту өзі қат болған.

Кім аңсайды дейсің сонау өткенді,
Бұрынғының бәрі бірақ жоқ болды.
Ақша да жоқ, тауар да жоқ, жоқ бәрі –
Халқым бүгін малын түгел жеп болды!

Жоқшылыққа көптең тауып мысалды,
Кім естиді сенің айтқан құсанда?

Қарға адымға аттап шығу мұң болды,
Майы тапшы көлігің де тұсалды.

Тірлігіңе тұсау тұскен, ауылым,
Көрем бүгін тұрмысынның ауырын.
Бәрін айтып қайысқанмен қабырғам,
Сырқатынның таба алам ба дәруін?

Өткен күнге артып барлық күнәні –
Желеу сөздің баса тұсті тұманы.
Болашағын бұлдыր еткен бүгінгі
Ауылымның кімді ұрады құраны?

Әкімдердің ел қамынан қашқаны –
Ауылымды жарға итеріп тастады.

Дәмін ішіп, табағына түкірген
Қазағымның кімді ұрады ас-дәмі?

Жатқа жағып көрмеген өз күйесін,
Асыл елден асықтай ой түйесің!
Сол ауылды дәл бүгінгі кейпімен
Бұрынғыдан артығырақ сүйесің!!!

1995 жыл.

ҚАЙРАН ЕЛІМ, ҚАЙДА КЕТІП БАРАСЫҢ?

Қу тірліктен қиу қашты, бұлінді –
Тұрмысынан ырыс қашты бұрынғы.
Жоқшылыққа тоқмейілдеу ел едік,
Одан-дағы бір жырашық білінді.

Бар нәрсенің өзі жоққа айналды,
Көңілдегі тұма сезім лайланды.
Қора толы мал ұстаған қазақтар
Таңсық асқа айналдырды айранды.

Нарық құны күйіп кетті... күйдірді.
Толғантпайды ол осынау күй кімді?
Бүгінде осы адам емес, білсеңіз –
Алтын қымбат, жиһаз қымбат, үй құнды.

1990 жыл.

СЫЗДАЙДЫ ЖҮРЕК

Бәрі көсем, бәрі шешен, бәрі дүр
Замананың мазақ болған мәні бұл.
Көбік сөзден күмбез орнап жатқанда
Бұлбұл болып сайрайды екен кәрі құр...

Қыран құсқа байғыз тілін тигізіп,
Қара қарға, сауысқандар ши бұзып,
Бейберекет құс-базарда тамтық жок,
Жемтік асын итаяққа құйғызып...

Құс патшалар төреліктен шет қалып,
Құзғындар мен қыргилары мақталып.
Заманақыр құн туғанда, шіркін-ау,
Кім ұшады құміс Күнді бетке алып?

* * *

Бұл өмірді кім қалай ұғынады,
Тесіп шыққан жының жоқ құмыраны...
Шарап емес, санаңды улайтыны –
Зәмзәм болған заманның құмыраны.

Бұл өмірді кім қалай икемдейді,
Құр өкпеге бекерге бит өлмейді.
Тұрмыс тұзу болса егер, қазағымды
Саудасына сақалдың итермейді.

Бұл өмірді кім қалай игереді,
Солай өлшеп тағдырың сый береді.

Айы туған күн болды-ау кейбіреудің
Ақыл туар көсем сөз сирегелі.

Бұл өмірді кім қалай байыптайды,
Берекесіз күн кімді мойытпайды?
Ертеңгі ұрпақ осылай сауал қойса –
Өмірді емес, біздерді айыптайды!

* * *

Жаңбырын көрдім,
қарсызын көрдім,
Дауылын көрдім, жауынын
көрдім.
Ауылдан безер арсызың
ба едім,
Сипалап өскен сауырын
белдің...

Аштығын көрдім, тоқтығын
көрдім,
Барын да көрдім, жоғын
да көрдім.
Сыртқа тебер боктығың
ба едім,
Тобырга түскен тобындағы
елдің.
Әкесін көрдім, атасын
көрдім,
Анасын көрдім, ұлын да
көрдім.
Ішінде мынау адасып
елдің –




Шұрқырап жүрген құлын
да менмін!

Тойларын көрдім, пейілін
көрдім,
Әлдиін көрдім, ән-күйін
көрдім.
Жырыма жылы мейірім
бердің.
Ауылым өзің – мәңгі үйім
менің!

КІМГЕ СЕНЕМІЗ?

Кешегі әділдік дегеніміз –
Кесірлік болып шыққанда,
Кешегі тәнірлік дегеніміз –
Есерлік болып шыққанда
Кімге сенеміз?
Кешегі қастерлегеніміз –
Қаскунем болып шыққанда,
Кешегі әстерлегеніміз –
Сасыққүzen болып шыққанда
Кімге сенеміз?
Кешегі алып дегеніміз –
Су жүрек қоян болып шыққанда,
Жақсы деп дәріптегеніміз –
Қол жетпес ноян болып шыққанда
Кімге сенеміз?
Дәүірдің ар, ұжданы дегеніміз –
Оны тоқыратып тастағанда,



Иглік, парыздары дегеніміз –
Бәрін қоқыратып тастағанда
Кімге сенеміз?
Кешегі кемелденген дегеніміз –
Кемерсіз болып шыққанда,
Тарихта терендерден тереріміз –
Сенерсіз болып шыққанда,
Кімге сенеміз?!

1990 жыл.

САЙЛАУДЫҢ ШАРУА БОЛУЫ

Білмесе де дән себер мәзі қай күн,
Үйренген бар жұмысын созып айдың.
Бір күні шаруа боп шыға келді,
Тракторшы бір ұлы Қозыбайдың...

Бұрын жүрген жырт десе –
жыртып жерін,
Тіл десе, қайта жыртар
бір тілегенін.
Жекеменшік ол іске көшкен кезде,
Сенбегендей болды рас жүртym менің...

Қалай сенсін Сайлауды білгендері –
Болғасын да қырсықтау жүрген жері.
Басқалардың егісі көтерсе бой
Ал онықі көктеп те үлгермеді...

Ұраншыл ол және де желөкпе еді,
Жоғары айтса бітті сөз! Керек, – деді

Жекеменшік ісіне белін шешіп.

Шаруа боп алғашқы өбектеді.

Арпа септі бірінші аттаныста
Құдай берді-ау, әйтпесе жоқ та нұсқа.
Бітік шығып егіні, жинап алды
Қолы жетіп күтпеген сәт табысқа.

Бірақ соны қабылдар жан болмады,
Кеңшар, қырман жолатпай, Малданғаны –
Мал мен құсқа жем болып, рәсуәні-ай,
Жатты-ау сыймай аулаға толған дәні.

Тау астығы сөйтіп бүл қарда қалды,
Жарылқады сауысқан, қарғаларды...
Шаруага еркіндік берген кезде –
Қиын екен қамқорлық болмағаны!

АУЫЛДЫ АҢСАУ

Ұлымын жусан даланың,
Сүйемін қияқ, гүлін де.
Жұтар ма ем салқын самалың,
Шыжыған шілде күнінде.

Ауылға қазір жетер ме ем,
Қына жолды қиялап.
Сағымнан желкен көтерген,
Қандай ыстық ұя-бақ.

Достармен ескі табысып,
Ойнар ма ем көген-көгалда?
Бала құнгідей жарысып,
Шаттыққа көніл толар ма?

Қоңырсып жетер ымыртта,
Түтін иісі қостағы.
Асаудай түспес құрыққа,
Бәрі де есте жастағы.

Батады балқып шілде күн,
Сүт сауымдай түні бар.
Аңсаған ауыл нұр демін,
Жанымды менің кім ұғар?

* * *

Ауылда қазір шілде күн,
Бақ-бақ басы ұлпілдек.
Аптаптың ыстық нұр демін,
Көл жұтады біртінде...

Самал жоқ қырдан есетін,
Қайыңның сипап балтырын.
Мамырлап көктен көшетін,
Бұлттарым қайда балқыдың?

Қиялды қырға сыйдырып,
Көгілжім сағым бүркей ме?
Ыстыққа қанат күйдіріп,
Үшпайды-ау шыбын-шіркей де...

Жібі бос қазір желінін,
Құлын-бие байланбай.
Күннің қызы көрігін,
Далаға үрлеп қойғандай...

Осынау жайды, күйді ұғып,
Кезі болса да сауынның.
Көл басында үйлігіп,
Табының жатыр ауылдың...

Шыжыған аптап ішінде,
Тымырсып тұрган әлемім.
Осы бір сәтің үшін де,
Сағынып саған келемін.

КӨШКЕНКӨҢДІ САҒЫНУ

Не жетеді дейсің бұл өскен жерге,
Жаттық әсте жасамас еш пендеге.
Шөп шабушы ем анама серік болып,
Шілде айында жыл сайын Көшкенкөңде.

Көшкенкөңде ақ қайың аралы бар,
Жұпар иісі аңқыған самалы бал.
Бұлдіргенді бөктепі қандай еді,
Шақыратын жазда осы баланы бар...

Көз алдында әлі сол гүлді белен,
Ақселеуі үлпілдеп үлбіреген.
Қына беткей егіске жақын жерде,
Көк биеміз оттайды құлыныменен.

Шабындықта жеткен соң күн ысымай,
Жараса ма жанға бұл тұрысы жай.
Қылышылдаған шалғымен жонышқанын,
Сусылдатып аламыз тынышын-ай...

Жұтқасын ба нұр дала таң самалың,
Есімде жоқ бірде-бір шаршағаным.
Анама еріп өзімшे мен де мына,
Жас балауса кек шөптен жол саламын.

Бағым еді-ау жан анам маңдайдағы,
Сағынышым сарғайып солмайды әлі.
Қоста берген шайының қаймақ қосып,
Таңдайымнан кетпейді балдай дәмі.

Болмаса да алыстап, көшкенге мін,
Қарыздармын өзіңе өскен жерім.
Көзіндей боп көрінетін анамның,
Сағынамын мен сені, Көшкенкөнім!

ЖЕЛ ДИІРМЕН

Зырылдауығы көбінде,
Үп еткен желді үйірген.
Шойманның қырқа дөнінде,
Бар еді жел диірмен...

Астық артып албар жақ,
Жел тұрса жетер асығып.
Қозғалған диірмен қалбаңдап,
Шықырламауы үшін тас үгіп...

Әбігер етер барлығын,
Ол жерде тер ғой өтелген.
Бала да күшті, шал мығым,
Арқалап бидай көтерген.

Бәрі де қимыл жасайды,
Белін жазбай бір ұдай.
Тістерін тастың қашайды,
Диірменші шал Ыбырай.

Сәтін салса тез өткен,
Дән құйылар біртіндеп.
Айналған шарлы өзектен,
Үн ағады үлпілдеп...

Желдің жойқын қүшімен,
Қара тастар дөңгелеп.
Диірмендегі ісімен,
Нанын тапқан елде көп.

Үмытам қалай оны мен,
Неге оны болған жоқ дейін?
Қырдың қия жолымен,
Сол жерге соқпай кетпейім.

Қайтіп ойды түйіндермің,
Қырқаны баспай ең биік?
Шоймандағы диірменнің,
Тастары жатыр дөңкиіп...

АЙЫРШЫ

Есіме алдың науқанды шөп тасылар,
Атқаратын ауыл үй топтасып әр...
Қазір шілде – шөп науқан, бірақтағы
Дәл Қабдолдай айыршы жоқ та шығар?

Болмаса да алпауыт дойыр денен,
Қабдол аға-ай, өзінді шойын дер ем.
Әперуші ең бір түйреп шөмелені,
Үш салалы ашамай айырменен.

Қызыл қайың сыр бермес бұратылмай,
Сықырлайтын сабы оның сынатындей.
Жапырып шөп әперіп тастаушы едің,
Бір өзің үш жігітке тұратындей.

Неткен күш, неткен қайрат белде мығым,
Біріне есе бермес елдегінің.
Қанат жайып қайқайған машиналар,
Татымына тұратын еңбегінің.

Тамсандырған осылай дала жұртын,
Болмауши еді ісінде ала бір күн.
Отыруши ең дем алып сосын бір кез,
Шалап шалған жылтырап қара мұртың...

... Қол шалғымен қазір шөп шабылмайды,
Болып алды комбайн көп ыңғайлышы.
Бүгін қанша ауылдан іздесем де,
Дәл өзіндей айыршы табылмайды...

АУЫЛДАҒЫ СОНҒЫ АРАЛЫМ

Бәрімізге кең тыныс, жайлау дала,
Құлазиды-ау деп қын ойлауга да.
Ат тіретін достардың ішіндегі,
Ауылдағы қалғаны Сайлау ғана!

Көшіп кетті күші бар әлділері,
Қалған жұртқа қалайша сән кіреді?
Бықсытып жүр біреулер ауылдың бұл,
Болашағы жоқ деген әңгімені...

Қалаларға тоғатын көшіп елі,
Урбанизация деген-ау осы ма еді?
Бесік жерден безбейтін аталарым,
Қалай бізді енді ғой кешіреді?

Болжап бәрін білді кім күн ілгері,
Қын болды-ау ауылдың бүлінгені.
Құлаққа ұрған танадай тып-тыныш қой,
Бие ағытар кез мына інірдегі.

Құлын даусы шықпайды шүрқыраған,
Саумал иісі ол да жоқ бүрқыраған.
Тоз-тоз болып күн жеген ши ағаштан,
Жиып алған сияқты құртын анам...

Таңға дейін сауығы басылмаған,
Жоғалтқандай ауылын асыл далам.
Құлазиды-ау, көңілім, құлазиды,
Жанға батар шындығын жасырмаян.

Күндағының құрғап бұл кеткенінен,
Бала азайып барады мектебінен.
Ендігінің арманы ауылда емес,
Қалалы жер қиянда, шетте білем?

Бірақ соның бірін де елең етпей,
Көшкен елдің соңынан ере кетпей,
Тоғыз бала туғызған әйелімен,
Сайлау отыр мызғымай, керемет қой!

Кіреді деп өмірдің сәні қай күн,
Берімейді бей-бекер бәріне ойдың.
Байлап-матап қойғандай оны осында,
Тұған жері атасы Мәлібайдың?!

Тағатына мен оның таңғаламын,
Басқа жерге құптаймын бармағанын.
Көшкін өмір көшінде табан тірер,
Сайлау ғана сияқты соңғы аралым!..

ҚАРАТОҚАНЫҢ ШИЕСІ АЙ...

Жидекке жолым түсетін,
Тыншымды алды жиі осы ай.
Баданадай пісептін,
Қаратоқаның шиесі-ай...

Ауылдан шалғай болса да,
Бұлдірген бөкттер, шиесі.
Ырыздық болған қаншама,
Табиғаттың сыйы еді.

Бергендей құдай жырып бір,
Құмар еткен елді көп.
Тұратын еді тұнып бір,
Күп-күрең шие мөлдіреп...

Баратын едік достарды ап,
Шие қыстауды қаумалап.
Бір-бірлеп емес, қос қолдап,
Теретін едік саумалап...

Жапырып бірақ отамай,
Тауыспай төзім тағатын.
Қадақтық шелек оп-оңай,
Күрең шиеге толатын.

Салатын құстар сан әнге,
Шегіртке шырыл тербеген.
Қаратоқадай әлемде,
Шиелі жерді көрмегем.

Жидекке жолым түсетін,
Тыншымды алды жиі осы ай.
Баданадай пісетін,
Қаратоқаның шиесі-ай...

АҚ КӨБЕЛЕК

Жаздың жылы жанарында,
Тәнір өзін сақта демек.
Көңіл сезім көгалында,
Ұшып жүр-ау ақ көбелек...
Ақ көбелек ұлбіреген,
Нәзіктіктің ұлгісіндей.
Ұзартам деп күнді немен,
Жүргенін де жүр түсінбей?!

Алыс сағым, көгілдір нұр,
Күн күйдірген қанатында.
Ақ көбелек өмірдің бұл,
Арманы еді-ау бала ақынға...

Ақ көбелек қиялым еді,
Қанбайтындаі қолға мұлде?
Аясына талай ұя күн енді,
Аңсадым оны таңғы әнімде.

Шілдедегі шырын шақтың
Іздеп осы ақ көбелегін.
Бала күнгі құлыншақтың,
Көгеніне көктелемін...

Нұр сезімді ақса бөлеп,
Бауыр басқан бала шаққа.
Енді ұшады-ау ақ көбелек,
Оралғандай болашаққа...

БОСАТ МЕНІ АУЫЛҒА

Мені ауылға босат қала, ұстама,
Түған жер ол, аңсау болған құсқа да.
Көктем бардым, бардым жазда, күз бардым,
Ал қызығы таусылмайды қыста да...
Қысқы ауылдың қымызы жоқ демегін,
Босат қала, болсын маған көмегін.
Сарыарқаның сары аязын жұтып бір
Табар ма екем жыр-жүректің мен емін?!

Қалған дала құстары да кетіп тұл,
Деп қуансын: Аңсап тағы жетіпті ұл.
Су қатырган каток емес, мұндағы
Бала дөңнен сырғуға ойым кетіп тұр...

Қысқы орманға теңеу қайда, жоқ тегі
Бар маржандар жауған дерсің көктегі.
Қаладағы шағын пәтер емес ол,
Орман іші тұнып тұрған оттегі!!

Моншақ таққан шығар ауыл қыраудан,
Аппақ болып, аппақ дүние қылаудан...
Шаңғы теуіп арыламын қырда мен,
Желдеткіштен тиіп қалған тұмаудан.

Көп мұржадан пештегі ұшқан көлбендей,
Қысқы тұтін маған құшақ кергендей.
Жылдың мейлі қай мезгілі барсам да,
Жүрмін сені өзге жерге теңгермей?!!

* * *

Сабырла көңіл, сап көңіл,
Тәубе де, мына тірлікке.
Жағаға ұрар шақта өмір,
Қоятын кезде бір нүктे.

Асықпа, бәрін сарала,
Қызықпа дүние боғына.
Шығып қалған жағаға,
Балықтай болмай тағы да.

Лаулама, жанба, өртенбе,
Қатерге тікпе басынды.
Сақташы нұрлы ертенге,
Жүректегі асылды.

Көңілде көлкіп таза мұн,
Үміт артып жазыңа.
Өлеңнің мына азабын,
Тарта да берме, қажыма!

Желікпе арзан қызыққа,
Даңғаза тойдың қой бәрін.
Шенберде – осы сзықта,
Жетеді сениң тойғаның.

ТҮРМЫСТАҒЫ ТАНЫС ЖАЙ

Түрмис қазір бұрынғыдан жоғары,
Ертең тағы жетіледі, толады.
Ауылдағы азаматтар үйінде,
Үш-төрт жылқы ұстағандар бар әні...

Пәтер жақсы, машина бар, бар сүр ет,
Айлыққа-айлық қосылады тамшы бол.
Бірақтағы ат-әбзелдер жоқ мұлдем,
Босағаға іліп қойған қамшы жоқ.
Айтып-айтып күйіп жүрген тілім от,
Тоңазытқыштан арақ кеткен күні жоқ.
Бірақ осы қымыз ұстап, баптайтын
Күрп-күрп етіп пісілетін күбі жоқ.

Өнір мынау орман-тоғай көгі көп,
Үй іргесі тұнып тұрған тегін от.
Ұзын сымда шауып жүрген төбет бар,
Ал бірақта құлын байлар желі жоқ.

Қымыз ішпейтін қыздарға тек үйленіп,
Кеткендейміз түрмисқа осы үйреніп?!
Босағаға ожай ілген, қамшы емес
Әйелдер ғой бара жатыр би болып...

ОРАЛМАЙЫҚ КОММУНАҒА

Тайдырып нұсқа жолдан,
Күйретті КСРО қабыргасын жай.
Ғұмыры қысқа болған,
Париж коммунасындай.

Біз де сол коммунадан,
Бөлінген отаудаймыз.
Жолын іздең даму заман,
Жүрсек те от алмаймыз.

Жұмыстың көп олағы,
Ол кімді бұғалатпайды?
Әлемдік сауда одағы,
Әзірге бізді сығалатпайды.

Жобалар көп қағаздағы,
Орындала бермейтүғын.
Елімнің алға жөн озғаны,
Бізді де зайырлы ел дейтүғын.

Жабысып отыр, жағадан алып,
Инфляция үрей болып.
Құйылғаны сияқты жаңадан қалып,
Оны кім түзер бір ой бөліп?

Олай тартсан, былай жетпей,
Бюджет көрпе жыртылады.
Тек халқымды шыдамды еткей,
Баяғы сол ынтымағы!

Таппай түпкі шешімін де,
Оңбаймыз-ау бұлай жүріп.
Қоғамның бұл осы күнде,
Барады гой жігі айырылып.

Жүдеу халық жанын жесе,
Байлар байып бара жатыр.
Бермейтұғын өмірге есе,
Осы емес пе заманақы?

Одан бізді алып шығар,
Дұрыс жолы даму ғана.
Ызғарынан жан ышқынар,
Оралмайық коммунаға!?

КОРГАНДАҒЫ БАЗАРДА

Ауыл бұлай азар ма,
Тұрмысында азап бар.
Қорғандағы базарда –
Қап сүйреген қазақтар.

Жырып бала-шагадан,
Кебежесін қырмалап.
Нарық қысып жағадан,
Базар кезіп жүр қазақ.

Жәй, әншейін далбаса –
өлмешінің күні үшін.
Бала-шаға болмаса,
Қояр еді-ау жүрісін.

Сойып қойын, сиырын,
Үйрек, қазы, тауығын.
Софан алар бұйымын,
Іздеп жүр ғой бауырим.

Барын сатып арзанға,
Қымбат алып қор болған.
Біздің қазақ жазғанға,
Қандай пайда Қорғаннан?

Ауыл бұлай азар ма,
Тұрмысында азап бар.
Қорғандағы базарда
Қап сүйреген қазақтар!

1995 жыл, сәуір.



* * *

Жоңышқалы шабындыққа жетер ме ем,
Жетсем, аунап бала болып кетер ме ем?!
Шай ішер едім, мосыдағы шәйнектен,
Қайнай-қайнай қақпақшасын көтерген...

Естегінің бәрін қайта екшейін,
Жаңышқалы шақыр мені төскейім?
Көк майсаңы шабындықта шалғылар –
сыр-сыр етіп шапқан кезін көксейім.

Бәрі де есте өткен күннің, елестің,
Жетім күннен жетеді алыс көмескі үн...
Анама еріп шөп шабамын шалғымен,
Онда мен ғой онға толған емеспін?!

Күні бойы таппай осы жан тыныш,
Бел талатын, демге енетін алқыныс.
Шаршағанда шай ішеміз отырып,
Оның өзі беруші еді жарты күш?!

Шайға қанып, алған сол бір тынысты-ай,
Көз алдынан тұрады әлі жылыспай...
Көп жұмыстан қалған із жоқ еске алар,
Бала кездегі шабындықтағы жұмыстай?!

ЕЛГЕ САҒЫНЫШ

Дәмін қашан бұйыртады,
Ауыл қазір болды бөтен.
Балуан көлге биыл тағы,
Аққу құстар қонды ма екен?

Болмады ғой бір хабары,
Мені ұмытып кетті ме екен?
Аспандағы тырналары,
Тыраулатып өтті ме екен?

Соның бәрі ыстық маған,
Бәлкім, қатты сағынғаннан.
Жастау кезден түк те ұқпаған,
Бұлдыр мұнар сағым қалған...

Іздеймін ғой, көз пердеден
Сұртемін де сол сағымды...
Бала кезден өзгермеген,
Көрсем деймін аңсарымды!..

Жоқ-ая, бірақ, құлын желі,
Қайда кеткен қозы көген?
Таңсық болды бүтіндері
Бие байлау өзі деген.

Толмайды енді көңіл шыған,
Қанша гүлдеп, көктемесін.
Қыр астынан қоңырсыған,
Тезек иісі жетпегесін.

Ой-қиялға бойлаймын-ау,
Алмаған соң көптен дерек.
Ауылымды ойлаймын-ау,
Мұлде өзгеріп кеткен бе деп?

Баса алмаған бауырға елді,
Қателігім болған шығар.
Дос қалмады ауылда енді,
Арсаланңап алдан шығар?!

СЕҢІ ІЗДЕЙМІН АУЫЛЫМ

Жүргенімен жан аман,
Жүрегімде қайғысың.
Тоз-тоз болып тараған,
Балуаным – байғұсым?!

Жалап жүрген жарасын,
Ауылдасқа ой салам.
Құрып, бітіп барасын,
Балуаным – бейшарам?!

Кімді-кім бұл ойласын,
Тілейді әркім өз қамын.
Оңалмайтын жайдасың,
Балуаным – боздағым?!

Қалды өзінде қураған,
Жетімдер мен жесірің.
Қурай басқан қу далам,
Балуаным – бесігім?!

Думаны жоқ бұрынғы,
Ұмыттырмас жаз әнін.
Төккен жүрек жырымды,
Балуаным – базарым?!

Тарихыңа қанық ұл,
Ұмытпайды қауымын.
Сені іздеймін бәрібір,
Балуаным – бауырым!

БҮГІНГІ АУЫЛ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕШЕ

Бірін-бірі балап туыс, бауырға,
Жоң арқасын тосып бірге ауырға
Бір атанаң баласындаі барлығы
Тұратын жұрт бұрын осы ауылда.

Менікі мен сенікіге бөлмейтін,
Ешкім онда тарыншылық көрмейтін.
Қолда барды бөліп бірге жегесін
«Өзек талмас кең ырысты ел» дейтін.

Әдетінен аулақ елдің өспейтін,
Ақсақалдың алдын ешкім кеспейтін.
Қала кезіп, тентіреген бірі жоқ,
Ата-жұрттан қотарыла көшпейтін.

Алтын бесік болды-ау осы ел деген,
Дәүлетіне қарап жұртты бөлмеген.
Қазіргідей сауда құған бірі жоқ,
Адам ары өлшенбейтін теңгемен.

Күрпілдетіп бәрі күбі пісетін,
Сапырылған сары қымыз ішетін.
Соның бәрі қайда кетті, япыр-ау,
Қимас күнге айналды еске түсетін?!

Бұгінде ғой тұтіні оның сиреген,
Жадау ауыл, жүдеу тартқан күй көрем.
Бұрынғы кең дарқандығын ұмытып,
Құр сұлдері қалған жандай күйрекен...

Таба алмаған өзгеше өмір қолайын,
Ауылымға қалай кінә тағайын?
Бауырластық сезімінен айырылып,
Жат болуға айналыпты-ау ағайын.

Қолы ұзындар қоныс тауып жайлырак,
Қалталылар болып алған «бай-құлақ».
Ауылдағы қалған жүргітың бүгінгі,
Маңдайынан ырыс кетіп, тайды бақ.

Тәнір емес, өмір өзі кемсіткен,
Ақтай болып табылса да ел сүттен.
Ағайындар отыр қазір қалтырап,
Көк тиынсыз қалған ортақ меншіктен.

Ол туралы асқақ еді-ау сөз кеше,
Бұгінгі ауыл бұрынғыдан өзгеше.
Құса жырым туар ма еді жүректе,
Жан ауыртар осы жайды сезбесе?!!

ҚАЛАЙ ЕНДІ ТҮЗЕЛЕДІ КӨШ ЖҮРІП?

Жастар кетіп, кәрі-құртаң қалғалы,
Азайтты ауыл шілдехана, қалжаны.
Мектептегі бала саны азайды,
Тығырыққа тіреп отыр ол дағы.

Көгендергі қозы-лақпен ойнаған,
Ал немесе «Ата қашан қой бағам?» –
дейтүғындаі бала қалмай барады,
шынымды айтсам, соған қатты ойланам?!

Асық тіккен тақыр жерге шөп өсті,
Қора-қопсы, үй біткеннің бәрі ескі.
Су алатын құдық қаңсып қалыпты,
Ауыл жүдеу, болашағы көмескі.

Қыр астынан тұратүғын естіліп,
Азан-қазан шуы да жоқ кешкілік.
Ауылды ойлап, ауыр мұнға батамын,
Қалай енді түзеледі көш жүріп??!

АУЫЛДАСТАР АМАЛСЫЗ КӨШІП ЖАТАҮР

Үміт жібі үзіліп, кесілді ақыр,
Бірте-бірте шамдары өшіп жатыр.
Қимаса да туған жер топырағын,
Ауылдастар амалсыз көшіп жатыр...

Кезінде ғой ауылым керім едің,
Болатүғын суың – бал, жерің – егін.

Кіндік кескен жерімнің күйін көріп,
Іштей жылап боздаймын, егілемін.

Сорақыга көндіксін сана қалай,
Қойсын ба ол жанымды жараламай?
Жоғалттым-ау ауылды жүргегімнен,
Жарқыраған шамдары самаладай...

Қурай ызып тұрғанда есік алды,
Бүгінде оның жоғалмай несі қалды?
Қалды ауылда жұтаң жұрт, кәрі-құртан,
Әлдеқашан әлділер көшіп алды.

Осы ауылдан бәріміз күш алып ек,
Тұратынбыз сағынып құшағын от.
Бұрынғыны қазірде елестетер,
Көзге түсер бірде-бір нысаны жоқ.

Алғасын да жоғалтып қолда барын,
Ауылда ажар көреміз қалмағанын.
Қала кезіп, тентіреп жүр жастары,
Сырттан ізден ырысын, жан бағарын.

Кім түзейді енді оның шетен кейпін,
Қалар бізге қарыз бол өтелмейтін.
Сиқы қалмай барады-ау ауылымның,
Думан тойлы, шат көңіл мекен дейтін.

Шау тартады шаңырак, оттың басы,
Елу асып кеткесін көптің жасы.
Жөргек иісі шықпайды нәрестенің,
Шілдехана тойлары жоқтың қасы.

Кәрі тістей кемтілген көшелерден,
Сенбейтіндей секем жел есе келген.
Енді ауылдың гүлденіп кетпесі анық,
Үйіп-төгіп уәде бер неше жерден.

Ауылдастар амалсыз көшіп жатыр,
Бірте-бірте шамдары өшіп жатыр.
Топырақты киелі қан жылатып,
Көшкен жүртта қаңсыған бесік жатыр...

ЖЕТИМ КӨЛ

Айналмаса ақ сағым елеске елі,
Әупілдегі бір әуіп демес пе еді?
Тұрғындары бытырап тоз-тоз болған,
Жетім көлдің бетінде жел еспеді.

Мұңға батып жоғалар мүмкін көлім,
Таусылады менің де бір күн демім.
Кеудеме ұрып, жүгіріп шашайыншы,
Желге ұшпаған қоғаның үлпілдегін?!

Күн ұяға еңкейді, аспандатпай,
Шетте жүріп, сезгем жоқ асқан бақты-ай.
Көлім жетім болған соң, мен де жетім,
Жалғыз қалған шерменде қасқалдақтай.

МЕКТЕПТИҢ КӨК СИЯСЫ

Балалықтың бар есте ескі ұясы –
Қамыс мектеп және оның көк сиясы?!

Болатын ол бірнеше оқушыда,
Көбімізде езілген пеш күйесі...

Әртеніп кеткен мешіт орнындағы,
Қамыс мектеп елестеп, қол бұлғады.

Білім алған шөліркеп сол ұядан,
Өшпес сурет көнілден солғынады!

Соғыстан соң ес жинап енді ғана,
Бейбіт жолға түсірген елді жаңа –
Сол кездегі ауылдың мектебінде,
Сабак берді ұстаздар ең ғұлама!

Жазылатын зат есімі, сан есімі,
Тақта орнында мешіттің қара есігі...
Қыс кезінде – күн қысқа, бықситұғын –
Шамға құйған «сельпоның» кәресіні?!

Келмейтіні жоқ еді-ау қолдан бәрі,
Пеш күйесі – көнілдің алданғаны.
Дәптеріміз – жол арасына жазатын,
Газеттер мен есепшот журналдары...

Қайдан тисін көк сия зауыттағы,
Пеш күйемен жаздық қой сауыттағы.
Одан бірақ сауатсыз қалғамыз жоқ,
Кетті достар өз жолын тауып бәрі?!

КОС ШЕБЕР

Көтерген абыройлы төрге өнері,
Табылмайтын өңірде тең келері.
Ағайынды қос шебер болды ауылда,
Біреуі ұста, ал бірі – зергер еді...

Сәмерке Смағұлдан таралатын,
Естімедік олардың жаман атын.
Темірден түйін түйген ұстасы – Уәп,
Ал Қауен зергерлік зат соға алатын.

Балқыған болат мұндай күйге енер ме,
Ұсталық жүқпаса егер сүймегенге?!
Одан асқан жан жоқтай көрінетін,
Темірді Уәп қамырша илегенде.

Қалауының бұратын бәсі оған көп,
Келген жүрттан есігі босаған жоқ.
Көздің жауын алатын зер бұйымын,
Дәл Қауендей бір шебер жасаған жоқ.

Шеберлігі сендірген шүбә қылмай,
Көңілім оларға осы тынатын жай:
Екеуі де жан еді-ау шынында да,
Мақтасаң мақтанышқа тұратындей!

Өшті бәрі жылдармен зыр ағылған,
Дым қалдырмай ауылда мұра қылған??
Кетпей жүр ғой бірақ та әлі күнге,
Шынылдаған балға үні құлағымнан...

Күйіп кеткен онсыз да қоңыр өні,
Үәптікі шын ұсталық өмір еді?!
Төске салып қып-қызыл от темірді,
Соғып әлі жатқандай көрінеді...

Сіңбесе де өнері бойға дарып,
Отырғаны сондықтан ойға оралып.
Оның соққан түрмистық құралдарын,
Табылады жүргендер пайдаланып?!

Қауен соққан білезік, ілгіштерін,
Көргенімді айтсаңшы тұңғыш менің?
Көздерінен жайнаған жақұт тасты,
Өріліп тұрушы еді бір күшті өрім...
Сөз етерлік киелі пайымда бұл,
Айтылмайды зергерлік жайында құр?!

Соғылмайтын бүгінде сол бүйымдар,
Әжелердің көбінің бойында жүр!?

Ауылдағы қос шебер оқиғасын,
Бұрып жазсам, ол осы ақынға сын?!
Сандығымда сақтаймын тұмарымдай,
Қауен соққан анамның сақинасын...

ЕТИКШІ АТА

Тарқамаған шағында ел базары,
Жақсы жандар көп болды ең ғажабы?!
Қожанасты сияқты ақ жүректі,
Еске аламын етікші Балғожаны!

Кезімізден көзге ыстық ес білетін,
Етікші ата жан емес еш құлетін.
Өкше тұсы қайыңның қабығымен,
Қайыпталған мықтылау мәс тігетін.

Ұшқалақтау болғанмен, шын ақылды,
Байғұс еді баспаған бұра қылды.
Сықырлаған былғары сәнді етіктер,
Балғожаның қолынан шығатын-ды...

Ине-бізбен асырап от-ұясын,
Өзі тапты өлгенше бақи асын.
Қайда жүрсін жанынан қалдырмайтын,
Кіп-кішкене кемпірі Кәтиясын?!

Жатса да атасы оның Әнетбайға,
Кім білсін ұнатпай ма, жолатпай ма?
Жәменеке бізге бауыр басқан еді,
Бұл сырын болмайды ғой және айтпа да?!

Бұрын оны білмесен, жынды дерсін,
Құдайым оған аңы үнді берсін?!

Ашуланса, көшеге шығып кетіп,
Сырттан сыбап салатын кімді болсын.

Мақтаншақтау мінезі көп білініп,
Осы шалға барлығы кетті құліп.
Жұртты өзіне қаратпай қоймаушы еді,
Тамақ кенеп, жетеліп, жеткірініп...

Ел көшеді, орнына шөп те өседі,
Тарихынан кім безер деп кешегі.
Әлі күнге есімнен кетпей жүрген,
Етікші атам ауымның еркесі еді!

КӨК БИЕ

Айтпаған-ау ақсақалдар текке, ие –
Тұліктे де болады ғой, – деп кие?!

Бүтіндері жиі есіме түседі,
Біздің үйдің құты болған көк бие!

Болатын ол нағыз аян жүрдегі,
Мен білмеймін: мінді ме атам, мінбеді?
Ал, әкемнің еміс-еміс есімде,
Көлге апарып суарып кеп жүргені...

Жетідемін, жаңа-жаңа ес білем,
Жетім етіп, жан әкемде өшті дем.
Шаңырағымыз шайқалғанда шіркін-ай,
Биеміздің асқан кезі бестіден?!

Ата-әжені сарыуайым шөктіріп,
Кезек-кезек тажал ажал кетті іліп...
Таңдайыма ылғи тәтті тиген жок,
Жетімдікten қалған жанмын көпті үғып?!

Бір сиыр мен екі-үш қана қой-ешкі,
Ұстаяға рұқсат кез еді ғой көмескі.
Болғандықтан және біздің биеміз,
Көргеміз жоқ жоқшылықтай елесті.

Арбасы ауыр тартатындаі тек түйе,
Оған отын, мейлі үйіп шөп тие.
Сүйреп бәрін жеткізетін қиналмай,
Бізге және көлік болған көк бие?!

Түптеп айтып, түгесерсің қай жайды,
Сол бір жылдар жан сыздатпай қоймайды.
Сиыр орнына жылқы ұстагандар көп болып,
Екі үйдің ғой бірі бие байлайды.

Қабырғасы бүтін жандар түгілі,
Күрпілдетіп біз де пістік күбіні.
Ыстың дәмін шығаратын қымыздан,
Шоғырмақты қайың ағаш түбірі...

Тал шарбақтың желі қағып сыртына,
Көк биені жіберуші ек ырқына.
Шұрқыраған құлышынан ұзамай,
Сауын сайын келетін ол жұртына?!

Мұның бәрі өшпейтүғын өмірде,
Мәңгі қалған көркем сурет көнілде.
Құлыш кезім көз алдыма келеді,
Саумал дәмін сағынғанда менің де?!

КҮПІГЕ КИІМ ЖЕТЕ МЕ?

Жылы киім ішіндең мықтысы,
Сырма шүлен, қысқа жаға, шыт тысы.
Іліп алып, шыға салар сұыққа,
Есімде ғой ата-әжемнің күпісі.

Хабарым бар ол жайында молынан,
Құпі қиіп жүрген кезді сағынам.
Қандай жылы еді-ау, шіркін, қазіргі –
Түріктердің бит қабықтай тонынан.

Үлпілдеген құс жүнінен жоқ кемі,
Қой шүлені қашан бізде жетпеді?
Бой жылытар киіміміздің байырғы,
Дұрыс па осы көзден ұшып кеткені?

Түйме тағу болмаған ғой шарт оған,
Қынай байлап буылғасын ортадан.
Есімізде тәтті іздейтін кезіміз,
Қаусырмалы терең ішкі қалтадан?!

Құны кетіп, болмады ма тұтымы,
Замананың жан азытып күпірі.
Тұла бойым тоңазиды қалтырап,
Қазақ көрмей жүргесін де күпілі...

КҮЛЕН ҚОРА

Жыртылып жатқан кездे түрен дала,
Ауылдағы біз тұстас кілең бала.
Құмартып тұратұғын баруға ылғи,
Есімде Қаратоқадағы күлен қора.

Ағаштан ұшын тіреп салынатын,
Сыртынан шөп-сабанмен жабылатын.
Ұп-ұзын, іші жылы үядайын,
Күлен қораны кезім бар сағынатын...

Қалайша еске түсіп, ойға оралды,
(Қатадан айтпаймын ғой қой қорамды).
Неге «Күлен» білмеймін аталғанын,
Шын мәнінде ол өзі қойма болды!

Даланың егіксоғы басындағы,
Күлені қонысжайы расындағы.
Ауылдың баласына қызықтайдын,
Ондағының болды ғой тосын бәрі.

Керемет іші кең боп көрінетін,
Ат енген арбасымен жегілетін.
Тұқым орын, астық орын дегендей,
Тәртіппеліп теп-тегіс бөлінетін.

Уақыт таппай үйқыға берілетін,
Ауылға баруға да ерінетін.
Шөп төселген қүленнің бір шетінде,
Шаршаған егіншілер көз ілетін...

Жаны сірі болған ғой сондағы адам,
Маңдай тері бұршақтап сорғалаған?!
Неге екенін білмеймін қазан аспай,
Ас келеді ауылдан дорбалаған!

Місе тұтып айранын, шалаптарын,
Қанағаттан тоятын қонақ қарын.
Ауыр жылдары ауылдың бірлігі үшін,
Құлен қора түрғызған Жаратқаным!

Десек те, өмір жаңа, тілем жаңа,
Өткеннен сабақ осы бірер ғана.
Ауылынан айырылған бейбақ жанмын,
Қаратоқадағы жоқ бүгін құлен қора...

ШОШАЛА

Киіз үйдей көрінетін шошалам,
Сені ойласам әлі көзге жас алам.
Елеңдеймін, қымыз толы кесемен –
Анам шыға келер ме деп Жасаған?

Қазықталып, талдан тоқып өрілген,
Құт орынға айналмапсың тегіннен?
Киіз үйден кем түсетін жерің жоқ,
Шаңырақтан көк аспаны көрінген.

Керте төбе, үсті шөппен жабылған,
Ортасында қазан-ошақ жағылған.
Қонақ орын, ас орын деп бөлмейтін,
Шошаладан бар керегің табылған.

Келіп қалса, қонақ жатып көсілген,
Киіз үйден көрсін оның несін кем?
Ашамайлы арыс бауын тартқызып,
Құндақ қысқан, талай кіндік кесілген!

Былайынша нағыз қызық ордасы,
Одан артық айтар орын бар ма осы?!
Сорғытылып тұрушы еді-ау қайнаған,
Құрт, ірімшік, бұзаушықтың дорбасы.

Тоңазытқыштың көре жүре қандайын,
Іші салқын жер ұрасын таңдайым.
Шошаланың шұңқырында сақталған,
Қымызының дәмі шіркін балдайын!

Бар кәсіптің көзін ашып үйдегі,
Құні-тұні бітпейтін бір күйбеңі.
Шошаланың ішінде өскен баланың,
Көкірегінде көп қой көріп түйгени.

Оған қазір көніл қалай алданбақ,
Байқалатын түрі де жоқ жалғанбақ.
Шошаланы іздесең де таппайсың,
Ол түгілі ауыл өзі қалған жоқ!?

ЖҰМАЛЫҚ

Отбасымен құп алып,
Арнап Құран шығарып.
Өлгеннен соң берілер,
Құрмет асы – жұмалық.

Жұмалығын кәдімгі,
Жайып дүға дәмінді.
Еске алу ғой, шіркін-ау,
Қимайтүғын жанынды.

Шырқы кетсе жайлыштың күн,
Женіл болсын қай мұнның?!
Үйрену бұл алдымен,
Азасына қайғының.

Тәнірге мойын ұсыну,
Өмірді қайта түсіну.
Көніліңді жұбатып,
Сабасына түсіру.

Өз-өзінен сұранып,
Тұратын жай бұл анық.
Апта сайын берілер,
Құран асы – жұмалық!

ӘЛБИДАҚ

Оразаның ішінде,
Қалай оны жазбайын?
Тек сауабы үшін де,
Жүректен сыр қозғайым...

Қатым құран десе де,
Ән сүре ғой әлбидак?!
Жұмбағын ол шеше ме,
Жүре ме әлі жан қинап?

Сұңқылдатып салатын,
Әншісі оның табылса.
Күйдіргенше қанатын,
Лаулай берер жалынша?!

Әлбидакқа ән жүрек,
Езіліп қой тұрады.
Бүгіннен де мәндірек,
Ертеңгінің сұрағы...

Әлбидакта тыныс кен,
Өткені бар, бүгіні...
Алтынмен де, күміспен,
Үптемейді тіріні?!

Ол өзі ғой әділдік,
Естігенде ер тұлар.
Қателігін мәлім қып,
Тәубесіне келтірер.

Көңілімнің бұл да емі,
Беретүғын әл жинап.
Қатым құран күндері,
Тыңдайтыным – әлбідақ!

СОҒЫМ ЕТИ

Өзің татып, өзгеге де татыру,
Туысқандық жібін үзбей отыру.
Көрінеді бүгін анық біздегі,
Дәстүрінен соғым етке шақыру?!

Жоқ қой оның алыс-беріс есебі,
Жастар бізден үлгі көріп өседі.
Соғым етін тығып жеген жандардың,
Ошағынан ырыс қашар деседі.

Табақта астың болмауы үшін кемдігі,
Салынады түгел мүше белгілі.
Соғым еттен шын ниетпен ұсынған,
Байқалады жан-жүректің кеңдігі?!

Құрметіне көрсетуге сай асын,
Жайып салған қазы, қарта, жаясын.
Соғым етін берген сондай жандардың,
Ең алдымен көңіліне тоясын!

СҮРДІҢ ДӘМІ

Көк түтінгек кептіріп, ілмегенде –
Тұздалған ет сияқты-ау білмегенде?!

Шошала мен шоланда ысталатын,
Не жетеді десеңші сүр дегенге!

Қақталар қалған еттен соғымдағы,
Сүрдің дәмі бөлек қой бабындағы.
Тұтін сіңген иісін-ай тәбет ашар,
Сары майдың дәміндегі қарындағы...

Сүрдің кезі дәл қазір мінекейін,
Кімнің болсын шұбыртар сілекейін?
Қазағымның осынау асыл дәмін,
Татамын ғой, тағы да жыр етейін.

ТӨРДЕГІ ОРЫН

Төрге шығу,
Төрге отыру бәрі де,
Қазақы салт түбі жатқан әріде.
Төр қадірін білдірмесек,
Білмесек –
Қонақ күтіп,
Жұрт сыйлаудың сәні не?

Төрге өтудің,
Төрге өрлеудің мәні бұл,
Жетемізге жетпей отыр бәрібір.
Кеженеміз кейін тартып тұргасын,

Төрге озбай,
Тізе бұгу әлі жүр...


Төрге барып,
Көрсеткенің төбенде,
Білдірмейді жасың үлкен дегенді.
Жолдасудан,
Жөн сұраудан танисың,
Төрге лайық кемел ойды,
Терендей!?

Берілер ме, төрден орын бекерге,
Жолдан өту керек оған жетерге.
Уәжін біліп,
Мәзін тауып сөз айтса,
Төр иесі –
Осы кісі екен де!
Кездесетін тәттісі де,
Керметі,
Бәрі де осы Тәңірінің бергені.
Сабактасып жатады өмір өзегі,
Ең құрметті орынменен төрдегі?!

МЕН ӘКЕМДІ АЗ БІЛЕМ...

Жеті жастан жетіммін,
Мен әкемді аз білем.
Теріс бұрып бетін құн,
Жүзін жапты боз кілем...

Боз кілемге ораған,
Сәуір айда әкемді,



Көрші қоныс селодан,
Сұлатып сап әкелді.

Келмеді ме емдеуге,
Жарақаты майданның?
Суық сорған сор кеуде,
Оған жасар қайран кім?

Сонда сәүір тақырда,
Ойнап жүрсем керек-ті...
Түк білмейтін пақырға,
«Әкең өлді» – ау демепті.

Абыр-сабыр жағдайға,
Түсінбеген екенмін.
Тағдыр үрып маңдайға,
Сезбей оны көтердім.

Қабір басы қалың жұрт,
Мұсіркеген сияқты-ау.
Анам байғұс зарын қып,
Жұрттың бәрін жылатты-ау...

Көкірегіме кептеліп,
Бір ыстық жас тұнады.
Төніп қара көкте бұлт,
Бәйтерегім құлады.

Кейін бәрін сезінгем,
Іздедім әкем-панамды...
... Сол бір жетім қезімнен,
Жаза алмай жүрмін жарамды...

ЖЕТИМ ҚҰЛЫН

Зорыққаннан жалғанды тәрік қылып,
Төбел бие қалдырыды жарықты ұмыт...
Қамытбаудан қажыған жануардан,
Құлын туды құрсақты жарып тұрып!

Кіндік бауға мatalып құрсалмаған,
Шаранаы кеппеген кім сорлы одан?
Құлын қалды, шүркырап құлын қалды,
Қос емшектің сүтін ғой бір сормаған.

Көрген кезде құлынның көзінде мұн,
Тауыспайсың қалайша төзім көлін?
Еске түсіп, жанарыма жас толды
Жетім қалған құлышақ кезіндегім.

Түсіп бүгін өмірдің өрісіне,
Үйренгенмен шабысы, тебісіне.
Жетімсіреп өседі-ау бірақтағы,
Байланбаған құлышадар желісіне.

Осы желі меңзейді өзі нені,
Одан жұмбақ бір сырлар сезіледі.
Жетім құлыш сияқты жетім жандар,
Арамыздан қазір де кезігеді...

ӘКЕМНІҢ ЕСКИ ДӘПТЕРІ

Ұмыттық, мәңгі өшті де,
Сұрапыл жылдар от демін?..
Оқыдым кейін ес біле,
Майданғы әкем дәптерін...

Жазған ғой онда мекенін,
Өлсем де жүртый білсін деп.
Антына берік екенін,
Ұмытпай елім жүрсін деп?!

Дәптердің сыртқы жоқ тысы,
Беттері жыртық – көп таңба.
Шабуылдан қайтқан көп кісі,
Темекі орап тартқан ба?

Бұл дәптер өмір дастаны,
Жыр еткен жастық шақтарын.
Майдандас әр ұлт достары,
Қанымен жазған аттарын.

Әр бетте ауыр мұң қандай,
Окопта жазған көптеген.
Жер іісі шығып тұрғандай,
Дәптерден әлі кетпеген...

Әртегін кетіп кейде тұн,
Жандырды Жерді демімен...
Жалап та кеткен кей бетін,
Шыжғырған оқтар лебімен?!

Сол дәптер берер толтырып,
Іздеймін өмір сэттерін.
Оқимын кейде отырып,
Әкемнің ескі дәптерін...

* * *

Аға да жоқ, іні жоқ соңымда ерген,
Жалғыз ағаш сияқты көрінгем мен.
Нағашылар, жиендер заты бөлек,
Қанша жақын бауырға телінгенмен.

Бірге туған кіндіктен қаны бірге,
Қарындастар қадірлім әлі құнге.
Шаңырағы бірақта басқа олардың,
Өз оты бар жағатын бәрінің де.

Есебіне қосылмас зайдібым да,
Жалғыздықтың жүздім ғой қайығында.
Адам, шіркін, есейе түскен сайын,
Беріледі-ау осындаі ой, ұғымға...

Тәубе дейін, ол енді ұмыт болып,
Ұл-қызымнан отырмын ұміттеніп.
Ғалияшым жайнайды мамыр гүлдей,
Қанатым ғой келеді жігіт болып!

ӘЖЕМЕ

Сен едің қамқор биігім,
Қараша үйде еңселі.
Еске алып қазір жиі тым,
Сағындым, әже, мен сені.

Сәби-ді онда ойларым,
Еркелік еттім, тоймадым:
– Әжем барса, барам, – деп,
Мектепке бармай қойғамын.

Жалғыздан қалған тұяқ деп,
Маңдайға мендік сияд деп,
Адалдыққа баулыдың,
Арамдықты ұят деп.

... Шынардай көкке өрледім,
Бірақ та, әже, сен менің,
Кейінде саған жыр жазып,
Есейгенімді көрмедің...

ӘКЕЛЕРДІҢ МАЙДАНДАҒЫ КИІМІ

Сол бір шақтың көп еді ғой жетімі,
Тұрмыстың да көп болатын кетігі...
Үстімізде әкелердің көйлегі,
Аяқтағы майдандағы етігі!

Бала көніл, шіркін, қайғың тым алыс,
Қолпылдаған сол киімдер жұбаныш.

Әкелердің майдандағы киімі –
Кейбіреуге бұйырмаған қуаныш...

Ойынменен өтуші еді-ау күн де ұзын,
Әкелердің қадап алып жұлдызын.
Көкелері оралмаған майданнан,
Балалардың жүргегінде жүзді мұн...

Біздің достық бірақ оған сынбады,
Тең бөлістік, қайта бізді шындағы!
«Софыс» ойынын ойнаушы едік бәріміз –
Ауылдағы майдангерлер ұлдары.

ҚҰСТАРДЫҢ ҚИМАСТЫҒЫ

Қыркүйектің күні тұр шуақтанып,
Кәдімгі тамыз айы сияқтанып.
Жылда құстар қайтатын кезім осы,
Киқулап қимас сезім күй ақтарып...

Күз бен қыстың ұштасар шетін көрмей,
Қош айтысып кетпеуге бекінгендей.
Жыл құстары жүр әлі көлде жүзіп,
Жылы жаққа, түстікке бетін бермей?!

Құстар қимас тұнық сыр бойлайтыным,
Тосар алда маған да жол қай қырын?
Ұзақ жазды алданыш етті-ау құстар,
Біле тұра қыс түспей қоймайтынын?!

... Санадағы сол сурет енді шалғай,
Ауыл алыс кеудеме кең құшардай.

Тұған жер мен анамның от құшағын,
Қимағаннан жүруші ем мен де үша
алмай...

БАСЫЛҒАСЫН КӨҢІЛДІҢ ҚҰШТАР ӘНІ...

Басылғасын көңілдің құштар әні,
Айтарлықтай ғұмыр да қысқарады...
Ұмытады бұл жүрек құмарлығын.
Серік етіп жанына тұмар мұнын.
Сағынбайды бұрынғы шынар күнін,
Іздемейді жоғалтқан сыңар гүлін?!
Білегінде бұлқынған күш талады,
Жер бастырмай жарылып күс табаны.
Бұл өмірде білгесін сыңарлығын,
Түбінде бір таусылып жыларлығын –
Қолдан түсіп кетеді ұстағаны,
Адам жаны кебінмен тысталады,
Боқ тірлігі өмірдің тыс қалады,
Санада алыс алау от үшталады...
Басылғасын өмірдің құштар әні,
Жоғалады, ғұмыр ғой қысқарады???

ГӘККУ ӘН

Шабындық басы,
мосыда демін –
Алады қайнап ақ құман...
Басын сүйеп басыма менің,
Салады анам гәкку ән?!

Шабындық басы,
шалғының шыңы –
Шындалар тыныс сәт қой бұл.
Ананың осы ән-жырын шыны,
Өшірмей есте сақтайды ұл?!

Гәкку ән шіркін,
төгілген кезде –
Тербеліп, толқып жаңышқа далам...
Бір тамшы жасты көрінген көзде,
білдірмей сүртіп,
намысқа жанам...

Белім де талды,
Қолымның қары –
Үзіліп тіпті кетер ме деймін.
Бозторғай шырыл –
көңілдің зары,
Гәккуді медеу етер ме деймін?

Отырып аздап,
Аламыз тыныс –
Анамның әні тірліктен белгі...
Демін-ай сонау даланың шырыш,
Сағынам әлі гүл біткен белді?!

Ақ қайындар да қосылып оған,
Сыбырлап сырлы қонғандай бір үн...
Осының бәрін асылым анам –
Айтармын қалай толғанбай бүгін?

Шабындық басы,
мосыда демін –
Алады қайнап ақ құман...
Басын сүйеп басыма менің,
Салады анам гәкку ән?!!

МЕНИҢ БІЛІМ ОШАҒЫМ

(Шал ақын ауданындағы Ленин мектебіне)

Қадірлейтін өткенін,
Қазағымның ұлымын.
Мен де Ленин мектебін.
Бітіргенниң бірімін.

Көкіректе тоқыдық,
Ұмытайық неге біз,
Интернатта оқыдық,
Қара нанын жегеміз.

Түсіме де енеді,
Мектеп үйі қарағай.
Іші қандай кең еді,
Сыныптары даладай.

Аудандағы іргелі,
Көзге түсер орда еді.
Жалғыз қазақ тілдегі,
Орта білім сонда еді.

Ұстаздары-ай шетінен,
Дерсін бәрі ғұлама.

Олар қойған екіден,
үш шығады сынама.

Дәрістері дәріпті,
Естен мәңгі кетер ме?
Әліп еткен әріпті,
Еңбектері бекер ме?

Батса да жанға жарасы,
Көрмеген еш отырып.
Құсайынның баласы
Жанғалидан оқыдық.

Тәлім алдық алдынан,
Биязы адам, үятты.
Қалайша ұмыт қалдырам,
Директор аға Шияпты.

Жүрмін қазір таба алмай,
Ғазез, Шалбай қандай-ды.
Енді маған олардай
Ешкім ұстаз болмайды.

Есте қалу үшін де,
Кездескендей тұра олар –
Апайлардың ішінде
Нұрсұлу бар, Зура бар.

Ол кезде олар жас адам,
Білімдіге жол ашық.
Ал Қағида, Есаған,
Жүруші еді-ау жарасып.

Ұстаздарым ойымда,
Біз дегенде жаны құт.
Жаздым мектеп жайында,
Естелік жыр сағынып!?

ҚҰНДАҚ ҚАДІРІ

Құндақ сөзі керемет мағыналы,
Жанымнан өте жақын табылады.
Жөргек іісі қалатын ұмытылмай,
Сәби шағын кім болсын сағынады.

Жүрегімнен жыр төксем тыңдалап барып,
Айтпауыма болмайды сырды ақтарып?!
Іш көйлекпен тумайды ешбір адам,
Тал бесікте жатқанбыз құндақталып.

Құрсаққа да баланып айтылады,
Құндағы – бұл қазақтың бойтұмары.
Құндағым деп айтқанда кеуде керіп,
Туған жерім деген ғой ой тұрады?!

Құс ұшады ұядан қанаттанып,
Арманға адам жетеді талаптанып.
Құндағында қанаты жетілгеннің,
Көргенім жоқ жүргенін қарап қалып?!

Ұмытпаймын балалық гүл-бағымды,
Бұрынғыдай бәрі де қырда құнды.
Жөргек іісі шығатын әлі қүнге,
Қадір тұтам тал бесік құндағымды!

МЕНИҢ МҰГАЛІМДЕРІМ

Оңғарды ма әу баста құдай жолды,
Үстаздарым ығай мен сыгай болды.
Балуанның мектебіне сол жылдар,
Шұғылалы шіркін-ау шырай қонды?!

Өтетүғын бірінен-бірі қандай,
Көрінетін біздерге ұлылардай.
Салыстырып байқасам осы күні,
Қазіргінің барады-ау құны қалмай...

Бастауышта Қажытай, Науша ағайым,
Танитүғын баланың жан сарайын.
Құлағымнан кейде бұрап алса да,
Алақанын ал қалай аңсамайын?

Екеуі де от кешкен жауынгер-ді,
Жаныменен сүйетін ауылды-елді.
Ән салғанда біздерді еліктіріп,
Ал білімнің таусылмас тауын берді.

Істерінің болмайтын әсте кемі,
Мектебіміздің бар еді қос Шәкені.
Шәкен ағай шым-шытырық есептен,
Жаңылып көрген емес еш те тегі!!?

Шәкен апай ол дағы кемел еді,
Тұла бойы тұнған бір өнер еді.
Сурет салып, орысша сөйлегенде,
Алдына жан салмай-ақ желер еді.

Майдангерлер шықса да елден ғой көп,
Соғысты дәл Нәбидей көрген ғой жоқ.
Желдей есетін жағрапия сабағында,
Жаһанды өзі кезіп келгендей боп...

Солар берген білімнің арнасы кең,
Мектебім талай биік өрге асып ең,
Тағы сенің гүлдеген кезің болды,
Нұржан, Қоқай, Есмағұл жалғасымен.

Қадірлейді асылды барында кім,
Сейтен еді-ау ұйытқан соның бәрін.
Түседі еске, шіркін-ау, түседі еске,
Сусып бара жатқанда қолындағың...

Жағып берген өшпейтін шырағымды,
Аршып берген қайнарлы бұлағымды.
Кездестірген емеспін содан бері,
Дәл солардай тамаша мұғалімді!

ЕҢ СОҢЫНДА КІМ ҚАЛАРЫ БЕЛГІСІЗ

Менің үшін Жерұйыққа бергісіз,
Туған жерім қазір адам көргісіз.
Жұз отыз үй Балуан ауылы жоқ болып,
Соңғы түтін кім қалары білгісіз?

Түгел көшіп кеткенінше тайпа елі,
Қалар мүмкін Қажыкеннің Байкені?
Не болмаса ақсақалдың соңғысы,
Еслем қарт қала ма өзі, қайтеді?!

Осы екеуінен жоқ сияқты лайықты,
Суға батар тастамайтын қайықты...
Қалғандары отырғандар елеңдеп,
Тәнірінен күтіп көшер ғайыпты.

Ауыл жақта бұрын орман бүтін-ді,
Пұл бол-түгел, жең үшінан жұтылды.
Төңіректің тамаша өскен қайыңын,
Орманшының өзі сатып бітірді.

Осылайша жаудай бәрі шапқан ел,
Азынаған жел өтінде жатқан ел.
Маза бермей тұрады ғой жанымға,
Ауыр жайы қабыргама батқан ел?!

Менің үшін Жерүйыққа бергісіз,
Балуаным бүгін адам көргісіз.
Он бес шаңырақ тұтіні бар небары,
Ең соңында кім қалары белгісіз?..

ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ

* * *

Мен көктемді сағынам,
Жүрек те оған іңкәр бұл
Сонау жастық бағынан –
Қайта өнердей бір тал гүл...

Көктем менің кеудемде,
Мәңгі шуақ, шұғылам.
Оған сірә сенбеуге,
Қоймайды өмір – шырын ән.

Балалық шақ, бал құннен –
Көктем құсы сайрап тұр...
Көк балауса шалғынмен
Қызғалдақты жайнап қыр...

Жұпар иіс, саумал жел,
Желідегі жас құлын.
Бие байлап, сауғанда ел –
Қандай еді-ау дәстүрім?

Соның бәрі көктем-ді,
Қозы-лағы көгенді...
Бүгін бірақ жоқ белгі,
Жоғалтқаным көп енді.

Сол көктемді бәрібір,
Сағынам да жүремін.
Жүрегімде әні жүр,
Көктем – мәңгі тілегім.

БҰЛАҚ

Таудан құлап қашты ма еken,
Жаңа көзін ашты ма еken?
Мөлдір бұлақ қайда ағады,
Саяр жерін тапты ма еken?

Әнге бөлеп айдаланы,
Мөлдір бұлақ қайда ағады?
Толқынында күміс жатқан
Бетін сүйіп ай барады.

Асығады аптығады,
Арнасында шаттық әні.
Асаулық бар жас қанында,
Тастан-тасқа қақтығады.

Қыр жайнап-ақ кеткен еken,
Құстар да елге жеткен еken.
Жас бұлақты асықтырып,
Қызықтырған көктем еken.

ЕСІЛ ТАСЫП БАРАДЫ

Жарып жазық даланы,
Жазда ағатын бір қалып.
Тасып бүтін барады,
Есіл-өзен бұрқанып.

Арыстандай жарагы,
Көміп биік, жарды алып.
Жосып бүтін барады,
Есіл-өзен долданып.

Қатуланып қабағы.
Сайды, еңісті су қылып,
Тасып ағып барады,
Есіл-өзен бұлқынып.

Тұскен шақта сынаққа,
Бар қайратын жинаған.
Қиын екен бірақ та,
Арнасына сыймаған.

Басқа амалы қалмаған,
Шығар сайға төккені.
Асып аққан арнадан,
Бұл нешінші көктемі?

Шашу шашып барынан,
Елге ырыс сепкелі.
Асып тұскен жарынан,
Бұл нешінші көктемі?

Табиғат та бір ұста,
Тасқын берген Есілге.
Қуанамын ырысқа,
Жайнар дала төсінде.

* * *

Тағы да жаңа туралды ай,
Жаз өтіп бара жатыр ғой...
Ауылға мойын бұра алмай,
Басады мұнды ақынды ой.

Көшебе қыстау, бөктерден,
Бұлдірген биыл тере алмай.
Жастықты бірге өткерген,
Достарға сәлем бере алмай.

Жаз өтіп тағы барады,
Жоңышқа сайда ізім жоқ.
Бауырыма баспай даланы,
Койныма кірер күзім кеп...

Жаңбырлы түні, күні де –
Салқындау тартып түр енді.
Жер басып жүрген тіріге,
Сағынтып қойған бір елді.

Қоңыр бұлт көшіп, қоңыр жел,
Қоңыр ой басып көнілді.
Ауылға тартқан өмір жол,
Қоңыр шаңға көмілді...

СОЛТУСТИКТІҢ КӨКТЕМІ

Сағындырып құстар әні көктегі,
Жеткенінше жарық Құннің от лебі.
Сәуір біте саумал самал оятқан,
Солтүстіктің кеш келеді көктемі...

Жан бітсе де шұғылалы ақ таңға,
Сәуір қары кетпейді әлі бақтан да.
Солтүстікте шақырады көкектер,
Көлдің тіпті мұзы ерімей жатқанда.

Сәуір айда сылдырлайды сай-сала,
Жасыл желеқ, жамылып гүл айнала.
Солтүстікте біздің осы мінез бар
Қар жауатын мамырлаған майда да...

Біздің өлке сабырлықты сақтайды,
Мұз құрсаған Есіл көбік шашпайды.
Оңтүстікте егіс көктеп қалғанда,
Солтүстікте тұқым себе бастайды.

Сәуір айдың таныспын ғой назымен,
Бәрібір де табыстырар жазымен.
Мен көктемді қарсы аламын жыр жазып,
Оңтүстікten қайтқан құстар сазымен!..

* * *

Көктем өтіп,
Енді жаз іргесінде,
Көңліме күншуақ кіргесін бе?
Қалам алып қолыма,
Ой кешемін –
Кейін қалғым келмейді жыр көшінде.

Кейін қалғым келмейді,
Кейін қалғым,
Көз жетпес көкжиекке дейін бардым...
Толқынысын іздеймін жүрегімнің,
Жазылмаған жырымның,
Қайырмамның?!
Жеткізбейді жылыстап,
Сағым белен,
Сағым белден бергісін бәрін көрем...
Гүл қауызға сыймайды,
Ашылады –
Елжіретіп,
Күйдірген жанымды өлең!

Жақсы екен ғой,
Сезініп,
Жан ұққаны,
Мұның бәрі баяғы шабыт қамы.
Жүре бергім келмейді енді менің,
Өтіздейін –
Жегілген қамыттағы...

Сүйдірсең –
Бұрынғыдай сүйдір деймін,

Күйдірсең –
Бұрынғыдан күйдір деймін?!
Өлең үшін туғасын,
Өлең үшін –
Мен өзіме басқадай күй білмеймін.

* * *

Жеттің бе, жасыл жаз маусым,
Жазира қырға жыр төгіп?
Естіміз көлде қаз даусын,
Ақторғын соғым бүркеніп...

Көк зенгір аспан, күн биік,
Ақ қанат бұлттар мамырлап.
Даланы шуақ нұр сүйіп,
Төгіліп жатыр жаңа ырғақ.

Күмістен шолпы таққандай,
Бұлақтың бұлқып арнасы.
Жаңарып жасап жатқандай,
Көктемнің жасыл жалғасы...

Жеттің бе, жасыл жаз маусым,
Жалғасы жасыл көктемнің?
Әуелеп ұшқан қаз даусын,
Төбемнен тағы өткердім...

* * *

Жаңбыр жаумай, шыжып күн,
Жазда ұзақ сағым жүзген-ді...
Тігісін мезгіл сызықтың,
Бәрібір сөгіп күз келді...

Табиғат қосып күштеумен,
Тоңазытқыштарын қуатты.
Жылы жаққа құс-керуен,
Құшақтап ұшты шуақты...

Жеткізіп бізге күзді алыс,
Жөңкіген қара бұлттарды-ай?
Жаздағы жаңбыр-қызғаныш,
Төгіліп жатыр түк қалмай?..

Қалтыратып күзімді,
Суық жел бәрін жұлтардай.
Жапырақтар үзілді,
Қысқа өмірді ұға алмай...

ҚАРЛЫГАШЫМ, СҮҚСЫР ҚҰСЫМ ҚАЙДАСЫН?

Сусылдатып, жылдам қаққан қанатын,
Бір бұтаққа сымдай қатар қонатын.
Корасында ауылдағы бар үйдің,
Қарлығаштың ұялары болатын?!

Қалай салған дерсің мұндай құттыны,
Үлпілдеген ішіндеңі мүк түбі...

Құс ішінде көргенім жоқ өрілген,
Қарлығаштың ұясынан мықтыны!

Бұрынғыдай нұр құяды көкте Күн,
Жазға жылда жеткізеді көктемім?
Бірақ та мен түсінбеймін неге осы –
Қарлығаштың бізден безіп кеткенін?

Көрінбейді айыр құйрық ұшқырым,
Былай жору керек мүмкін құс сироны:
Біздегі ауыл тегіс көшіп жатқасын,
Тастамайтын болды ма олар түстігін??

Айқыш-ұйқыш кесіп адам жолдарын,
Шырқау көкте шырылдал бір қалған үн...
Мен ғой сені сағынам да тұрамын,
Қанатымен су себетін қорғаным??!

Тұрмыс қазір көтермейді жай да сын,
Құс та болсаң, бастан бағын таймасын?
Сені іздеймін, сусылдаған қанаты –
Қарлығашым, сұқсыр құсым қайдасың?

КҮНДЕР ӨТІП БАРАДЫ

Күндер өтіп барады, күндер өтіп –
Жолыңды бірде бұрыс, бірде оң етіп...
Көкжиектен көгілдір сағым көшіп,
Жылдар жылжып, оралмас ағым кешіп.
Тіршіліктің тынысын нұр дем етіп.
Ақындардан аңсаулы жыр дәметіп...

Арулардан алқызыл гүл дәметіп...
Күндер өтіп барады, күндер өтіп –
Тоқтамайтын тынымсыз сағаттардай,
Аңсап ұшар алысты қанат бардай?
 Тағы алдынан үміттің таңы атқандай,
 Тәнірдің өзі ақын қып жаратқандай?!
 Күндер өтіп барады, күндер өтіп –
 Атар таңға асығып, бірге жетіп,
 Ойға әлғанды бәрінен ілгері етіп,
 Көтеретін көңілді дүрмелетіп,
 Осы күні үш бірдей тілге жетік?!

... Түсіп бірақ қалмасын деймін онын,
 Аяғына асығып ілген етік...
 Күндер өтіп барады, күндер өтіп?...

БӘРІ БЕКЕР БОЛЖАМНЫҢ

Алдағы өмір қараңғы,
Қауіп-қатер толған бір...
Қорқытады адамды,
Нелер онда болжам жүр.

Был жазды, айталық,
Келмейтіндей көргенмен.
Есесін ол қайтарып,
Енді есебін тенгерген.

Маусым айдың басында,
Жауратқаны қызық бұл,
Есесін ап расында,
Қазір күн ғой шыжып түр...

Сол сияқты шілденін,
Болжамы да мәз емес.
Жаңбыр жауса күнбе күн,
Ол, әрине, жаз емес.

Қудалап күз жетеді,
Сосын осы тамызды.
Сейтіп жазың өтеді,
Көшкен тұман тәрізді.

Әр жағында қысың бар,
Алмастырап күзді кеп.
Әуе қабатындағы қысымдар,
Мазаламақ бізді көп.

Яғни, аяз қысады,
Дүлей боран соғады.
Біздің өнір мысалы,
Тундрадай тоңады...

Сенер болсақ бәріне,
Қалмай мұлде шырайы.
Тәңірінің кәріне,
Түсіп жүрміз ұдайы?!

Жо-жок, бекер! Сезімім –
Алдамайды маздағым:
Көреді адам өзінің
Маңдайына жазғанын!

САЛҚЫН ЖАЗ

Көтеріп жылда көнілді,
Кететін жазым қайдасың?
Амал бар ма көгінді,
Бұлттандырып қойғасын?!

Көкжиекте бұлдырап,
Көзден үшты таң сағым...
Еңсені езген тұнжырап,
Күндерден мынау шаршадым.

Сезімнің оты шарпымай,
Неге түр жаным булығып?
Биылғы жаздың салқыны-ай,
Жаумаған жасын тудырып?!

Құстардың әні жетпеді,
Қарлығаш-ұя көрмедім.
Күннің нұры көктегі,
Жарытып жылу бермедін.

Биылғы жаздың салқыны-ай,
Бозқырау түсіп, боз кештім...
Кеудемді жалын шарпымай,
Шілдені енді сезбеспін?!

Көлдердің беті көнілсіз,
Жұптасып аққу жүзбеген?!

Тыраулы тырна легінсіз,
Келер ме ертең құз деген?!

ТАМЫЗДЫҢ БАСЫ

Тамыздың басы тамылжып,
Әлі де ыстық жаз бізде.
Таңғы салқын – қоңыр жіп,
Тартса да ептеп сәл күзге...

Тұскен жоқ әзір шық таңғы,
Тұман да қалың басқан жоқ.
Кешкілік ептеп бұлттанды,
Күн шыға бірақ аспан көк?!

Жарасым жазда тапқандай,
Сезесін Күннің нұр демін.
Жалғасып сірә жатқандай,
Аптабы өткен шілденің?!

Тұрса да тамыз ысып бұл,
Желегі жердің көкпеңбек.
Бадана шие пісіп тұр,
Жидек те еріп кеткен жоқ...

Үп еткен желден жоғалар,
Бақ-бақ басы үлпілдеп.
Ырысты жазға бағалар,
Тамызға жетер бір күн жоқ!

ҚЫМБАТ МАҒАН ИҢІР КҮН

Тезек иісін ауылдағы інірдін,
Жұтып өстім,
Аңсаймын-ау бүгін күн?!
Балқып батқан көкжиеекке қол созып,
Келіп кетті жалаңаяқ жүгіргім...

Келіп көтті балалықта оралғым,
Мауқым басып,
Қалай оған қанаармын?
Ауыл менің құндағымсың тербеткен,
Құстай ұшып,
Ынтықпайды саған кім?!

Бұрынғы емес,
Қазіргі күн – құрамыс,
Балалықтың бар елесі тым алыс...
Қызыл інірде қызу тірлік көре алмай,
Жан ауырып,
Езіліп қой тұрады іш...

Обалы көлдің әр жағынан шағылдың,
Қымыздықты қыр беткейді сағындым.
Бүтіндері батпақтанып бара ма,
Қатып қалған қатпарындаі қамырдың??

Қурай өскен,
Бойымыздан жоғары,
Көлден бұрын,
Жол жиегі қоғалы.
Біз билетін қызыл інір ауылдың,
Көз алдында сиқы кетіп барады.

Бұрынғыдай ақсақалдар дүйім көп,
Кешкіліктен бие қосар үйір жоқ.
Балалықтан түк қалдырмай еске алар,
Бәрін жайпап өткендейін құйын кеп?..

Жол тақырды құрған талай асықты,
Боз даланың қияқ шөбі басыпты...
Жоғалған соң тіршілігі іңірдің,
Көңілдегі көп үмітті жасытты.

Сонда дағы қымбат маған інір күн,
Ұмытылмас сәттері бар ғұмырдың.
Мейлі түгел ауыл көшіп кетсе де,
Қырға шығып келеді бір жүгіргім...

БОСҚА КЕТКЕН УАҚЫТ ЖАЙЫНДА

Тынышсыз боп барамын тегінде мен,
Көр-жөріне өмірдің көңіл бөлем.
Бос уақытты бекерге шығын ету –
Кемістігім деп білем көрінбеген?!

Қанша ғұмыр қалды енді шекіп жеуге,
Шамам жетсе тырысып өкінбеуге?
Соны ойласам, өзім де бекінемін,
Бос уақытты бекерге кетірмеуге.

Көбі үйқымен өтетін тірліктеңі,
Күндізгі істер былығып бір бітпеді.
Жұмыспенен жүрдік қой кенседегі,
Қарекетті ұмытып түндіктеңі.

Болса уақыт думан кеш, тойға барып,
Арақ ішіп, қарынның тойғаны анық.
Гұмырда бұл қалатын есте мәнгі,
Дұрыс іске көрмеппіз пайдаланып?!

Бойкүйездік болды ғой бойымызда,
Мән бермейтін бос жүрген жайымызға.
Қыңқ етпейтін жан едік, қайтерсің-ау,
Қасқыр щауып жатса да қойымызға?!

Еріншектік бізден ғой арылмаған,
Жастық шақтың өзінде жалындаған.
Селеңдеп бос жүретін жігіттердің,
Ауласында отыны жарылмаған...

Мұндай мысал жетіп қой артылады,
Босқа кеткен уақыттың бар тұманы...
Бағалайтын болса адам бос уақытын,
Ертеңіне бүгіннен қам қылады!

БҰЛ БІР ДҮНИЕ...

Бұрынғыға, бүгінге бөлінбейтін,
Мәңгілікке жалғасар өмір дейтін.
Бұл бір дүние – көгілдір көк аспаным,
Шеті, шегі ешқашан көрінбейтін...

Тағдыры бір байланған Жер кіндікте,
Баға бар ма жететін ел бірлікке?
Бұл бір дүние – тарылмас кең тынысым,
Бостандықта, егемен еркіндікте?!

Жырлар жазып жаныма гүл еккені,
Топқа салып өзімді тұлеткені.
Бұл бір дүние – арманым аңсаттырған,
Махаббатым өшпейтін жүректегі!

Қайырлайтын шығар ғой енді кемем,
Кеудемдегі кеңсарай төрді берем.
Бұл бір дүние – кәдімгі қарашығым,
Тіршілікті қимайтын мөлдіреген...

* * *

Өмір өтіп барады,
Ғұмыр ағып –
Көңілден бірі өшіп,
Бірі қалып...
Жарық нұрга жанымды
жетелеші, Ұысынан уақыттың жұлып
алып?!

Көз жүгіртіп, өткеннің сан-сағына,
Аршып алшы,
Күйдірші болса кінә –
От тіліне жалатшы жан жарамды,
Жанып тұрган жүрегім балшамына...

Үміттерім үзіліп елге сенер,
Бұлай ету –
Қолыннан келмесе егер.
Жағып жібер,
Лаулатып өрте мені,
Күлім қалсын бір шөкім жерге себер?!

Өмір өтіп барады,
Ғұмыр ағып –
Ғарыштағы кемедей зымырадық...
Не керегі бар дейсің,
Қайран, дүние –
Қайрылмайтын тірлікте тірі қалып?!!

* * *

Жетегінде жүрген әлі,
сыр, мұнның –
Бұл бір дәурен,
Өтіп жатқан бұл бір күн...
Қайда кетіп барамын мен,
Білмеймін,
Бір ұшынам ұстап өмір-шылбырдың?!

Не бітірдім,
нені осы мен тындырдым,
Бәрін желге ұшырдым ба жыр күннің?
Қирап қалған ауыл ойға тұскенде,
Жетім құлындай желідегі,
Шыңғырдым!

Бұл бір дәурен,
Ұшқан бастан бұлбұл күн,
Бар ма ақыры,
Бітер кезі құрғырдың?
Жайын қайдан ұқсын жүртym,
Білмейді-ау,

Қайғыменен қажып жүрген
Мұнды ұлдың?!
Мұжілдім де,
Өз-өзімнен қынжылдым,
Мойнымдағы салмағы ауыр шынжырдың.
Ауылынан безіп кеткен итке ұқсап,
Қаладағы қаңғып жүрген тұрғынмын...

АСЫҚТЫРМА, ӘБІГЕР ЕТПЕ МЕНИ

Асықтырма,
Әбігер етпе мені,
Қорыққанда жаман ой көп келеді,
Жапырағым түскелі жаным жүдеп,
Сыр бөлісер жүректің дәптер емі...

Жұбандырып,
Ал кейде қуандырып,
Ой бұлағын тұсаулап,
Суалдырып –
Төгілетін жырлар-ай,
Құйылатын,
Солған гүлдей сарғайды,
Қуарды үміт?!

Көңіл күпті демеймін өткеніне,
Өмір үшін –
Жаз, күзі, көктемі не?
Жыл мезгілі сияқты тіршілік бұл,
Ауыса да бермейді,
Төрт бөлінে?!

Атар таң мен батар Күн болғасын да,
Өмір-өзен бұрынғы арнасында.
Асықтырма,
Әбігер етпе мені,
Тұрған жанмын шынырау,
Жар басында...

Құлар ма екем білмеймін,
Құламаймын...
Кимай мені тұрғандай бұл арай Күн?!
Тайып кетсе аяғым,
Жалынбаймын,
Тәнірімнен тағы өмір сұрамаймын...

ҚҰСТАРМЕН ҚОШТАСАМЫН

Жаз да өтті, күз келді,
Қыркүйекте қысқа күн?!
Құс жолындай ізге енди,
Мен де бағыт ұстадым...

Ғарыш көктен керілген,
Темірқазық қададан.
Тұстік бағыт берілген,
Осы жолды таба алам.

Аққу-қаздар топталып,
Ұшуга ертең жүр дайын.
Тылсым түйсік сақталып,
Қалғанын-ай, құндайым!

Құстар оны сезеді,
Жылы жаққа үшады...
Жұмбақ тірлік өзегі,
Ал мені ғой тұсады?!

Қоштасамын құстармен,
Жаным жылап қалады...
Туған жерге құштар дем,
Одан жылу табады!

ЖЫЛҚЫШЫ

Төрт түяқ бейне ай атқан,
Тасыр да тұсыр еңісте.
Даланы сілкіп оятқан,
Не жетсін тұлпар тебіске?!

Тебініп қалып жылқыны,
Құлдилап кетті – күй тулап.
Секілді үшқан жыл құсы
Барады қайда қиқулап.

Жалына тұлпар жалбырап,
Бір жалын от қонғандай.
Барады қайда ол жырақ
Әлде бір жаққа армандай...

Көнілдің қара үшқырын?!

Қамшылай тұсті кер атты.
Көздегі алау үшқынын
Жандырып тұлпар тер ақты.

Көзінде үшқын жастың да,
Аймалап төсін жел-бөбек.
Барады тұяқ астында –
Жұмыр Жер өзі дәңгелеп...

Тамылжып тұрып осы шақ,
Күмбірлең дала күй ақты.
Дала мен тұлпар қосылса-ақ,
Жастық шақ біздің сияқты.

ТУНДРА

Тоңнан жібіт,
Сағыз жерді үрғыла,
Қына біткен,
мұқ жабысқан түр мына.
Ленадағы Усть-Кутыңнан басталып,
Арктикаға созылады тундра.
Онда тоғай –
қарағайдың шырышы,
Сазға біткен қайыңдардың құнысы.
Қына жолда көшіп бара жатады,
Нанайлардың аша мүйіз бұғысы.

Сахалардың киіз үйі беріден,
Қымыз құйып бере алады төрінен.
Тундраға сына қаққан сияқты,
Шүкшелердің үшкір қосы теріден.

Бәрінен де тамашасы тірлігі,
Тундраның жабылмайтын тұндігі.

Қонақтары жылдап жатып қалатын,
Қонақжайлық болар оның бір міні...

Күннің шапақ тарамасын тор жібі,
Тұндерінде шұғыланың молдығы,
Үйқы бермей тоңазыған тірлікке.
Таңды аңсаған гага үйректер толды үні...

Отқа қақтап азық қылған балығын.
Шыдамдылық берген халық тәнірім.
Нанай болсын, шукші болсын, ненец те,
Қисық көзді атасы бір бәрінің.

Қайтем айтып, қатал қысы, ызғарын,
Тундрада тоң да қалың, мұз қалың.
Шамандары шайтандарын аластап,
Құй кешеді білмейтүғын біз мәнін.

Бұзылмайтын тазалыққа бір мұра,
Қойнауына байлық көзін тұндыра.
Адамдардың болашағы үшін де,
Қына басқан мұлгіп жатыр тундра.

КЕШІККЕН ҚЫС

Кешіккендей,
қыс биыл кешіккендей,
Ақ сақалды аяз қыс көшіп келмей.
Табиғатты айтам-ау, түр ғой әлі –
Күз бен қыстың арасын шешіп бермей...
Ертемен ақ қар жауып,
Кеште еріді

Жолдың таппай тұр бабын еш көлігі.
Мұз толарсақ тоғайлар тоңып тұрған,
Сияқты бұл қоңыр күз естелігі...

Жапырақтар жамырап желге ұшқалы,
Шөп пен жемін шаруа жөнге ұстады.
Отын шауып жүр әлі, көлік жалдап,
Ойландырып отырған ел қыс қамы.

Желтоқсаным – алда ызғар төніп тұрған,
Қарашада қара жел соны ұқтырған.
Мұнарланған тұманды кең далада,
Бата алмайды Күн дағы сөніп қырдан.

Ораза айдың биылғы қарашага,
Тұспа-тұс келгені-ай, тамаша да.
Сырганақтап жүреді, үйге кірмей –
Ауызашар болғанда бала-шаға.

Кешіккен қыс,
Құздейін маңыз, мәні,
Тәнір берген ырыздық тәрізді әлі.
Сезіледі тоңған бір шақта алдағы,
Қатал қыстың қаһарлы бар ызғары...

АҚ ҚАР ЖАУДЫ...

Ақ қар жауды,
алғашқы ақ қар жауды,
Ақ көбікке көміпті бақтар, бауды.
Жон арқасын қыс қыршып тұрса-дағы,
Ала тайым арқырап қаққа аунады...

Ақ қар жауды,
бұтақтар салбырады,
Мұз боп қатқан соңғы бір жаңбыр әні.
Шыныдайын шытырлап жаңа қатқан,
Көл мұзында балалар қалжырады.

Ақ қар жауды,
ақ тілек үлпілдеді,
Қар болмаса қансонар мүмкін бе еді?
Жолдасымның бас білмес құла тайы,
көбік кешіп,
бұл қарда бүлкілдеді.

Ақ қар жауды,
аяғы аяз болды,
Қар басыпты құбіртік таяз жолды.
Шыршаларға шымшықтар үркіп кеткен,
Өрнегі мол,
Үзілер аяз қонды...

АҚША ҚАР

Әдемі үйқас тауып бір,
Тыныштыққа бақтағы.
Жапалақтап жауып түр,
Жаңа жылдық ақ қары.

Жаңа жылдың ақ қары.
Конып жатыр қалықтап.
Дәл осынау шақтағы,
Қар үқсайды мамыққа ақ.

Тал-терекке, қайыңға,
Шыршаларға қонақтап.
Жаңа жылдың тойында,
Түсті қалың қар аппак.

Босағадан аттаған,
Жылға жақсы тілегін.
Жүргегінде сақтаған,
Ақтарады жыр-елім.

Дала тегіс ақ торғын,
Бір кіршік жоқ бақта да.
Жазылмаған дәптердің,
Беттеріндей тап-таза.

Сол ақ қарда алғашқы,
Қалт-құлт етіп қадамы
Болашаққа жалғасты,
Сәби кетіп барады...

АППАҚ ҚАРҒА АҚ ӨЛЕҢ ЖАЗЫЛАДЫ...

Жаралғасын жыр ғұмыр тағдыр үшін,
Қандыра алмай келемін жан құрышын.
Аппақ қарға ақ өлең жазатуғын,
Бұл өзі мүмкін мениң соңғы қысым.

Ұмыттырған жаздың нұр жаңбыр әнін,
Тұнжыраған күзден де қалжырадым.
Көкжиекке дейін бір із қалдыrap,
Бұл өзі мүмкін мениң соңғы қарым.

Адасам ба, жоқ әлде жол табамын,
Қайда барып тірелер қар табаным.
Батар күнге еніп мен кеткенімше,
Үміт жүгін тағы да арқаладым.

Ақ қар жауып соңында қарашанын,
Келтіріп тастады ғой дала сәнін.
Соны қорып жүргендей көрінеді,
Құлақтанып, қызарып аласа Күн.

Көңілден көктем алыс енді көктер,
Тағы мұңлы ой тербеп, жанды жеп көр.
Толсын тұнық жырларға жүректегі,
Аппақ қысқа арналған соңғы дәптер.

ҚЫС АЯҒЫ ҚЫСЫП ТҮР

Қыс аяғы биыл тіпті қысып түр,
Аяз қатты,
бетті қарып үсік түр.
Тәнір бетін аулақ қылсын, қауіпті –
Қалар болсаң борасынға түсіп бір...

Ақпан осы ақыратын тоңдырып,
Деген рас-ay,
Тұрған жоқ қой оңдырып.
Жаяулатып жел бораған кезінде,
Тіпті мұлде болмайды еken жол жүріп.

Қарашада түскен ақ қар сіресіп,
Қатып қалған, қыс пен көктем тіресіп.

Койныңа еніп, қалтыратқан денені,
Солтүстіктің сұық желі тұр есіп.

Мұртқа қонған сұңгі мұзы бармақтай,
Ақпан өтпей, қатып солай қалмақ па ай?
Қыс аяғы, тіпті, қысып кетті ғой,
Көніл нұрын көктеміме жалғатпай...

ҚАҢТАРДЫҢ САРЫШҰНАҚ АЯЗЫ

Жұртымның жарайды ғой бұл шыдамы,
Еттен өтіп барады қыршығаны.
Батыс Сібір ойпатын жаулап алған,
Сары аяз жерге бұғып, тұншығады.

Қырықтан да асады сынап баған,
Бір аптадай бұл аяз тұрақтаған.
Әсіресе, желінің өті қатты,
Бетті қарып, үсітіп, шыдатпаған.

Тік ұшады мұржалы үй тұтіндері,
Аспан асып кетердей бүкіл демі?!
Сұңгі мұртты жігіттер жүр далада,
Жерге мұз бол түседі түкіргені...

Білдірмейді бұл сұық бұтін жайды,
Кеуде керер кең ауа жұтылмайды.
Сұықторғай бұтақта қатып қалып,
Басқанда табан ізі сықырлайды.

Қары жұқа қыс қатер дегендейін,
Қата түсер жер тоны тереңдейін...
Сарышұнақ сары аяз қысып тұрсын,
Өмір бар ма бұл өзі сенен кейін?

ОРМАН КЕЗІП БҰҒЫМ ЖҮР...

Табиғаттың түпкі сырын кім ұғар,
Тундрада қатып жатыр шыны қар.
Тұяғымен азық таптай қиналған,
Біздің жаққа безіп келді бұғылар?!

Солтүстіктің мұзды поляр шеңберін,
Түсінбеймін қалай асып келгенін.
Жолда жолай тастан тауып қына-мүк,
Сар даланың басты-ау ақыр кең жерін.

Ақ қайыңды орманымның сәні боп,
Өзгеріп бұл сала берді төнірек.
Есіл өнір табиғаты шұрайлы,
Бұғы, еліктің жетеді ғой бәріне от.

Биыл өзі түскен жоқ қой қар қалың,
Жүр бәрі де кезіп еркін орманын.
Шөп үйілген жерлерге де үйренді,
Қорықшыдан тауып тіпті қорғанын.

Дала сиыры аталатын бұрын бұл,
Есімізге түсір соны, біліндір!
Бауыр басып кетері анық бізге де,
Орман кезген бұта мүйіз бұғым жүр?!

Тоқтар Зікірин ғалымдардың шығармалары

ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ

Маза бермей жүр осы жанға бір ой,
Болашақтың өзі де алдағы үрей...
Қаншалық балағанмен жақсылыққа,
Жылқы жылым қуанта алмады ғой.

Жетіп жатыр тірлікте жай да ырымдар,
Одан кейін ырысты қой жылым бар.
Келер мүшел жеткенше не болады,
Жылқы жылы туылған тай-құлындар?

Десе дағы әлі алыс шал таяғы,
Бес мүшелде адам ғой ортаяды.
Жылқыжас пен адамжас қабыспайды,
Қос мүшелде тұлпарлар қартаяды.

Тік тиген тасқа жонар от тағасын,
Кеудесін құйын желге тоспағасын.
Тұлпар ғұмыр құр бекер өтті дей бер,
Бәйге алатын бестіде шаппағасын?!

Тағдыр сыйы тірлікте тең бөлінсе,
Алғымыз кеп тұрады-ау бергенінше.
Тобыр қалды айғырынан айырылған,
Қайта оралып жылқы жыл келгенінше?!!

АҚЫРЗАМАННЫҢ АЛДЫ ОСЫ МА?

Тұзгеменен ой тәуір,
Жүр ғой бәрін көз көріп.
Ауа райы әйтеір,
Бара жатыр өзгеріп.

Мамыр айда қар жауып,
Кейде ақпанда жылмық күн.
Жер өрісі қалды ауып,
Кетті ме әлде жылжып тым?

Болып болжам дерегі,
Қарайтұғын күдікпен.
Жылмық жылжып келеді,
Мұзды мұхитты жібіткен.

Тозып аzon қабаты,
Аспан күмбез тесілді.
Күйген құстар қанаты,
Радиацияның кесірі.

Жүрміз бекер шуласып,
Бітірдік-ау не біздер?
Дүниежүзін су басып,
Тасып жатыр теңіздер.

Мұхиттан толқын жосытқан,
Апат ауқымы кеңейді.
Зілзалалар шошытқан,
Цунамилер көбейді.

Не болады келер күн,
Тағы несін тосады?
Ақырзаман дегеннің,
Алды ма екен осы әлі?

НАУРЫЗ ТҮНДЕ

Бүгін түнде Күн мен Түн теңеледі,
Жыл жаңарып,
Ескісі көнереді.
Уақыт жібін қолынан шығармайтын,
Тәңір қандай мықты еді,
Шебер еді?!

Жаңарады тіршілік,
Құлпырады,
Бәрін көктем алады ырқына әлі.
Көгендері қозы-лақ маңырасып,
Ертең-ақ қой құлыны шүркырары...

Күнделік көрінгенмен көзге бірдей,
Болмайды ғой бұл өзі өзге күндей.
Наурыз түні – таразыда тең түскен,
Тіршіліктің кәдімгі безбеніндей?!

Ала жатар алда Күн басымдығын,
Ал, әзірге Түн бұғып,
Жасырды мұн...

Өзгермейді бірақ та оныменен,
Нәтижесі тәуліктік қосындының!

Бір-бірінен алары,
Бересі жоқ,
Тағы осылай тіресер келесі рет.
Наурыз түнді бүгінгі,
Наурыз түнді –
Ұғынамын жыл басы мәресі деп!!

МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР ...

* * *

Білесің бе маҳаббат мағынасын,
Егер білсөң, біреуді сағынасың!
Соны ойлайсың серік қып қиялына
Тәніріңе табынып, жалынасың!

Өзгересің, өзіңді ұмытасың,
Көз отыңмен біреуді жылытасың.
Мінез деген өзгеріп, жібектеніп,
 өмір үшін,
 өзіңнен бір ұтасың!

Гүл біткенге еселеп ғашықтығын,
Мың тілейсің – аспанның ашықтығын
Жүрек отын өртейді, шынықтырып,
Балалықтың боркемік жасықтығын?!

Өзгересің, өзіңнен алыстайсың,
Өзгелерден бел шешіп қалыспайсың.
Ғашық болып көру бар, көре білген –
 Көкіректі ойменен жаныштайсың...

Жүдейсің де, жабығып көресің де,
Торығудың жүзесің кемесінде.
Бойындағы қуатты сенім күші –
 Тоқтатпаса күресін, көнесің де!

Ұнау үшін сол жанға лапылдайсың,
Жанып тұрған жалынға жақындаіссың.
Алғашқы рет жыр жазып, алғашқы рет
Дүниеге келетін ақындаіссың!!

САЙТАН ОТ

Сайтан ойлардың әлегі,
Кейде ойнағың келеді.
Қыз ба, әлде келіншек –
Бәрібір көңіл дәмелі.

Ұмытып үйді, тұрмысты,
Тартады осы бұл құшті
Қондырам дейсің кеудеге,
Жылына қонар бір құсты...

Тауысып барды, шашылып,
Қалтадағыны жасырып,
Көрсеткен сайқал жомарттық,
Бола ма деймін асылық?

Жүректі бір сәт күйдіріп,
Сүймейтінді сүйдіріп,
Сайтан ойлардың әлегі –
Қимасты қойды қидырып.

Жатсынған сені жастыққа,
Басың да тиер жастықта.
Амалың қайсы бірақ-та –
Көбелек көңіл, мастыққа.

Тұнық көз тартып теренге,
Жұзесің мұхит көлемде.
Сенбеймін, асте сенбеймін,
Сайқалдық жоқ дегенге.

Жұмақтың жұмбақ тәттісі,
Махаббат – ойын сәттісі –
Қалыңдық емес, жар емес,
Төсегі мүлде жат кісі.

Қызын алып, нәріне –
Елітіп үлпа тәніне.
Әмірде бір сәт сайтан от,
Әртемесе мәні не?!

ЖАРЫҚ АЙ

Тағы да Айға телміріп,
Қараймын-ау мен тұнде.
Бөлменің шамын сөндіріп,
Терезеден,
Дертім не?!

Жүректен жұмбақ сезім бір,
Бұлқынып кетер шағымдай.
Қараңғы түнде көзім нұр,
Жап-жарық Айды сағынды-ай...
Мұлгіген қала. Таңғы ұйқы –
Тәттілікten қалғандай.
Жарық ай көкте қалқиды,
Мен үшін жарық болғандай...

Қателік болса кеш дерге,
Жарық ай тіптен ойлы екен:
Мен қуә болған кештерге:
Опасыз болдың дей ме екен?!

... Көктемгі дала,
жарық ай,
Жанымда болған бір ақ құс...
Балалық, көзсіз шағым-ай,
Қайтейін енді жырақпыз!!

Куә қып айды бақытқа,
Ақ құсты ессіз сүйген ем...
Сонау бір жасын уақытта,
Жалындал жанып күйген ем...

Ақ көйлек киген ақ құстын,
Шашына қара тұншығып.
Жанымды өртеп жатты
ұшқын,
Жарық ай сонда тұрса ұғып...

Үрладым аңғал қымбатын –
Тұнді мен бекер тұл еттім?
Қараңғылыққа мұң жақын,
Білмегені ме жүректің...

Ағыл да тегіл
ақ құсым,
Көзінің жасын тия алмай.
Мұңайып үнсіз
ақ мұсін –

Жарық ай сенен үялды-ай...

Жүгіріп кетті топ талдың,
Көлеңкесінде жоқ болды.
Қуа алмай қалдым,

тоқталдым –

Жүргегім толы шоқ болды?!
Жарық Ай бұлтқа кірдің де,
Қою түн басты өнірді...
... Ақ көйлек бертін

бір түнде –

Ағараңдап көрінді...

Біреудің бірақ ошагын,
Маздатып жағып жүр екен.
Жарық Ай ұмыт,

жас әнін –

Басқаға арнаған гүл екен!

Қателік болса кеш дерге –
Жарық Ай бүтін ойлы екен?!
Мен күә болған кештерге,
Опасыз болдың дей ме екен?!

* * *

Сенесің бе, сүйкімді –
Қылышыңа құлаппын!
Бөлдім сенің үйқынды,
Бөлдім жаным бір-ақ түн...

Жыр оқыдым, бөледім –
Сені тәтті қиялға,

Менің інкәр өлеңім,
Аймалады-ау, ұялма?!

Жанарында нұр тұнып,
Көрдім қонған бір шықты.
Ішкі жалын ұмтылып,
Сыртқы жалын тұншықты...

Адалдықты, ақ тұнді –
Пір еткенсің, сенемін!
Құдай сені қақтырды,
Обалымнан дер едім?!

Қолаң шашқа көмілген,
Мәрмәр иық, биік төс,
Қаны тамған еріннен,
Қана алмадым сүйіп те еш...

Күттің бәлкім батылдық,
Әлде ожар тағылық?
Менде жаным ақындық,
Тұрды шамы жағылып...

Сөндірмедім шамды сол,
Сені үркітпей, шошытпай.
Көз ілмestен таңды сол,
Жыр оқыған ғашықтай...

ТАЙГАДАҒЫ ТҮН

Сары алтындағы бұраңдаған бұрымын,
Көк көзің де

бермей жүрек тынымын...

Шилка деген қаласында Сібірдің,
Жанар отқа күйгендердің бірімін.

Вокзал басы...

Ұғы-жығы халық мың.

Перрондамын. Жалғыздықтан жалықтым.

Бұраң белді, билеп басқан періштем,

Неге, неге?

Неге маган жолықтың?

Сен – бақытсың, сиқырлы саз, тәтті әні,
Мен – көбелек, отқа күйген от тәні...

Көзбен ғана ұғысқамыз шіркін-ау,

Махабатты-ай,

сол бір жастық шақтағы!

Жалғыз тарам темір жолдың таспасын,

Анық еді-ау, жеке, жалғыз баспасым.

Түнгі тайга тұрды-ау сонда тұнжырап,

Білгендей-ақ бізді тағдыр қоспасын.

Қос рельстен қатар ұшқан құстардай,

Соңымыз жаз, артымызда қыс бардай,

Жүрек үркіп, көніл үркіп келеді,

Қара орманда қарақшылар ұстардай...

Сен де қашқын,
Мен де қашқын дәстүрден,
Тіл тауыптыз қосылмайтын қос тілден,
Жанардағы қуаныштың жасына,
Лұпілдеген жүргегімді тостым мен!

ЖҮРЕК СЫРЫ

Жүрмін қажып ойлардан,
Естегіден,
Мұң дегеннің салмағын кеште білем.
Жүзіп келем бағдарсыз, ағысқа еріп,
Қайықшыдай айырылған ескегінен...

Арман ұмыт,
Бақыт та басқа қонбай,
Тәлкегіне тағдырдың тастағандай.
Махаббатым алғашқы мені ұмытып,
Жүзін бұрып өтеді басқа жандай...

Жастық шақтың тәтті үміт, қиялдарын
Анық еді-ау өзгеге қия алмағым.
Жүрек лұпіп тұрғанмен, жыр төгіліп
Ұясынан ұшпады-ау ұян дарын?!

Шыңыңың қолым жетпеді шынарына,
Бәріне де өзімде кінә мына.
Неге ұмтылып ұшпадым жыр ғашыққа,
Аққу құстай асыққан сыңарына?

Өртөнбедім, өзімді өртемедім,
жүргімде тұншықты-ау ерке өлеңім?
Тіршіліктің құйбені қүйреткенде,
Күреспеген өзімнен жеркенемін.

Өмір – өкім бермейді аяушылық,
мақсатқа адам жетпейді жаяу шығып.
Осы ойлардан жаныма жасын түсті,
Тұніменен дөңбекшіп, ояу шығып...

СЕЗІМ ҚҰДІРЕТИ

Бір-бірімізге кетсек дағы жат болып,
Тым алыста жүргенменен бұл күнде.
Жүргімде қалған мәңгі сақталып,
Сені аңсап, сағынбаум мүмкін бе?

Откен жылдар ұмыттырып барлығын,
Мүмкін мені мұлде есінен өшірдің?
Ал мендегі көл сезімнің жаңбырын,
Төгіп салған толғанысын кешіргің?!

Сағынышын, кешір жүрек, көл мұңын,
Іштей жылап, іштей жанып, өртенем.
Құр қиялдай көрінеді-ау ендігім,
Тұнғиыққа батқандаймын ең терең...

Бірақтағы бұлдыраған сағымдай,
Көз алдында тұрасын-ау елестеп.
Қалай сені жүре аламын сағынбай,
Кашан маған Балқаш көлдің желі еспек?

Жүргіндеге дерт бар еді-ау, аяулым,
Арылдың ба, әлде жаның жүдейді?
Тұспесін деп саған осы қаяу мұн,
Сыртта жүріп күн кешемін үрейлі.

Адам жолы тоғыспайды-ау оңайға,
Мүмкін мұлде кездеспепіз енді біз?
Сұрайтыным сенен осы, қалайда
Аман болшы, өзім сүйген менді қыз.

Сені ойладым, от сезімнен күйдім мен,
Ұмытпайды деп қой менен шошымса.
Мәңгілікке бір адамды сүйдірген,
Махаббаттың құдіреті осы да!

СЕН ҚАЙДА ЖҮРСІН?

Көктем өтіп, жеткен күз,
Сүйетін шақтан өткенбіз.
Сен қайда жүрсің бүгінде,
Арман боп маған кеткен қыз?

Бірге өткен жастық таңы көп,
Еске алма оны, сабыр ет.
Жана ма сенің көзінде,
Баяғыдай жалын от?

Санада сағым, үркек із,
Жасырып қалай бүркеміз.
Сыр аша алмай ешкімге,
Кештің бе әлде мұн-теніз?

Жаныңың тұнық терені,
Жұмбағың сенің көп еді...
Сен жайлы сәулем бүгінде,
Бәрін де білгім келеді.

Сезімнің тұма мөлдірін,
Жүректің асау сел жырын.
Арнаған саған есімде –
Махаббатқа шөл күнім...

Бәрінен соның өткенбіз,
Бізге де бүгін жеткен күз...
Аман бол, қайда жүрсөң де,
Арман боп маған кеткен қыз!

САРЫ ШАШ ҚЫЗ

Жмеринка жақтағы,
Кеппейтін мұлде батпағы...
Хутордан бір шап-шагын,
Сүйгенімді тапқамын.

Шіркін, албырт ғашық күн,
Мен оған талай асықтым.
Сабан шатыр үйдегі,
Махаббат оты сүйреді...

Былқылдаған мұкті орман,
Корыққанға жұт болған.
Долана өскен бал дәмі,
Құрғақ жол оның ар жағы...

Даланың теріп гүлінен,
Құстай ұшып жүгірем.
Аттай тулап бойда қан,
Өзгеріп кетер айналам...

Өрілмеген шаштары,
Иығын жауып сап-сары,
Ол да маған ұшады,
Жайылып қанат құшағы.

Шама жоқ бізде жан сақтар,
Табады өзін саусақтар...
Көк аспан көріп көзінен,
Бақытымды сезінем...

Ұшамыз қиял көгіне,
Қонамыз сезім көліне.
Ортенген жүрек, жан ыстық,
Таң атады талықсып...

МАХАББАТҚА ТҮСІНБЕДІМ

Махаббатқа мен мұлде түсінбедім,
Әлі күнге бір сағым ішіндеңін.
Жүректі өртеп жыр жазып, қолым созсам
Алысырақ ұшады құсым менің...

Жалын жатыр алаулап іште дүлей,
Өшер емес, сағыныш үстеді ғой.
Бақытты шақ сыр ашқан жүректегі,
Көрген бүгін тәтті бір түстегідей.

Қымбат енді көзге ыстық елесі де,
Жүзем жалғыз мұң-мұхит кемесінде.
Талпынғанда, қиялым шарқ ұрғанда,
Алар ма екен сол құсым мені есіне?

Іздеп алыс сағымды мұнарымды,
Қайда барып білмеймін тынарымды?
Құстай ұшып келеді-ау жеткім кейде,
Сағынғанда, шіркін-ау, сыңарымды.

Жанарымды жаңбырлы жасқа мала,
Шақырғандай шіркін-ау басқа қала.
Көк Есілге көктемде ұшып жетші,
Балқаштағы жат бауыр ақ шағала...

ЖАЗҒЫ БАҚТА

Бір сәулені сөнбекен санадағы,
Оятты да жіберді қала бағы...
Бұрынғыдай қызығы, шаттығы бар,
Бізден қалған кешегі шақты ұфып ал,
Балмұздарын іздейтін тәтті құмар,
Ұмытпапты-ау, – десін жүргт, бақты бұлар?!
Бәрін, бәрін баяғы кездегідей,
Сағынарын бұл жүрек сезгені ме ей?
Өзім толқып кетіппін, өзгені қой...
Қалт-құлт жанып бір сәуле санадағы,
Тартты өзіне жазғы кеш қала бағы...
Би аланда вальс саз төгіледі,
Алыстаған жастықтың көңіл емі –
Сағыныштың сағымы сөпіледі,

Самаладай жарқырап төнірегі,
Қайнап жатқан бұл неткен өмір еді?
Құлпырып-ақ кетіпті өнір өні,
Шайтан донғалақ жаңарған не біледі,
Зәулім өскен қалаға көз салуға –
Бойы жетпей түрғандай көрінеді?!
Жалт-жұлт еткен саябақ жарқырап түр,
Қала жұртын өзіңе тартып ап бұл...
Қалай мұнда думан кеш шалқымақ құр,
Субұрқақтар сыр шертіп, сарқырап түр.
Сан сәулемен құбылған шамдары көп,
Ойын алаңдары көбейген, сандары үдең...
Сая болар желекті талдары көп,
Бақта бақыт тапқанның арманы жоқ?!
Кешігіп келгенімді қайтейін мен –
Махаббаттың базарын сарқып ап бұл,
Жаным жалғыз май шамдай қалтырап түр...
Сонда да ыстық көрінер көзге елесің,
Жазғы бағым, көнілге жел бересің.
Санамда әлі сәулеңсі сөнбекесін,
Өзімді анық кәріге теңдемесім?!
Бар қызығын жанымның тең бөлесің,
Жазғы бағым құлпырып төрде кешің.
Дауыл айдал әкетер жел кемесін,
Білсін жүрек бейшара пенде емесін.
Алсын мейлі бұрынғы мендегі өшін,
Болмайды ғой сағынып, селдемесін,
Төксін жырын толғанып, тербекесін,
Жүргіме ерік бер, жансын бүгін –
Жастық шақтың оралтып жан сыңғырын?!
Би алаңы әдемі-ақ жөндегесін,
Бұрынғыдан вальс би дөңгелесін...

МАХАББАТТЫ МЕН БАСҚАША ТҮСІНЕМ

Жүрек өртеп, сүйген қыздар ішінен,
Қолға қонған нағыз бақыт құсы кем?!

Нұр сезімнің мөлдіреген тұнығы –
Махаббатты мен басқаша түсінем!

Шын махаббат қол жеткізбей қинайды,
Өмір бойы жан ауыртар у-қайғы.
Арнасынан тасып аққан өзендей,
Бұлқынады, тар қеудеге сыймайды.

Бастауы мен аяқталар шегі жок,
Баса алмайды жанартайтадай демін от?!

Аймаласып, ләzzат алу емес ол,
Оның мәні теренірек, кеңірек...

Ол дегенің – өзгеру гой, түрлену,
Көз алдында көктем бақтай ғулдену...
Қатал тағдыр қоспай қойса егерде,
Қозы менен Баяндайын бірге өлу?!!

Айнымайтын адалдыққа серт беру,
Ғашықтықтан есі кетіп дергеннен.
Сыңарынан айырылғанда акқудай,
Шырқау көктен ағып түсіп мерт болу?!

Махаббаттай сезім оттың құштары,
Адамның бұл еркінен ғой тысқары.
Адастырып, кете баар қекке ұшып,
Қолға қонбас нағыз бақыт құстары!

Куат алып сарқылмайтын күшінен,
Сезім отты сабасына тұсірем?!
Махаббатты – үзіп сыйлар гүл емес,
Қол жетпейтін қымбатым деп тұсінем!

* * *

Сезілгенде –
махабат сезімі елес,
Шыдарсың ба,
Ол шыдар төзім емес.
Сұлу көрсек,
жанаардан жылу көрсек,
Қалғымыз ғой келмейді көріне кеш?..

Жасырамыз жүректің сөзін неге,
Төксе төксін,
Тәңірім өзің деме!
Махаббат жыр –
Тұрады толып кейде,
Сыр ашпаған әлі бір сезімде де...

Міне, осындай –
Толғаныс тегін де емес,
Алыстады аңсаулы көңілде елес?!

Махаббат та мәңгілік болмағаны,
Қиялында қалады,
Өмірде емес!

* * *

Ішілмейді бұрынғыдай бұл шарап,
Сусып өмір, босап қалды құм сағат...
Жапырағы үзіледі жылдардың,
Жұлдыз ақса жатыр оны кім санап?

Ішілмейді бұрынғыдай бұл шарап,
Бойды түгел боркемік ой құрсап ап.
Көнілдегі көшкен тұман қалыңдал,
Барады енді көкжиекті тұмшалап...

Ішілмейді бұрынғыдай бұл шарап,
Туар күні жақынады сын сағат.
Кеүіп қалған ерінімді жібітіп,
Сусын басар ішемін ғой су шалап?!

АЛА ТҮНДІ ТӘРІК ҚЫП...

Ала түнді,
Кәдімгі ала түнді,
Қиғандай-ақ жарқанат қанатынды.
Көміп тастау керек қой,
Көрінбестей,
Қиқымдалған қиялды,
Бар ақылды...

Жеңсік көніл бәрінен жерінгесін,
Безсін мейлі өмірден,
Көрінбесін.

Адам ары өлшенген таразыдан,
Қалдық қалып,
Ештеңе бөлінбесін!

Берешектің барын да сезінбейік,
Ұйықтамайық,
Іздейік,
Көз ілмейік.

Жан азабын тартатын кездे мына,
Ұрлықшыдай үйдегі көрінбейік.

Көндігерміз, қайтесін –
Өмір кейіп,
Откен күнге бірақ та шегінбейік.
Аямайтын,
Ешқашан кешірмейтін,
Қаталдығы тағдырдың темірдей –
Ұқ!
Өмір мәнін түбінде бір ұғасын,
Тапқан шақта,
Бас қояр құбыласын.
Өзегінді өртейді-ау өкінішін,
Сындырып алсаң оның құмырасын?!

Дауылға қарсы қойып,
Жанды дүлей,
Санамның саңлауына тамды бір ой...
Бәрін жапқым келгенмен,
Жабылмайды –
Үнірейіп аспанда қалдың үрей?..

Қалай енді желпісін,
Желпімесін,
Шамаңа қарап қана серпілесін?!
Үрейлі аспаныма қарай-қарай,
Жынданып кеттім білем,
Өлтіресін!
Тәрік етіп,
Талақ қып ала түнді,
Маза көніл орнықты,
Жаңа тынды.
Тіршіліктің қабаған,
Тоймайтұғын –
Аш иттері балаққа оратылды...

КҮНӘЛЛІК ХАҚЫНДА

Тәнір өзі дегендейін кеше алам:
Мүмкін біліп, мүмкін білмей жасаған –
Бір қатесі, бір кінәсі болады,
Күнәсізбін, – дей алмайды еш адам?!

Жамандықты жапса-дағы жақсылар,
Тазалықта дақ түсірер тамшы бар.
Періштедей күнәсіз бұл өмірде,
Сәбілерден басқалары жоқ шығар?!

Заман осы алдамшылау болғасын,
Қармалаумен күн кешеміз жар басын.
Еңсемізді езіп, жаншып жіберді,
Күнә жүгі – көтере алмас қорғасын.

Сейілмейтін есірткінің тұманы,
Басылмайтын ақша ойынның құмары.
Тіпті ессіз интернетке елігу –
Ауырлатып бара жатыр күнәні.

Жоқ қой қазір қорқып, үркіп, жасқану,
Әдет болды мақтану мен мастану.
Күнәнің ғой ең үлкені осындей,
Қоғамға еңдеп еніп кеткен ластану!

МҮҢ БОЛАДЫ АДАМДА

Мүң болады адамда,
Уайым, қайғың –
Тісіңен тысқа шығып жайылмайтын.
Жапырағы үзілген күздегідей,
Тұнжырап тұратуғын мойылдай тұн...

Мүң болады адамда,
Тұнып тұрған –
Сонда дағы жүректі жылыттырған.
Жақсылықтың жолында жан аяmas,
Жіберердей өзінді қылып құрбан?!

Мүң болады үңіліп,
Бой ұрмайтын –
Кеуіп қалған көз жасқа қайырлайтын.
Өзегінді тырмалап өткен күндер,
Қателігін өмірдің мойындайтын.

Мүң болады адамда,
Бұғып жатқан,
Тырмалап,
Шыбын жанды шырылдатқан.
Өшпейтүғын тірлікте,
Аумайтүғын –
Тоқтамайтын дөнгелек зырылдақтан?!

Көзден көрем бәрін де мәлдіреген,
Тірлік жайлы болсыншы ендігі өлең...
Уайым, қайғы қанша ауыр болса дағы,
Мүңға батып бекер сөз өлді деген?!

Өрекпіген көнілдін бар басары,
Адам сырын мұңdas бір жанға ашады.
Мұңмен кеүіп кетпейді шердің көлі,
Мұңмен өмір тағы алға жалғасады!..

КӨКІРЕККЕ ҚҰЙЫН ШАБЫТ КЕЛГЕНДЕ...

Тоқтай түршы,
Сәл шыдашы Тақсыр Құн,
Өзіме-өзім,
Келмейді ғой қас қылғым...
Сөнбес нұрға,
Аспандағы жарыққа –
Тағдырымды келіп отыр тапсырғым?!

Сабыр тапшы,
Асықпаши Арай Құн,
Сенің сөнбей түрғаныңды қалаймын.
Жаным нұрлы шапағыңа шомылса,
Жүректегі аршылмайды қалай мұн?

Жарқырашы,
Жана берші Жарық Құн,
Бал сезімге,
Бал бақытқа жарыттың.
Жүргегіме қиял құсын қондырып,
Мені қазір ақын етіп таныттың.

Өрекпіме,
Өр көнілге жел берме,

Не табамын,
Оған енді көнгенде?
Күн мен Тұнды қоса ұмытып кетемін,
Көкірекке құйын шабыт келгенде?!!

* * *

Үрпек сезім үркеді,
Махаббатты ұмытқан...
Қалың тұман бүркеді,
Күн нұры жоқ жылытқан?!

Кетті көшіп көзімнен,
Жалындаған елес күн...
Ең алғашқы сезімнен,
Әлі арылған емеспін.

Жүзіп аспан жолымен,
Батты күнім қызырып...
Жастық дәурен онымен,
Жатқан жоқ-ая ұзырып?!

Жүрек лүпіп соғады,
Мүмкін соңғы сағатын.
Тапқан иесіз жағаны,
Жартастаймын қалатын!

СЕН МЕНИ САҒЫНДЫРМА

Жастық алыс оралмас сағым қырда,
Қайта мені күйдірме жалын жырға?!

Жадымда жазылғанның бәрін өшір –
Жаным, мені сен енді сағындырма!

Қамалып қалсам-дағы қалың мұнға,
Бәрібір мені аяма, сағындырма.

Өшір енді түп-түгел естегімді,
Сіңіп кеткен судай қып бәрін құмда...

Жауап қатпа хатыма, жаның нұрда
Көз жасыңа еркінді бағындырма.

Жұздеспей-ақ қоялық, жолатпашы –
Есігіңді тырматпа, жалындырма.

Іздестіріп сандалтып, сабылдырма
Елесіңе естегі табындырма.

Жадымда жазылғанның бәрін өшір –
Жаным, мені сен енді сағындырма!

МЕНСІЗ ҚАЛАЙ ҒҰМЫР КЕШТІҢ?

Кескінді гүл едің ғой, кескінді гүл,
Сүйгенім жоқ дәл сендей ешкімді бұл?!

Қаушағы сияқты ек бір собықтың,
Менсіз қалай жаным-ау кештің ғұмыр?

Болдың қалай жаным-ау жаттың бағы,
Бақыт дәмін неге өмір таттырмады?

Жүрегіңнен сызылып қалды қалай,
Ұмытылmas сонау бір шақтың бері...

Құрбаны боп кеттік пе көз киенін,
Сен – сұлу қыз, мен – ақын, сөз би едім.
Қалдық қалай адасып, қоса алмадық –
Сағым басқан көңілдің көкжиегін?!

Өзгергендей тұнығым тұнып тұрып,
Жылағандай жүргім күліп тұрып.
Қаншама жыл арада өткенімен,
Кете алмай жүр өзінді ұмыттырып.

Ой-қиялда бір үшқын, жасын қапты,
Найзағайлап, күркіреп, тасырлатты...
Күн еңкейіп, іңір жетіп қалғасын,
Жасыра да алмайсың жасырмақты?!

Жүр гой қазір бәріне жібіп жүрек,
Тереңінде жатса да тілімді көп.
Қаншама жат болсан да жаным сенін,
Маған қымбат екенін білінді көп.

Сөкпейді ғой біздерді бүгінде ешкім,
Сүйген жүрек сырлары білінбес тым?!
Сені ойлаумен жанымды жараладым,
Менсіз қалай сен өзің ғұмыр кештің??

ӨМІР ҚАНША ЖЫР БЕРЕРІН БІЛМЕЙМІН

Өмір қанша нұр берерін білмеймін,
Бұл адамда бірдей қайғы, бірдей мұң.
Бақытынан бал-бұл жанған жанды емес –
Қайғысынан жүнжігенді күндеймін.

Өмір қанша жыр берерін білмеймін,
Кейде таңмын, кейде қара түндеймін.
Мен өмірге ғашық туған жанды емес –
Жанарымен жер сызғанды күндеймін.

Өмір қанша сын берерін білмеймін,
Тірлігінде от баспайды білмей кім?
Тар жол, тайғақ кешіп өткен жанды емес –
Тегіс жерде сүрінгенді күндеймін!

Биік қойып арман менен мұратты,
Мені тағдыр талай-талай сынапты.
Тірлік беріп, нұрын беріп өбектеп,
Өмір қанша мұнын беріп жылатты.

Бақытың да баянды емес тұрақты,
Неше мәрте қырат-белден құлатты.
Мойып жүрген, жылап жүрген шағымда
Өмір қанша жырын беріп жұбатты.

Бұл өмірді кім қалай түсінеді,
Түсініксіз кейде бір кіслері.
Қасқыр алып барады кейбіреудің
Тазысы емес – қандені, күшігені.

ЖУРЕК ҮСТІЛІКТЕРДЕ СОМАЛЫҚТАРДАРДА ЖУРЕК ҮСТІЛІКТЕРДЕ СОМАЛЫҚТАРДАРДА

Жаз да өтіпті-ау
жаңбыр әнмен,
Шу әкелген бақтарыма.
Жанарымды талдырам мен,
Күстар,
Қайтқан жақтарыңа.

Жылы кезде ұя салып,
Қызық күнің өтпеді ме?
Күз жеткенде қия салып
Түсінбеймін кеткеніңе?

Мені қойшы, кешірем мен,
Тұған жерге сиясындар.
Ал өздерің өсіп-өнген,
Қайтып оны қиясындар?!

Ізгі арман, тілектердің
Әкпе-назы өтпей жүр ме?
Әлде біздің жүректердің
Жылылығы жетпей жүр ме?!

ОТТАЙ ЖАНЫП, ЖАНЫМДЫ
ЛАПЫЛДАТАМ...

Сөнбес жүрек өртімен ақынға тән,
Оттай жанып, жанымды лапылдатам.
Асығамын, алысқа қол созамын,
Көкжиеңкіті көңілге жақындарам...

Көшіремін көзіме көк әлемді,
Ал, әйтпесе, жыр-тылсым неге келді?
Қандыргандай боламын қанып ішіп,
Ақ бұлақтан қаңсыған кенеремді.

Толғанысқа түсемін, тебіренем,
Жолға тастап кетердей өмір-өлең?!

Боздап жылап аламын боз інірде,
Өксігімді баса алмай еңіреген...

Бозғыраудан безсем де бұрын да сан,
Таңдан тұрып шалғынның шығын басам.
Ішім ұлып жатқаны шығар мүмкін,
Шегірткедей шіркін-ау шырылдасам...

Тоқтамаса тамырда қан ағымым,
Көрсеткім бұл келмейді жан арығын.
Жеті атадан жалғыздық арылмаган,
Соңымда жүр шүркырап дара құлын?!

Бәріне де пейілмін, көндігемін,
Шегінетін жерім жоқ енді менің.
Құдай ақы, қайда ұрарын білмеймін,
Ақтарылған жүр болып сел жүргегім?!!

КӨКІРЕКТІҢ КӨЗӘЙНЕГІН СҮРТЕМІН...

Көкіректің көзәйнегін сүртемін,
Әрекет те,
Амал да емес бұл тегін.
Қоламтасы қүйдірмейтін жүректе
Шоғы қалған жаңып біткен пілтенің...
Жан шуаққа бұлт қонды ғой мамырлап,
Енді қайда жастық шақты сағынбақ?.
Қанша тұrap дейсің енді үгілмей,
Қына басқан қайың түпті шоғырмақ.

Қалды алыста шүрқыраған құлын құн,
Бұрынғыдай қол жеткізбес бүгінгім.
Сағым қырды сағынышпен еске алып,
Жалаңаяқ келеді бір жүгіргім...

Бірақ соған аяқта бұл әл де жоқ,
Қанша мейлі тыраштанып, пәрмен ет.
Құс қиялдың қанатында самғайтын
Қыран емес, қалдық енді пенде боп.


Бозғылт тұман көз алдымды бүркеді,
Қасқыр шабар кәрі айғырдай үркемін.
Құншуақты қимайтұғын көңілмен
Көкіректің көзәйнегін сүртемін...

КӨҢІЛ КҮЙІ

Шаршағаным,
Қажығаным сезілді,
Қанша қайрап,
Жанысам да өзімді.
Өзге түгіл,
Өз көнілім толмайды,
Қайран қалам
Тірлігіме төзімді?!
Ұмытылу жоқ,
Бұрынғыдай жалындал,
Ой орманы –
Жанып біткен шоғырмақ.
Жүрек те енді бұлқынбайды,
Жұлқынып,
Сағынамын,
Соққан кезін арындал.

Жыр жазылмай,
Жаным жүдеп барады,
Ұмыт қалды,
Жастық шақтың самалы.
Көңілдегі көктем бағы тұнжырап,
Үркіп кеткен сияқты ерке маралы?!

Қолдан ұшты,
Құс көңілді қыраным,
Қайда сонау,
Қиял қуған жыр әнім?
Көшкен бұлттар тізбегінен көз алмай,
Іштей тынып,



Жас шығармай жыладым...

Жеткізді ме,
ерте менің күзімді,
Сезім солып,
Жапырағы үзілді.
Сағынышты соңғы сапар,
Тыраулап –
Көк аспанда тырналарым тізілді.

Сүйе алмаймын,
бұрынғыдай күймеймін,
Базары жок,
босап қалған үйдемін.
Бақыттан та баян таба алмадым,
Енді менің
басыма алтын қүй мейлін?!

Өшті бәрі,
Сағымдай боп сейілді,
Із таппаймын,
Сорабымнан кейінгі.
Қалай енді толтыра алар екенмін,
Күншуаққа
құмар көніл пейілді?

Қақпан – тағдыр,
шабар екен қашан деп,
Аңдал қана
аяғымды басам кеп.
Үлгере алмай қалам ба деп
шіркін-ау,

Жайып салып,
Жан сырымды ашам көп.

Үғар біреу,
ал біреулер түсінбес,
Ағаттығым жоқ сияқты,
ісімде еш.
Әмір мені аямасаң, аяма –
ал өзінді құйғендігім үшін кеш!?

Бәрі де осы,
мүмкін, болар пенделік,
Тырбанамыз,
күн кешеміз елге еріп.
Сабыр дүние сабасына
түскен соң,
Аладығой
Әмір өзі тенгеріп.

Сондықтан да –
Тоқырау мен шегініс,
әр адамда болатұғын көрініс.
Батқан Күнге батырмаса екен-ая,
Тылсым Тәңір,
жетектеген мені қүш!

БАЛА КЕЗДІҢ БАЯНДЫ ІЗІ ТАБЫЛМАЙ...

Кеүіп кеттім шөл сияқты тілініп,
Сіңір жаным тұр гой әзер ілініп.
Иімейді биік үшқан қоңыр бұлт
Изен басы ит сиғендей бүгіліп...

Көніл жүдеу, нөсер жаңбыр жаумаган,
Қаңбақтайын кәусар ма екен қау далам?
Табанына шөгір кірген сорлы ақын.
Осы бір сәт сексеуілден аумаған?!

Ұзындауды ескі қурай – сыйызғы,
Мұнға толы, ал бірақ та үні ізгі.
Күрпілдетіп піспек салар құбілер,
Қаңсып кетті сағынғаннан қымызды.
Жыртылыпты ақжемденіп ши сөре,
Тірлік тұзу болса олар бүйте ме?
Үй бұрышы мұжілуге айналған,
Қотыр табын бергесін де сүйкене.

Тозған құдық опырылып құлаған,
Шыңыраудан су таппайды, сірә, адам.
Құбыры жоқ жетім қалған мұнара,
Жел өтінде, ел шетінде тұр аман.

Жұлып жемей қойсын қалай жанымды-ай,
Бәрі-бәрі көзден үшқан сағымдай...
Көніл мұлде құлазыды, қуйзеліп,
Бала көздің баянды ізі табылмай...

* * *

Адамға осы тағылмайды текке мін,
Қияс кеткен кездерім де көп менің.
Жұрт жүретін шиыр жолдан бұрылып,
Жапан тұзге, құз-қияға беттедім...

Кейде тұман, кейде сағым ішінде,
Қол созамын кейде тіпті түсімде.
Жанымды жеп, жалын атып жүргенім,
Жыр музасы бәрі сенің үшін де!

Бұл күндері бәрінен де безініп,
Кейде отырам іштей тынып, езіліп...
Жыр жазуды қойып кеткім келеді,
Бекерлігі тұратында сезіліп?!

Арман жолдан қалай сонда тайғаным,
Жазбаған жыр – жазылмаған ой қалың!
Әмір мені дәңгелете бермес қой,
Сүт машинарадай айырмаған қаймағын?..

ҚАЛАЙ ТӘУБЕ ҚЫЛМАСҚА

Тоба демей, тәубе демей,
Танды қалай атырасын.
Құр бекерге кеуделемей,
Дәтке қуат шақырасын.

Тоба, тәубе – Тәнірінен,
Жаңылмаса жан адам.
Бір Алланың әмірімен,
Сөule табар санадан.

Бастамаған, бітірмеген,
Барлық іске тоба қып.
Тәүбен осы шүкірменен,
Астасады – ол анық.

Шүкір сөзі тобасы бар,
Тоқ көңілден шығады.
Жақсылыққа жан асығар,
Жанады өмір шырағы.

Дүниеде көп мейір,
Жетеді ғой бір басқа.
Тірлігіңе тоқмейіл,
Қалай тәубе қылмасқа!

Дәм-тұзым таусылғанша татып жеген,
Адам болып қалуды мақұл көрем.
Өткіземін әр сөзді ой елекten,
Жазылып жатқандайын ақырғы өлең...

Тапқандай самалалы жан шырағын,
Сезімнен алып-ұшқан аршыламын.
Таңғы шықтай мәлдіреп тұрсын дейімін,
Жыр болып төгілетін тамшыларым?!

Толқыған теңіздейін күй кешемін,
Тіршілікке өзімше үйлесемін.
Өлеңді өз арымдай көрметегенде,
Өмірді дәл осындай сүймес едім.

Көңілдің көк сағымын қия алмаймын,
Шеңберлі көкжиеекке сия алмаймын...
Ауылымды-ау есіме түсіретін,
Баяғы бала күнді қиялдаймын?!

Өшіре алам осының бәрін қалай,
Өткен күнді жанымның сағынғаны-ай?!
Адамды аңсататын көніл шердің,
Қоймайтынын қайтерсің қалындарай?

Жан сырын ұштастырып ақылменен,
Шалқып жеткен шабытты жақын көрем.
Күйдіремін жүректің отына оны,
Жазылып жатқандайын ақырғы өлең...

БҰРЫНҒЫДАЙ ЕМЕСПІН...

Бұрынғыдай емеспін,
баяуладым,
Ақырындалап басамын,
жаяуладым.
Найзағайдың жарқылы жоқ қой қазір,
Ілкім сәттен,
жылт еткен ой ауладым?!

Бұрынғыдай емеспін,
кеш тұрамын,
Уақыттымды бос кеткен,
еш қыламын.
Таңды қарсы алмаймын қырға шығып,

Сағынышты сезіммен,
кештім ағын...

Бұрынғыдай емеспін,
құлышынбаймын,
Арыны әбден басылған,
мұрсындеймын.
Бүтінде осылай жүргеніме өкінем,
Қызылып кетсем етті,
қыршындаі күн?!

Бұрынғыдай емеспін,
басылыппын,
Жүргенім де жоқ оны,
жасырып тым...
Барлығы да өткеннің қас-қағымдай,
«Өмір қысқа» деген сөз,
расын ұқтым?!

Бұрынғыдай емеспін,
көңілшекпін,
Таңғы шықтан сүртемін,
көзін шөптің...
Еш нәрсеге мойыным жар бермейді,
Ертеңі осы бітпейді,
еріншектің.

Бұрынғыдай емеспін,
дел-сал жаным,
Сиреп кетті таңғалып,
тамсанғаным.

Бұрынғыдай емеспін,
шөгіп барам,
Балауызды шамға үқсап,
еріп барам...
Кім біледі бір күні,
кім біледі –
Жарқырап жанып тұрып,
сөніп қалам?

* * *

Құмға шөгіп, келмейді қайырлағым,
Құс бол ұшып кетуге дайын жаным!
Көкіректен Күн-сәуле сөгілгенде,
Дір-дір қағып жылайды қайындарым...

Қайыңдарым жылайды дір-дір қағып,
Көзәйнегі көңілдің бұлдырыланып...
Сейілмеген сезімнің мұнарынан,
Нұрын қүйған жаныма бір күн жарық!

Бір күн жарық жаныма нұрын құйған,
Ләzzат тапқан аңсатып құйын жырдан.
Жүргегімді жандырған тағдырымнан,
Тегі маған осындаи бүйірдың дәм?!

Бұйырдың дәм осындаған тегі маған,
Өрекпіген өмірден көніл алаң?!

Көzsіз барып кім отқа түсер дейсін,
Керек болса, кейін де шегіне алам...

Отқа түсіп, кетпейді жанып кеткім,
Не болмаса жұлдыздай ағып кеткім?!
Күйзелгенде көңіл-жыр дәптеріне,
Тамшы жас боп байқалмай тамып кеттім...

КЕЗДЕН ӨТТИК...

Кезден өттік шарықта қайралатын,
Шағымыз ғой мықтап бір ойланатын.
Асығудың бізге енді қажеті не,
Үзілетін жол соңы жай да жақын...

Кезден өттік төске сап шындаитұғын,
Шағымыз ғой өткенде бұлдайтұғын.
Асырып не, өзгеден жасырып не,
Бала баққан бүгінгі бұл қай тыным?!

Кезден өттік сүйіліп, сүйе алатын,
Шағымыз ғой жеңсікті тия алатын.
Жетектеліп жүрген де біз емес пе,
Үйде түгіл, түзде де ие қатын.

Кезден өттік көңіл құс сайрандаған,
Шағымыз ғой қазір бұл қайрандаған.
Бірақ соның бірін де қимайсың-ау,
Қызығына өмірдің тойған ба адам?!

TAFAT

Жүйкемнің тұртқілетпей тұленін, басу айтып,
Тауып жүрген кіл емін.
Ойнақтатып от басудан сақтайтын,
Төзімім мен тағатым деп білемін!
Тұп төркіні жатыр оның шыдамда, басу айтып,
Шығармаған шығанға.
Бойда қаным бұлқып тыныш ағады,
Төзім қазір –
Тағаттанған тың арна!

Тағат етем Тәңірдің әр күніне,
Төзім керек, шыдам керек тіріге.
Тасып кеткен,
Асып кеткен шағымда –
Қанағат сөз оралады тіліме!

Қиял қанша болса-дағы қанатты,
Тәнір оны ой нәрінен жаратты.
Жүргімнен төгілетін жырларға,
Берсін деймін –
Шыдам,
Төзім,
Тағатты!

* * *

Өмірден аз көрейін, көп көрейін,
Көпсінбеймін ешкімнің бақ-мерейін?!
Аты озғандар тағы да алсын бәйге,
Ал сыртынан оларды сөкпе дейім!

Білмесек те көпті бұл тойдырығанын,
Қызғанбаймын біреудің той-думанын.
Куандар қуансын шат көнілден,
Жалғыз өзім кезейін ойдың бағын...

Дәulet қонса біреуге көктей ілген,
Оған бола ешкімді сөкпейім мен.
Адам үшін тірлікте асары жоқ,
Ақтарылған ақжүрек кең пейілден!

ЖАРАТҚАННЫҢ БҮЙРЫҒЫ

Кім үғады көніл мен күйді мына,
Түсіп кеткен тіршілік қимылына?!
Көніп жүрген жанбыз ғой, сеніп жүрген,
Жаратқаным, жан ием бүйрығына.

Бүйыртқан ғой бізге осы Тәңір заңын,
Көргенім жоқ және оның жаңылғанын.
Бүйрық солай болғаннан шығар мүмкін,
Жатқаны да жүректе жанып жалын?!

Бүйырғаннан безініп қаша алмайсын,
Бүйырмаса қарға адым баса алмайсын.
Тылсым дүние бұл өзі бүйрық деген,
Оның сырын ешқашан аша алмайсын.

Осы күнгі бүйрыққа ол жанаспайды,
Ғайбат сөз берін сөгіс жоқ, жақ ашпайды.
Тәңір бүйрық өзіңмен бірге жасап,
Пешенеде жазғанға таласпайды?!

Шығарарсың жоққа ғой қалай мұны,
Тәніріне болар іс бәрі әйгілі.
Бүйрық солай дегеннен әрі бармай,
Бас иеді алдында талай құлы.

«Жазмыштан озмыш жоқ» деп айтылады,
Ол дағы осы ұғымның бойтұмары.
Жаратқаным жыр-тағдыр берді маған,
Бүйрық солай болды-ау деп ой тұрады!

* * *

Тұсінбедім мен оны қалай бұрын,
Тумай қалған тірлік-ай талай құлын?!
Қанша оны шашасынан сипама,
Енді бәйге алмайды қара айғырын...

Табын іздеп құр бекер кісінeme,
Білесің ғой бұл белдің күші неде?
Жас байталдың жұп-жұмыр жамбас жағы,
Кірмейді енді ешқашан тұсіңе де...

Қимылынан не пайда құр атылған,
Тегеурінді екпін жоқ шығатын мән.
Сен бір жабы жылқысың осы күні,
Тұсай жібің сонынан шұбатылған...

* * *

Разы емеспін,
Расында өзіме-өзім,
Бір бейопа жай барын сезінемін.
Иі қанбас былжырақ балшықтайын,
Езілмейін десем де,
Езілемін?!

Тага алмаймын,
Тақпаймын тегіме мін,
Іздеп өтіп келемін көңіл емін.
Құрсауынан айырылған қауғадайын,
Сөгілмейін десем де,
Сөгілемін.

Лашын едім,
Алатын бүрігенін,
Кім біліпті топшымның бүгілерін?!
Жаңа ғана тәй-тәй басқан баладай,
Сүрінбейін десем де,
Сүрінемін?!

Өмір кімді жекпеген,
Қажытпаған,
Әзірге ғой бәріне төзіп бағам.
Жолда қирап қалатын көліктейін,
Тозбайын-ақ десем де,
Тозып барам...

* * *

Өмірден кім көпсінер татқан дәмді,
Далбайлап жүргенменен жоқтан барды.
Көргенде көңіл бірақ құлазиды,
Бірінен соң бірі өтіп жатқан жаңды.

Қағып, сілкіп жатқандай ғасыр қағын,
Алып жатыр арысын, асылдарын.
Байқамай ма білмеймін Құдай өзі,
Жер бетінен көбісін жасырғанын?!

Зейнетакы алуға жарағаны,
Әзір тірі, қатарда қалады әлі...
Қанша ғұмыр қалды бұл бізде мына,
Жүрген жанбыз күн кешіп қонағалы?!

Тағдырдың кім біліпті сыйы қандай,
Ақиредтік ақ тілек бүйірар қай?
Тәңірім қоймайтын бұл сияқты ғой,
Қаусаған бізді өзіне жиып алмай?!

СОНҒЫ ДӘПТЕРДІҢ СЫРЫ

ЖҮРЕГІМЕ СЫЙМАЙ ЖАТАЫР

Жүрегіме сыймай жатыр шөгіндім,
Батып кетер қалтқыдайын көріндім?!
Бақ-бақ гүлдің үлпілдегі секілді,
Әбден тозып, үлбіреген көңіл мұн...

Жанды жеген ызыны бар қурайдың,
Мазамды алар ойларды да қумаймын.
Күн еңкейе көкте бұлттар сөгіліп,
Кеудем толы қайда кетті у қайғым?

Тулақтайын қайта қағып, сілкіген,
Сірә, мені түртіп отыр бір түлен.
Мөлдіреген жыр іздеймін жаным-ау,
Бұрынғыдай таңның таза үрпінен...

Қурап барып, көзін ашқан гүлдейін,
Қалай бүрлеп сала бердім, білмейім?!
Жетер жерім, басар тауым белгісіз,
Өкініште қалып осы жүрмейін.

* * *

Көктем болып қашаннан іздегенім,
Гүл көңілден төгілген ізгі өлеңім.
Қанша оны қимайын десем-дағы,
Қоймайды еken келмей бұл күз дегенің?!

Көзін ашқан көктемде жыр бұлақ-ай,
Ұмытайын қызғалдақ қырды қалай?
Көнереді екен ғой бәрі де оның,
Бергесін жыл артынан жылды жамай...

Тірліктің көп тынысын бақыладым,
Табиғатпен астасып жатыр ағын.
Көңіл қанша беріспей жүрсө-дағы,
Сарғаяды еken ғой жапырағың?!

Пенденікі қимайтын көмбіс әні,
Жапырағы үзіліп, желге ұшады...
Түбінде бір, әйтекеір, қойнына алар,
Бұйырсын де туған ел жер құшағы!

СОҢҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Соңғы деуге бармай тұр батылым да,
Көтере алмас зіл бар-ау заты мұнда.
Қорықсан да қайтесің, өмірде бұл –
Соңғы қадам жасалар ақырында?!

Тәнірімнен жоқ менің жасырарым,
Соңғы деген сөзден бұл тосыламын.



Шегіткедей шырылдап тұрғаның-ай,
Жан кептелде тығылған жасырақ үн...

Келмейтіндей көнілді көнді деуге,
Болмайтында жүректе от сөнді деуге?!
Соңғы демі қалғаша кеудесінде,
Жанардағы нүр жарық мөлдіреуде!

Болып алды бойымды қан қысатын,
Қырқылғасын қанатым алға ұшатын.
Мазам кешіп жүр менің, мазам кетіп,
Құтуменен өмірдің соңғы сәтін?!

Мүмкін соңғы күзім бе, жаңбырым ба,
Батырдым ғой толтырып жанды мұнға.
Соңғы сөзім айтылмай келеді әлі,
Өмір өзегі өрілген тағдырымда.

Кетер болсам, өмірден бәлсінбеймін,
Азсынбаймын, ғұмырын көпсінбеймін.
Соңғы сөзім сияқты соңғы жырым –
Соңғы дәптер бетінде қалсын деймін!

* * *

Асып-тасқан шабыттың шалқарын,
Кім біледі уақыт қашан сарқарын?
Қырықтағы қамал бұзар кезде емен,
Жыр-пырағын тізгінін тартамын.

Жарай ма енді, жарамай ма жортаңым,
Ендігі өмір қаспағында тортаның.
Қорытылған майдай қайнап мида өлең,
Түбі күйіп кете ме деп қорқамын?!

КӨЛ МІНЕЗБЕН КӨЛКИМІН

Бергенімнен алғаным көп өзгеден,
Оны бірақ ұтылыс деп сезбегем.
Құдай берген көл міnezбен көлкимін,
Ата жаста енді қалай өзгерем?

Жан адамға жүққан емес кіршігім,
Тәнір жолда жүрген адал құлшымын.
Көлеңкесі түсетүғын бұлтым жок,
Жыр төгілген сезімдерім тым шырын.

Қысқа түсіп жатсын қолым сермеген,
Озғандардың жолын кескен пенде екен.
Бүтінгінің көп айтылmas шындығы –
Дұлдулдер жок қатар өтер кермеден...

Ерке желі сияқтымын даланың,
Көвшіліктің аңдайтүғын қабағын.
Көлкіп жатқан көл міnezім осындай,
Басымдағы бағым менің, таланым!

* * *

Не жатқанын кім білсін мида қалың,
Ой толғаймын,
Оңаша қүй бағамын.
Кірпік ілмей тұнімен,
Жүйкені езіп –
Жыр жазғанда керемет қиналадын?!

Жан азапқа түсемін,
Жоқ тынышым,

Жанұшырып жүргем жоқ тоқтық үшін?!
Тілімменен жалаймын,
Тайсалмаймын,
Басымды алар тағдырың от қылышины...

Тулап соққан жүрекке ерік бердім,
Өзіме-өзім емшімін,
Көріпкелмін...
Ортенемін,
Жалыннан жасын жұтам,
Ерметі емес,
Ол, сірә, еріккеннің?!

Көкіректен төгіліп құйған ағын,
Кім тілемес,
Жыр селін тыймағанын?
Тұніменен отырып,
Түк жаза алмай –
Шынымды айтсам,
Кейде осы қиналадын!

* * *

Жастық шақтан жыр қалды,
Сағым қалды,
Қызық-думан алыстап,
Қоңырланды...
Откен күнге өкініш өкпесі жоқ,
Жарық дүние кәусарға шөлім қанды?!

Бұлқып-тасып кеудемде шабыт деген,
Тау бұлақтай арынды ағытты өлең...
Шау тартсам да,

Бір жасар шалымым бар,
Әлі өмірдің аңдысын бағыт келем.

Күннен бұрын таусылып,
Күйрегім жоқ,
Тірлігімді айтпаймын құйбенім деп.
Рухы биік жан үшін қашан-дағы,
Жұру мықты, .
Қайратты қүйде міндет!

* * *

Келмеген соң қолдан осы қой бәрін,
Оған, сірә, жоқ қой қылар қайраның?
Қас дұшпаның көрмесінші табалар,
Сын сағатта табаныңның тайғанын?!

Биік тұрар қашан-дағы өз баған,
Абырайға не жетеді тозбаған?
Жұрт алдында бармақ тістеп қалатын,
Ерегісте жеңілгеннен жоқ жаман!

* * *

Құдай сақтап,
киген жоқпын шен-шекпен,
Тәнір таза тура жолын көрсеткен.
Сұғанақтық бала кезден жат маған,
Ашқарақтық танытпаған емшектен?!

Ноқай емен,
Мансап үшін ар сатқан,
Өзімді алыс ұстап өттім «қақ-соқтан» ...

Ешқашанда қадам басып көргем жок,
Кулық іске өзгелерді қақсатқан.

Арамдық жок,
ал біреуге қырсығым
тимесін, – деп жүретінім, бұл шыным!
Күн сәулесін жүргегіме құйған ғой,
Көңілімде болмаған соң кіршігім...

ҚАЙТСІН, ЖАНЫМ КӨНДІГЕДІ

Күйіп әбден біттім білем,
Сүйіп әбден біттім білем...
Жүрек жұтап жалғыз қалып,
Өмір мәнін ұқтырды кең?!

Өлең-жырлар бүрқамайды,
Көңіл көкке шырқамайды.
Жолдың көбі үзілді ғой,
Шиырланған бірталайғы...

Замандастар селдіреді,
Оралмайды енді көбі.
Үйрене алмас жалғыздыққа,
Қайтсін, жаным көндігеді.

Жүрген жайым бір аңғарып,
Кетті бәрі тұманданып....
Әзір маған сінер емес,
Дін сенімі, Құран бағыт.

Әбден қажып, тозғаным ба,
Мұңқ көбейді жазғанымда.
Жетім бұлбұл сияқтымын,
Сайрап қалған сөз бағында.

ТҮСІРМЕУГЕ ТЫРЫСАМЫН ЕҢСЕМДІ

Ең асылын, ең сырлысын ашпаған,
Қалың ойлар қалжыратып тастаған.
Ертеңіме аманат қып тапсырадар,
Қалай енді жеткізе алам көшті аман?!

Өгіз аян, мимырт тірлік құрысын,
Соңғы кезде өнбей кетті жүрісім.
Күйіп кетсем, жанып кетсем керек-ті,
Жалғыз ғана жалындаған жыр үшін.

Көптен бері сабыр кетіп жүр менен,
Азап болды көз ілмейтін тұн деген.
Жазылмай-ақ қойды бірақ, шіркін-ау,
Өмірдегі бір туатын құнды өлең?!

Көңілімнің сөгіліп түр көбесі,
Жылауық боп туады адам неге осы?
Қайда барып бұратынын кім білсін,
Тағдыр деген тәуекелдің кемесі.

Кезден өтіп кеткеніммен белсенді,
Түсірмеуге тырысамын еңсемді.
Бір жасын жыр қалдырсам деп ойлаймын,
Құдай маған құйын шабыт берсе енді!

* * *

Болжай қыын болашақты алдағы,
Әзір жұмбақ тіршіліктің ол жағы.
Қандай жақсы өмір жүргін бөлісер,
Бірге туған бауырының болғаны.

Бұл өмірде жалғыздықтан жоқ жаман,
Сабау басты салт тірлікті қолдаман.
Бірге туған бауыры жоқ бейбактар,
Өзгелерге жалтақтаумен сорлаған?!

* * *

Жүре-жүре қыындағы жанды үғу,
Өткен жолдың көбі адасу, қанғыру.
Көңіл көлі кемерінен асатын,
Көлкілдеген көп ойларға толды ну?!

Ашып кеткен сияқты осы миым да,
Айналғандай қиял ойым құйынға.
Елге аяулы ақын еткен тағдырдың,
Бір-ақ күнде жын етуі қын ба?

* * *

Жүргенім жоқ жадыма тізіп тегін,
Өткенімнің естегі түзіктерін.
Жалғай алмай қаламын кейде бірақ,
Көңілдегі көп ойдың үзіктерін...

Жүректегі үңілем сырға тұнық,
Өткен күнге оралтар бұл да қылық.

Кинотаспа сияқты зырылдаған,
Кейде бірақ қалады шырматылып...

Сонда-агы бетімнен қайтарым жок,
Болғасын да шығар-ау, айтарым көп.
Маған маза беретін емес тегі,
Коздырып, тұртуменен сайтанымды от?!

* * *

Қамаламын қойнына қара түннің,
Қалың ойға шырмалып, оратылдым...
Аласұрып адасқан шағындағы,
Жан сауғалар жері бұл бар ақынның?!

Қарандыдан қорықпас жарқанатпын,
Ұя салар ұшына жарқабақтың...
Қара түннің қойнына енемін деп,
Арылмайтын, япымай, сорға баттым.

Тәнірдің маған берген сыйы-бағы,
Қара түнде жыр нөсер құйылады...
Қара аспанды қақ тілген жұлдыз ағып,
Өмірдің бұйыртпасы бұйырады!

* * *

Керегі не өмірге құр өкпенің,
Алғамыз ғой ақ алғыс, тілектерін.
Құнпарағым жыртылып жатқанына,
Жарамайды жанымды жүдектенім.

Көмбесінен көрінбей құткен ісім,
Тарылтып-ақ барады тіпті өрісін...

Иілмейтін тағдырға, бүгілмейтін –
Қайда менің әл берер нүкте күшім?

Жолдан тайып, жер болған қай ұланың,
Жарамайды бас иіп, мойығаным.
Қындықтан қорыққан жан емеспін,
Ақ-қарасын танимын, айырамын.

Атар таң мен алғы құн құмарым боп,
Бетті кейін тіпті де бұрарым жоқ.
Қайта түлеп туғандай жаным менің,
Жүргімнен барады жыр ағындал...

* * *

Жаға алмадым демеймін жыр шырағын,
Өлең құрап өттім мен, тыншымадым.
Жазғандарым бірінен-бірі өткен соң,
Одан сайын ұмтылып құлшынамын.

Тың көтеріп тастаған жоқ шығармын,
Ой тамшысын түсірмей қақшып алдым.
Қансонары көнілден шықпағасын,
Сәтін тосқан әлі де қасқыр аңмын..

Қалғым бірақ келмейді ұлып тағы,
Ұлығаннан жаман жоқ ғұрыптағы.
Шын асауды шідерлеу қажет болса,
Бос жіп емес, тұзақпын құрықтағы.

Басылып та көрмеген от тынысым,
Балқып жатыр кеудемде көк құрышым.
Жаным пида адаммын, жаным пида,
Жыр боп жауар басыма бақ құн үшін?!

Бәрін соған жүрмін ғой сарып қылып,
Құр бос сөзден мезі боп, жалықты үміт.
Жырлағанға не жетсін бұл өмірде,
Шын ғажапты жүректен танып тұрып?!

КӨҢІЛІМДЕ ІЛІНП ШЫҚ ТҰРАДЫ

Естен шығып кетсе де тіпті бәрі,
Өткен өмір екшейді, ұқтырады?!
Қиналып, көзден жасым тамбай қалса –
Көңілімде ілініп шық түрады...

Көңілімде кеппеген шық қалады,
Шық қалғаны – ешбір жан ұқпағаны.
Достарым жоқ бұрынғы сыр бөліскең,
Жалғызыңыңтан кім мені құтқарады?

Тірлікті қаңғырлаған қалбыр етіп,
Жұргесін бе осылай, жан жүдетіп?
Сыртқа шықпай, тынатын іште мұным,
Жетпіс деген жұмбақ жас қалды жетіп?!

Қалды алыста шуақты, шын арай күн,
Оралуды енді оған сұрамаймын.
Жастық пенен кәрілік арасына,
Шегеленіп қағылған сынадаймын!

Қаншалық бүйрек бұрын ойым бүгін,
Күні өтті ғой бәрібір кейінгінің.
Жүргімнен сезіліп тұрын деймін,
Бүйірған тағдырға осы пейілдігім?!

Осылай сырын өмір үқтырады,
Жыр етіп жүргенімді құп қылады.
Сонда-дағы сағынып еске алғанда,
Көңілімде ілініп шық тұрады...

* * *

Болашаққа, жарқын күнге жол ашар,
Жақсылықтың көп болғаны жарасар.
Біткен істен ақау тапқың келсе егер,
Өзің қаққан бос шегеден жоқ осал?!

Шындықпенен шама қайда таласар,
Бір мысалын тағы өмірдің баға сал.
Қысылғанда айырылмастай ұстарлық,
Өзің таққан бос ілгектен жоқ осал!

* * *

Күндердің өткені,
Тарттырып сазайды.
Күнпарақ беттері,
Жыртылып азайды...

Білмейтін көктеуді,
Жаңартып тозғанды.
Уақыт бұл шектеулі,
Сағаты аз қалды.

Үзілген жапырақ,
Желге ұшып жатқанда...
Болмасаң ақымақ,
Сырынды ақтарма!

Өзгеріп тозғаннан,
Өзінді алдайсың.
Тағдырға жазғаннан,
Бұлтара алмайсың?!

Бәрі өмір жосығы,
Кеш енді ысылу.
Керек қой осыны,
Ұғынып, түсіну!

Тоздырды, тонады,
Күндердің өткені.
Жыртылып барады,
Күнпарақ беттері...

ҚҰДАЙ БЕРГЕН ҚҰНДЫЛЫҚ

Керегі не қол жетпесті құр аңсан,
Тәубе дейік, аяқтан нық тұра алсақ.
Тәнірінің бергеніне шүкір қып,
Болғаным жоқ ешқашанда сұраншақ.

Жаратқан соң дәл осындей жан етіп,
Жетпегенді жыламадым зар етіп.
Өзгелерге түсіп күнім иіліп,
Көрген емен ештеме де дәметіп?!

Өмірдегі жиып-терген байлықтың,
Пұшпағына жетті дейсің қай мықтың?
Ал, мен болсам, өзгедегі өзімнің,
Үлесімді алушан да қаймықтым.

Құдай өзі ырыс етіп тоқтығын,
Ешкімнен де кем болмады шоқтығым.
Менен кінә жоқ, деп осы білемін,
Алдыңды орап жатса кейбір боқмұрын..

Қалам алып, көп ойланып қиналадам,
Буырқаңып, төге алмаған қүй жаман.
Шабыттанып, кемерінен ассын деп,
Тәңір маған ақындықты сыйлаған.

Жүрсем-дағы қаншалықты жыр қылып,
Біреу қоштар, біреу қарсы бұл қылық.
Жұрттан мына сұрап алған сыйым жоқ,
Ақындығым – Құдай берген құндылық!

* * *

Мақтау сөз бар жіберетін жебеп тым,
Қолтығыңа кіріп кетіп керек күн.
Досың менен дұшпаныңды айырып,
Дұрыс ұғып, түсінгенге не жетсін?!

Бәрі де оңды билік барда қолдағы,
Жолсеріктер табылады жолдағы.
Дұрыс ұғып, түсіне алар өмірді,
Қандай жақсы түйсігінің болғаны?!

Мұның бәрі ғажайып бір құбылыс,
Тамырында тәрбиелік ұлы күш.
Тіршілікке тыныс беріп отырған,
Адамдағы түйсік сезім – ұғыныс!

* * *

Тыншым кетіп жүр неге, тыншым кетіп,
Жүргімді бұлқынтып, дүрсілдетіп?
Көз ілінсе, қорқатын болып барам,
Келетіндей Әңкүр мен Мұңқір жетіп?!

Дүниеге жоқ қазір түк қызығым,
Жапырағын жұлдырып бітті құзім...
Күтіп жүрген адамдай елеңдеймін,
Тәнірімнің ең соңғы нұқ құзырын?!

Аттан құлап жығылған сойылгердей,
Жүргесін бе, осылай жайым келмей?
Жүдеп жүрген жанымды жадыратар,
О, Құдайым, үмітпен ойымды өргей!

ӘЙТЕУІР ЖАНҒА ТЫНЫШ ЖОҚ

Мыжыды деме бұл несін,
Тіліп тұспегесін қылыш боп?!
Қыбырлап тірі жүргесін,
Әйтеуір жанға тыныш жоқ.

Қалғаным қыын болғаны-ай,
Сермелер кезде сермелмей.
Өмірден жұлып, қармамай,
Асып тұспей өрден кей!

Шегіншектеп, кейіндең,
Қалыс қалдым неге мен?
Бейқуат жайға бейім боп,
Тартқаны қалай кеженем?!

Орыны қазір толмайды,
Сузыған қолдан сәттердің.
Жас кездегідей болмайды,
Оралмайды өткен күн?!

Көбейіп жатыр білмесім,
Түзетер оны жұмыс көп.
Қыбырлап аман жүргесін,
Әйтеуір жанға тыныш жоқ.

КҮНӘЛІ ІС

Күні сөніп, тоқтағанша тірі ағыс,
Адам осы өмір жолын сынағыш.
Бәз біреудің көңіліне дақ салған,
Менен-дағы өткен шығар күнәлі іс?!

Мүмкін біліп, мүмкін білмей жасаған,
Қатем болса, кешіре гөр Жасаған?!
Бетке тура айтып салған кезім көп,
Тас лақтырған жан емеспін тасадан.

Болмайыншы бәрін жуып-шайғандай,
Кейде мына сөйлеу де өлім ойланбай.
Сол сияқты жаныма ғой батады,
Тілім тістеп қалған кезім жайдан-жай...

Тәнірімнің ырыздығы татқаным,
Өз ісіме жауап берер шақтамын.
Мен біреудің аяғынан шалғам жоқ,
Және ешкімнің иығынан тартпадым.

Болып алдық сәуегей сөз құрағыш,
Жақсылыққа жорып бәрін тұрады іш.
Сонда-дағы мен періште емеспін,
Өзім білмес бар шығар-ау күнәлі іс?!

* * *

Бәріне де түбінде үйренесің,
Деген сөзден жетімдік күйге енесің.
Жалғыздықтан жан шошып тұрады екен,
Бірге жүрген достарың сирегесін.

Күйге түсті дей көрме сарыуайым,
Жанымды жеп бекерге не қылайын?
Өзім көрген ортама айтқаным ғой,
Жеткізгенім сияқты көніл ойын?!

Жанашырың болмаса дәл қасында,
Жалғыздықтан шынында қорқасың да?!

Тітіркеніп кеттім ғой, тітіркеніп,
Жапырағым жұлынып жатқасын ба?..

* * *

Дат дейінші көнілге, дат дейінші,
Кемерімнен асып қой кетпейінші.
Серке болар серілік қайда қазір,
Жол беріп жастарға шеттейінші?!

Дат дейінші көнілге, дат дейінші,
Құр бекерге жыр селін төкпейінші.
Жан құрышы қанбайды-ау бәрібір де,
Нөсер жаңбыр күркіреп өтпейінші!..

* * *

Қапы жегем кейде тез қайтамын деп,
Ит қаптырған ешкімге айтағым жоқ.
Мені бірақ түзету қыын шығар,
Қисайғанға қисайған сайтаным көп.

Егескенге егесіп тік тұрғанмын,
Қайыспас қайсарлықты ұқтырғанмын.
Өлді деп біл, мені ғой сөнді деп біл,
Намысымды жау таптап, бұқтырған күн?!

Езілмейтін бірбеткей өздігім бар,
Алайдағы аталы сөзді үғынар.
Керек жерде кек алып тіліп түсер,
Жанымда сөз семсері – кездігім бар!

* * *

Жалғызыңықтан жалығып көңіл саяқ,
Әлде батты жаныма өмір – таяқ?
Кейде жайсыз сезінер кездерім бар,
Етік киген адамдай қонылтаяқ...

Қол соғады дейсін бұл жұрт маған қай,
Азайып бара жатыр құптаған жай?!
Ауызым қүйіп қалады кейде менің,
Қайнап тұрған суды ғой ұрттағандай.

Тіршілік кең тынысты тезін бермей,
Тұбі бір тықыр бары сезілгендей?!
Қүйге мені түсіріп отырғаны-ай,
Өз-өзімнен ақыры безінгендей...

ТАМЫЗДЫҚ

Тәңірінен қарғыс алып, зауал ап,
Жай түсіріп жанып кетсең дауа жок,
Жер бетінде өздігінен ешқашан,
Тамыздықсыз тұтанбайды алау от.

Жерошақты айтпағанның өзінде,
Көздегі отың алау берер сезімге.
Махаббаттан тұтанады алғашқы,
Тамыздығын сезін мейлі, сезінбе?!

Жүректегі жалының да дәл солай,
Жанбайды ғой сүймей және аңсамай.
Алау оттан аумайды осы шіркін-ау,
Тамыздықсыз тұтанбайтын жансарай.

Тұтануда тылсым сыр бар деп түйсін,
Тамыздықты шырпы деуге жоқ қисын.
Шырпы жанып; өрт шықса да қаулаған,
Жансарайға одан қайдан от тисін?!

Көрген емен өмірдегі кепті кем,
Жайдан-жайға лауламайды отты дем.
Жүрегімде жыр маздағын тұтатқан,
Анашымның тамыздығы деп білем.

Шабылғанша Тәңірінің қақпаны,
Қол қусырып отырудың жоқ мәні.
Жыр отына күйіп-жанып жүргенім,
Тамыздығым әлі жанып жатқаны!

КЫЛ ҮСТІНДЕ

Бұрындары білінбес бұрыс мұлде,
Тұрмысы тірліктің бұл дұрыс күнде.
Үзіліп қалатындаған көрінеді-ау,
Бүгінгінің бәрі де қыл үстінде.

Қыл үстінде алдымен шыбын жаңын,
Көзден ұшар мына өмір шынында мұн.
Бір-ақ күндік ғұмырың қалса-дағы,
Шегірткедей келеді шырылдағын...

Қалт-құлт жаңып тұрғанда жан шырағын,
Жасырмайсың жанарың тамшыларын.
Ақ-қарасын айырып тіршіліктің
Қыл үстінен келеді аршып алғың.

Боқ байлық болар дейсің ырыс кімге,
Қадірі жоқ алтын мен күмістің де.
Аздырып жіберердей Жер-жананды,
Адамгершілік құны түр қыл үстінде!

Қыл үстінде әділдік, ақ дегенің,
Өктемдікті өзіме жат көремін.
Өз шебінен шегініп, тайсалмайды,
Арым менен намысым – ақберенім?!

Тайып кетсе ауатын жүгі нардай,
Қыл үстінде тұр бәрі түгі қалмай.
Қылдан тайғым келмейді, қылдан тайғым,
Құласам, мәңгілікке жығылардай...

КӨБІК ҮРЛЕП БОС СӨЗДЕН

Істен гөрі сөз көбейіп кеткені-ай,
Көпіріп жүр көбік ауыз көп талай.
Көп асқанның бір тосқаны болатын,
Айыл жыю керек енді оттамай.

Балық өзі шіриді ғой басынан,
Мыжып кеткен басшылардан шошынам.
Айтып-айтып жауыр еткен көп сөзден,
Мезі болып көніл мысы жасыған.

Ақпараттар жана спайды шындықпен,
Отыздыққа жеткізбей жүр күн күткен.
Кіріс көздер жылда өсіп жатса да,
Тұрғын жұртты көру қыын шыр бійткен.

Өндірісте дәрмен таппай қозгалар,
Отырғанда жайымыз жоқ сөз бағар.
Жемқорлардың жемсауында жұтылды,
Жер астымыз тұнған байлық қазбалар.

Үәде еткен үлдесі мен бұлдесін,
Жылжымай-ақ қойды-ау алға бұл көшім.
Қайдан болсын ісімізде береке,
Құр бос сөзден көбік үрлеп жүргесін?!

ҚИЫН БОП ТҮР КӨНДІГУ

Елді өтірікке сендеру,
Желмаямен желді ілу.
Тау тұрғызып бос сөзбен,
Тәуекелге бел буу?!

Бермейді ғой төрді қу,
Келмесе қолдан тең жүрү?!

Бойға дарыр белгілі у,
Жотап жатыр жерді ну...
Ашық айтып жасырмай,
Керек бәрін ел білу!

ДЫМСЫЗ ҚАЛЫП ЖУРМЕЙІК

Тоқшылықтан дәм татқан мұнсыз халық,
Іскерлікten бұрын біз дым сыйбадық.
Жоспарланған тіршілікten қия баспай,
Қалғанбыз ғой бәрінен қырсызданып?!

Кім айтады, деп біздің елді күшті,
Жұргізе алмай құлатқан өндірісті?
Бір үндінің қолында кете барды-ау,
Теміртауым ағызған сел құрышты.

Естіп жатыр, түрік қой ел құлағы,
Бөліп алған деседі кенді бәрі.
Суліктей сорып жатқан алпауыттар,
Ел байлығын тонайды, жем қылады.

Қолдан келер қайран жоқ сезгеніңмен,
Құн қалмады мысы бай жезді өнірден
Балқаштың атын тіпті естімейсің,
Мұнайлы Каспий жағы өзге мұлдем.

Ілініп жүрген болса ел сінірге,
Көбісі өзге жүрттың меншігінде.
Жалтақтап, ығына ылғи жығыламыз,
Іргелес қос айдаһар көршінің де.

Жүрмейік түбінде осы дымсыз қалып,
Теңгеміз де барады құнсызданып.
Жегіліп жоқшылықтың қамытына,
Көрген күнің бүгінің құрсын халық!

ЖЕР ЖУДЕП БАРАДЫ

Көптен бері дұрыс күтім көрмеген,
Әбден тозып барады ғой жер деген.
Құрай өскен қу даланы айтпай-ақ,
Азып бітті танап та астық тербеген?!

Ел басшылар мәлімдеген көпіріп,
Мол астықтың өзі мұлде өтірік.
Қоймасына сыймай жатқан бидай жок,
Ауыл жұрты берер баға «екілік».

Егіншіліктे ең үлкені кемістің,
Тең жартысы себілмейді егістің.
Қайсын айта бересің-ау, тауысып,
Даладағы ақсап жатқан көп істің?!

Жер өндөліп, себілсе де кешенмен,
Арыла алмай жайбасарлық кеселден.
Күн райының қабағына қарайтын,
Бұрынғыдай мамандар жоқ төсөлген.

Содан сірә, ылғал қорын тауысқан,
Тұқым себу – жазға қарай ауысқан.
Күзде сөйтіп жетілмейтін, піспейтін,
Астық қалай соғылады қауыштан?

Тыңайтқыштан үстеп алар қорегін,
Көрмегесін шықсын қайдан мол егін.
Жабайы өскен қара сұлы сияқты,
Шитік дәнге келеді оны теңегім.

Осылайша жер қуаты тозғаны,
Көңілімнің түйсік ойын қозғады.
Қурай басқан қу жазыққа айналып,
Өңіп кеткен құба дала боздағы.

Жан сыздатып, оны қанша қылма жыр,
Өзгермейді басқа кейіп, түрге әзір.
Түгін тартсан, майы шыққан құйқалым,
Жүдеу тартып, жетім күйде түр қазір?!

ЫРЫМ МЕН ТЫЙЫМ ЖАЙЫНДА

Қазақтың ырымы мен тыйымы көп,
Үлгі тұтсақ, түк оның қиыны жоқ.
Құранды аттамай, жерге тастамай,
Тұра алатын өмірдің түйіні бол!

Намазды бұзғызбайтын, дәретсіз жүргізбейтін,
Таза жол талаптары терістен тізгіндейтін.
Кәрінің алдын кеспей, сөзін тастамасақ,
Қатерден сақтайтындаі алдағы біз білмейтін?!

Жұма, айт күндері бөлінбес бүтіндейміз,
Кір жумай, су сапырмай, құдыққа түкірмейміз.
Ауызымызда нан бар да жаман сөз атпай,
Тәңірдің бергеніне тәубе қып, шукір дейміз.

Қару кезенбейік, пышақ сұқтанбайық,
Балағат сөйлеп, мәкүрік жұтқан да айып.
Бейуақытта біреуге көніл айтып, жыламасақ,
Өзегеге өзімізді өнеге тұтқандай ұқ!

Жігіттер мойнына белбеу мен жіп ілмейді,
Сондықтан шалынып, бекерге сүрінбейді.
Атқа теріс отырмай, қайықты теңселтпей,
Иыққа артылғанын көтерер жүгім дейді.

Ай тоғысында қыз ұзатып, үй тігілмейді,
Құн батар уақытта суға ешкім жүгірмейді.
Тұнде тұс жорымай, бал ашпағаннан,
Көнілдің сыр сандығы тіпті де бүлінбейді.

Табалдырыққа басып, есікті кермегеміз,
Босағада қалғандарды есіркеп, дем береміз.
Орынсыз күліп, өтірік жылағаннан сақта,
Жер тепкілеп, сабалап көрмегеміз.

Жақсының жасын сұраған тосыла береді,
Кісінің мініне құлген басына келеді.
Құстың ұясы мен құмырсқаның илеуін бұзған,
Түн үйқысынан оянып, шошына береді?!

Күн шықпай адам күл төкпесе керек,
Аққу атудан шошып, үркектесе керек.
Итке ожаумен су құюға болмас,
Беті қалыңдар ғана бұлк етпесе керек?!

Үрим мен тыйымдарды бір ізге келтіріп,
Айтар болсақ, тізбелеп тұрып.
Жұлдыз бен қонақты санамаған сияқты,
Көбісі оның бізде жоқ қылық!

ХАЛҚЫМ АМАН ӨТСЕ ЕКЕН

Бұрынғыдан бүгінде көп пе үрей күн,
Тынышымыз неге бұл кетті деймін?
Аласапыран заманнан арандамай,
Халқым аман өтсе екен деп тілеймін.

Көрінгенмен көзге әзір сау сияқты,
Маңайым анталаган жау сияқты...
Жана ма деп қорқамын жаһан мынау,
От тисе егер, лап етер қау сияқты.

Құдайым көрші етіпті шүршітпенен,
Ол өзі қашан бізді үркітпеген?
Босағама бас сұғып, енбесін деп,
Сүр жыланға сүт құйып, іркіт төгем.

Одақтың қалған жалғыз қонысында,
Жұқартыпты жүйкесін орысын да.
Ит тірлігі ілгері баспай-ақ тұр,
Батып жатқан саясат қорысында.

Не керек дос атанып, қол алып құр,
Кетпесе көңіл бұлты таралып бұл?
Бірін-бірі жеп қояр жұлмыр дүние,
Аранды аш қасқырдай жалаңып тұр?!

БҮҮ-ның беделінен түк қалмады,
Қауқарсыз қаулылары жұртты алдады.
Ал, АҚШ-тың әлемді билеп-төстеп,
Өз әмірін жүргізу түпкі арманы.

Бітпейтін дау емес пе егес деген,
Бірге жүрер қорқыныш елеспенен?!

Арасында алыптар айқасының,
Сорлы халық шіркін-ау не кешпеген?

Таяу Шығыстың басылмай дүрбелені,
Бықсып жатыр оты әлі іргедегі.
Миллиондал елінен безіп кеткен,
Босқындары қайтіп қой күн көреді?

Тілі майда болса да, тіні құзғын,
Абыройын түсірген дініміздің.

Исламшыл пәлеге жоламайтын,
Түспегені дұрыс-ау ізіміздің?!

Дей алмаймыз сонда да жақсы бәрін,
Бөтен сөзден бітелді тас құлағым.
Ішім бірақ сезеді, ұмыттырып –
Ұрымталдан біреудің қас қыларын.

Күйіп тұрған дәуір ғой, күйіп тұрған,
Уағыз тілге, үәдеге үйиттырған.
Жат пейілдің білемін табыларын,
Жұлдырығын бізге бұл түйіп тұрған?!

Бұрынғыдан, сірә осы, көп те үрей құн,
Тынышымыз сондықтан кетті деймін.
Аласапыран заманнан арандамай,
Халқым аман өтсе екен деп тілеймін!

ӘДЕТ БАР

Тиіп кетер тіл деме,
Билік берген көмекті ал!
Бізде әйтеуір бірдене,
Жариялау әдет бар.

Ана жылдары ауылды,
Дәл осылай шулатқан.
Көшіп жатқан қауымды,
Одан сайын қуратқан.

Арнап оған бір жылын,
Болды ауылды көтермек.
Бастан кешкен сұмдығын,
Біз де ойладық өтер деп?!

Бірақ-тағы түзеліп,
Кеткен жұртты көрмедік.
Одан сайын күзеліп,
Түсті еңсесі жер болып.

Ауылға деп бөлінген,
Қаржы жолай тоналды.
Үміттей боп көрінген,
Фажап қиял жогалды.

Қажыды әбден ел жүдеп,
Кетті гой бәрі ауырлап.
Тұтіні тіпті селдіреп,
Азайып қалды ауыл жақ...

Билік біліп дұрысы,
Барған болар бастамға?
Дәл осындай жыл ісі,
Биыл тиді жастарға.

Нәтижесі болмаған,
Ауыл жайын білеміз.
Ал, жастарға арнаған,
Жылға таупық тілеңіз!

БИЛІККЕ НЕГЕ БАТПАЙДЫ?

Күнде өскен баға дүрмек кез,
Білмейміз қайда саяды?
Үкіметтікі құр бос сөз,
Алдарқату баяғы.

Уәдеде берген құн бар ма,
Табысқа өскен сенбейім.
Ол әзер жауып тұрғанда,
Құнсыздану деңгейін?!

Баспанамен қамтымақ –
«Жеті де, жиырма, жиырма бес».
Түбінде оны жартылап,
Көрудің өзі құр елес?!

Қалтасы қалың алады,
Қаржысы жоқтар қалады.
Бәрі де алдау амалы,
Жоспарлы айла шаралы.

«Жоқ» демес жанбыз дарақы,
Жатса да заман жаңартып.
Біздегі төмен жалақы,
Жүз доллардан сәл артық...

Жұтаңдарға көмекке,
Біз еkenбіз ел кедей.
Бөлгеніміз деректе –
Он бөс-ақ мың теңгедей?!

Сонда да шашып, той жасап,
Борыштанып өтеміз.
Ақылға салып, ойласақ –
Осы ғой басты қатеміз.

Құрттық қазір ауылды,
Егіні мен малы жоқ.
Тоз-тоз болған қауымды,
Түзетіп алар халы жоқ.

Тәлкекке түскен тағдыры,
Төзімін жұртый тауысты.
Күнкөрістің барлығы,
Қалалық жерге ауысты.

Кетпесін қалай ұсқыным,
Тоналу үлкен тақырып.
Жердің асты, үстінің
Байлығы жатыр сатылып?!

Қытайлар қазір Каспийдің,
Төл баласы сияқты.

Келімсектері басқа үйдің, Ұмытып кеткен үятты?

Тау халқының қойқаңы,
Шымбайыма батқаны-ай?!
Қарағанды сойқаңы,
Жарылмай қалды шақ қалай?

Сендеңі және мендегі,
Жан сыздатар көп қайғы.
Соның бәрі елдегі,
Билікке неге батпайды?

КОМАНДАТТАР РУХЫН БЕР

Айбат шегіп, Ақ Үйге анау кімсің дер,
Венесуэлада жоқ қой шама, құр сұлдер.
Бір кездегі Кубадағы сияқты,
Қайыспайтын командастар рухын бер!

Қыын болды-ау, Каракас шын күйзелдің,
Трампқа барып құлдық басын иген кім?
Гуайдодай жатқа жастық болмайтын,
Мадураға берсін рухын Фидельдің?!

Нағыз ірі көзіндегі мұнайдың,
Түбірлі елді ұрганын-ай құдайдың?!
Ақша құны миллион есе төмендеп,
Ойлады осы болады-ау деп бұлай кім?

Жанармайдан басқа баға күйіп тұр,
Шешу қын талай алда түйік тұр.

Осындаидә көпті өзіне ұйытқан,
Жұрт есінде Уго Чавес сүйікті ұл!

Бойларында байырғы жұрт қаны бар,
Өте мықты тегі жұмбақ тағылар.
Алпауыт ел қанша күшті десек те,
Жанғақ емес шығар оңай шағылар?!

Дегенменен ауыр тұрмыс жаңышқан,
Жан жарасын жалап отыр арыстан.
Қытай менен Ресей қанша қолдасын,
Көмек қолын созу қын алыстан.

Азаматтық соғыс қаупі бары анық,
Жатыр өзі қазірде де қан ағып...
Кетсе қын болатұғын сияқты,
Америка құрлышына таралып?!

Мұнайына көз алартқан зәрулі,
Колумбия мафиясы қарулы.
Іштей отқа, сырттай отқа оранса,
Білмейді одан қалай аман қалуды?!

Вашингтон баспай өзі аяғын,
Ұстапақшы біреулерге таяғын.
Нар тәуекел күреспекке бел буган,
Батыл елдің батырларын аядым.

Жау аттамас шептей болып тұрсын жер,
Не үшін оның күрескенін білсін де ел?!
Тоқсан жанмен женіп шыққан Кубалай,
Венесуэлаға командааттар рухын бер!

ТЕҢГЕМІЗДЕН БЕЛГІЛІ

Теңгенің бәсі құлдырап,
Құлады тағы, онбады.
Бізден ғөрі құндырак,
Өзбек пен Қыргыз сомдары.

Ала шапан ағайын,
Бәріне де ыңғайлы.
Таба алмай істің қолайын,
Қазаққа үқсан тұрмайды.

Мақтасы қазір мақтаулы,
Маталары өтімді.
Табыс қылған бақ-бауды,
Өзбекім солай жетілді.

Айыр қалпақ бауыр да,
Көрсете білді ептілік.
Көршілес қырғыз қауымда,
Еріншектік жоқ қылық.

Жалшы болып жегіліп,
Ресейде жүрсін мейілі.
Қатқан нан жесін кеміріп,
Ақша алып қайту пейілі.

Мал табу міндет еріне,
Бала-шагалары тоқ бәрі.
Әйтеүір, олар еліне,
Қаржы құйып жатқаны.

Ұмтылса өзек талмайды,
Бәрі ғой еңбек күшінде.
Қытайдан қыргыз қалмайды,
Сауда мен тігін ісінде.

Айтып, айтпай не керек,
Әзбек пен Қыргыз жарап тұр.
Тәнірім қалай жебемек,
.Қазағым байғұс қарап тұр?

Жатыр ғой бәрі шашылып,
Жер байлығы болса да.
Жең ұшынан жасырын,
Үрланғаны қаншама?!

Бетке ұстарлық тұғім жоқ,
Жырындыға жем болған.
Соның бәрі білінбек,
Теңгемізден кем қалған?!!

АУЫЛДЫ ЖҰТЫП ЖАТЫР

Тұсын тауып тاماқтан дәл бауыздар,
Қылқындырар қасқырдай қанды ауыздар...
Солтүстік өнірінің ауылдарын,
Қалалар жұтып жатқан жалмауыздар?!

Қажет пе еді дәл мұндай даралану,
Жаһандану жөні деп қалалану?
Ауылынан бездіріп болашақты,
Тынысы жоқ тамүқты қалап алу?

Түзетем деп дұрысын жоқ қып алды,
Қате сөзден қазағым көп мұқалды.
«Ауыл деп өзектерің езілмесін», –
дегені ағамыздың соққы болды.

Содан бері ағылып төстегі елім,
Ауылын тастап жатқан көш көремін...
Құмырысқаның илеуіндей құжынап,
Қалаға тығылмаса хош дер едің?!

Жүргенімен бәрі де пана тауып,
Түбінде осы болады қала қауіп.
Қалай енді қамалар тас қамалға,
Ауылдағы ошағын дала жауып?!

Жұтпағасын кең дала самаласын,
Қалай жұпар деміне қана аласың?
Бозторғайдай тордағы шырылдаған,
Амалсыздан қалалық саналасың?!

Қалды жетім далада қорым ақыр,
Атажұртым бақильтық болып жатыр...
Шімірікпей жұтатын шаңсорғыштай,
Қалалар ауылдарды сорып жатыр?!

ҚАРАЖҰРТЫМ КЕШПЕЙДІ

Қаражұртым кешпейді,
Қанша ақтасын дәуірім.
Жүргімнен өшпейді,
Мұнлы жайың ауылым!

Он-ақ үй боп қалғаның,
Сыздатады жанымды.
Жоқ қой шулы таңдағы үн,
Тіршілігің тарылды.

Асылымсың жоғалған,
Сыймағансың маңдайға.
Тоз-тоз болып тоналған,
Табын-табын мал қайдада?

Тірлік теріс бұрылды,
Тау-тау астық арман боп.
Егіншілеріңнен бұрынғы,
Бүгінде ешкім қалған жоқ.

Күтім көрмей жүдеген,
Тозды жерің шұрайлы.
Қателік деп білер ем,
Қастандық қой бұл әйгі?!

Билік бұзды дерт егіп,
Колға алғасын шылбырды.
Шаңырағыңды төңкеріп,
Уығыңды сындырды.

Жоғарыдан деседі,
Мұның бәрі шешілді.
Аталарымның кешегі,
Ізін солай өшірді.

Енді мейлі ойбайла,
Қайта ауыл деп ұран сал?!
Қалған ұмыт шалғайда,
Қиялдай ғана құр аңсар.

Қинайсың-ау ауылым,
Дәл осындағы күйдегі?!
Езілгесін бауырым,
Тағы өзіңе сүйреді...

* * *

Жүдеп кетті қыр мұлдем,
Танымастай өзгерді.
Сұрқы қашқан бұл күннен,
Құстар түгел безді енді...

Тыраулап тырна көшпейді,
Сұңқылы жоқ қаздардың...
Құс думанды төскейді,
Іздеп ертең боздар кім?

Қарлығаштар ұшпайды,
Сусылдатып қанатын.
Осылайша құс қайғы,
Ұмытылып қалатын.

Ұшпағасын көл жетім,
Құстары енді жыртылып...
Қалай көрем ел бетін,
Қанаты жатқан қырқылып?!

АУЫЛДА ҚАЛДЫ ОН-АҚ ҮЙ

Көрдік-ау бұғін көш күнді,
Ауылда қалды он-ақ үй.
Қуантпайды ешкімді,
Жаңарған қоғам, жаңа күй?!

Электр желі жүз үзік,
Жолдары тозып, жер болған.
Үйлері бос бұзылып,
Құтері жоқ енді алдан.

Тірлікке жалғыз жанды айғақ –
Тәубе еткен жандар шерменде.
Шыңыраудан далбайлап,
Су шығарып бергенге...

Әлеуметтік оң істе,
Одан басқа дымы жоқ.
Сан жетпейді кеміске,
Отырған ауыл жыры бол.

Ауыз толтырып ауыл деп,
Қалмады айтар сиқы да.
Бұрынғы жайсаң қауым жоқ,
Қалғаны мұскін қиқыма.

Көрү де қын шынында,
Көшө кезген бір жанды.
Құй жыла, мейлі шырылда,
Ауылда тірлік үрланды...

Шыдасын оған жан қалай,
Босатты ғой көнілді.
Құрсауы жоқ қауғадай,
Көбесінен сөгілді.

Жек көремін көш күнді,
Ауылда қалды он-ақ үй.
Селт еткізбес ешкімді,
Жаңарған қоғам, жаңа күй?..

ШАҢЫРАҒЫН ЖАБАДЫ СОНҒЫЛАРЫ

Тірлік үшін тырмысып, ілдесуде,
Көппен бірге жабығы күн кешуде –
Жүрген ауыл түрғыны бүгіндегі,
Жоқ қой мұлде сырласып, тілдесуге?!

Кері кетіп жатқасын өмірде ісі,
Жұнін жұлған тауықтай көніл құсы.
Қалып қойған ауылда көше алмайтын,
Ең жуасы, сорлысы, шөгіндісі...

Батса-дағы босатпас қамыт бауын,
Үқпаймын-ау бір мінез танытпауын?
Түсінбейді қалайша деймін осы,
Тұрмысының мұншама арықтауын?!

Іштей жылап, көздерін шыққа малып,
Аңы зәрін тағдырдың жұтқаны анық.
Батпайды ғой деймісін оларға бұл,
Отырганы көш соңы жүртта қалып?!

Амалы жоқ, бәріне көнбіс жаны,
Әзгере де қоймайды енді ұстамы.
Шыдап келіп, ақыры көшер болса,
Төзімінің болмай ма желге үшқаны?

Тілдесуге жан таппай көндірерлік,
Тозып біткен, тарқаған елді көрдік.
Ауылдағы қалғаны азбандары –
Шаңырағын жабатын соңғы болып!

* * *

Қалмаймыз ғой мәңгілікке өскін боп,
Бұл дүниеде мың жасаған ешкім жоқ.
Жетпіске де толмай тозып барамыз,
Өшіп жатыр көңілдегі көп сурет...

Көшіп жатыр көз алдыннан көк сағым,
Тіршіліктің қырып жеген қаспағын.
Қимайтындей жүректе ізін қалдырган,
Өткен уақыт адам үшін қас-қағым?!

Тарқаған соң той-тамаша, шулы әнін,
Селдірейді арман бағың ну қалың...
Тұған жерге сабағынан байланған,
Курайдайын ызындаиды қу жаным?!

ШИ СӨРЕДЕГІ ӘЖЕМНІҢ ҚҰРТЫ

Елден безіп, қалалық бөп кеттім мен,
Үмыт болған із қала ма көп қүннен?
Жиі-жій түсіме еніп жүр әжем,
Ши сөреде сықпа құртын кептірген...

Көрсетпеген ашу мінез бүрқанды,
Ауылдағы әже атанды жүрт алды.
Мені арқалап жүретүғын үнемі,
Кім білмейді бүкірейген Нұртаңды?!

Ерке болып, құр қалыптын ақылдан,
«Әжем барса, барамын!» – деп бақырған,
Мектептегі сабағымнан күнделік,
Үршық иірген әжем тосып отырған,

Арқасына міндім, әлде мінбедім –
Сырым болсын ашылмайтын бұл менің?!

Көрген кезде үялатын кейінде,
Бүкірейген шоры болды білгенім.

Шаруасы бітпей жатқан бірдене,
Дамылы жоқ, күндіз түгіл түнде де.
Қолда бары жалғыз сиыр болса да,
Іркіт күбі іріп тұрды іргеде.

Шолаң емес, шошаланың кезі көп,
Қазанында құрт қайнайтын тезірек.
Бұзаушықтап бір сорғытып алғанша,
Әжемізде дамыл табар мезі жоқ.

Қайнауына қарай құрттың көп түрі,
Малта құртқа жеткен бірақ жоқ бірі.
Ашымы да, татымы да керемет,
Аңыз болған жорықтағы тоқтығы?!

Одан басқа әжеміздің сыйпалы,
Болды талай түщы, тәтті құрттары.
Той-томалақ бола қалса шашулы,
Бәрін теріп алатұғын жұрт бәрі.

Ши сөреде кепкен құрт қой керемет,
Болса қазір, салыстырып көрер ек.
Бүгінгінің қапшықтағы былжырақ,
Шикі құртын көрсе әжем не демек?

Жетерлік-ау көніл қалай түйседе,
Айтпаймын ғой мылжың сөзді күйсеме.
Қора үстіне керілетін бұрынғы,
Көзіме енді түспей қойды ши сөре?!

Бұрынғыдай құрт іздейтін жоқ қылық,
Өмір қойды боз бурадай шөктіріп.
Неге менің түсіме еніп жүр екен,
Ши сөреде әжем құртын кептіріп??

ІШІК

Ақырмаған ақпанда,
Біздің жақтың қысы қай?
Үсіп, тонып, қатқанда –
Киер жылы ішік-ай?!

Тоқты тері таңдалып,
Қолдан илеп, жасаған.
Қалар аман жанды алып,
Киім осы қашаннан.
Жүні жұмсақ марқаның,
Қойыныңды жылытқан.
Аязында Арқаның,
Жүргеніңді ұмытқан?!

Түркі тондай бит қабық,
Қалмайды ғой қаудыrap.
Суықтан жоқ түк қауіп,
Отырасың маужырап...

Білгізетін бір құдай,
Жақсы нәрсе жәні осы.
Ішік деген шіркін-ай,
Қысқы киім төресі!

БАЛА КҮНГЕ ОРАЛДЫМ...

Балалығым – бал күнім бүгін сағым,
Қайта есіме тұскеңдей шырын шағым?!
Құшағыңа оралып, еніп кеттім,
Құлдырандаң жүргесін құлышағым...

Бала болып мен-дағы кекілденген,
Немеремнің тұстасы секілденгем...
Бірақтағы біз мұлде басқа еkenбіз,
Дым шықпады ұқсауға бекінгеннен?!

Қаладағы қамалған үй баласын,
Өзіндей көрүте ғой қиналасын.
Киялдың қанатында самғаушы едік,
Кең даланың төсіне сыймағасын.

Қазір басқа тірлігі немеренің,
Әкеліп бергесін бе не керегін?
Құрт іздеп ши сөреге шықпайды олар,
Көтеріп ірге тұсын керегенің.

Ұстамайды саумалап құлыш жалын,
Шүберекке түйгендей шыбын жанын.
Жалаңаяқ баспайды көк майсаны,
Естіген жоқ шегіртке шырылдарын.

Бойымыздан кетпеген көшіп тегі,
Емшек сүт ана әлді бесіктегі.
Қазіргінің баласы сияқты біз,
Көрмей өстік киноны жәшіктегі?!

Балабақша үйіне барғаным жоқ,
Балалықтан бәрібір қалған із көп...
Ал оған оралмауым мүмкін емес,
Бақыт жолын жүргесін алдан іздеп?!

Алыстап кетсе-дағы тұлымса күн,
Аңсамайды кім осы шырын шағын?
Балалыққа оралдым, бала күнге –
Құлдыраңдап жүргесін құлышағым!

АТА АТАНАР СИЯҚТЫМЫН ТАҒЫ Да

Жалғыз тұяқ аздық етпей жаныма,
Қанағат қып журуші едім барыма.
Тәнірдің бұл бергені де шығар-ау,
Ата атанар сияқтымын тағы да?!

Қаламаймын сыңар болып қалғанын,
Екеу болар түрі бар-ау Арланым?!

Жеті атадан жалғызықтан жүдеген,
Тілеймін ғой мәуе бағым толғанын.

Таластырмас ата-анасын бізбенен,
Мейлі маған – ұл көрейін, қыз көрем.
Жаным менің марқаятын болды ғой,
Іңгәлі үннен әлі күдер үзбеген?!

Тұнде тұрып біздер кезек шайқаған,
Тал бесіккө жан кіреді қайтадан.
Атасының сонда мына тірлігі,
Тіпті жайнап кетеді деп айта алам?!

Жылы хабар жаққан менің жанымға,
Көптен күткен қуанышым сағына.
Тәнірдің бұл бергені де шығар-ау,
Ата атанар сияқтымын тағы да!

ТӨБЕМ КӨККЕ ЖЕТЕР ФОЙ...

Өспей жүрген ата едік,
Бір-бірлөтіп тұяқты...
Мерейімді көтеріп,
Тәнір берер сияқты?!

Немеремнің соңынан,
Әйтеүір бір қара еріп...
Айым туып оқымнан,
Біз де қызық көрелік?!

Ұл туганы жақсығой,
Қуаныш қой қызы деген...
Толқытады тасқын ой,
Біздер үміт үзбекен.

«Бөпелеген» ботамның,
Айтқаны бекер дерсің бе?
Шын тілегін атаңың,
Құдай өзі берсін де!

Ой түспесін бөтендей,
Арманда жаным, арманда.
Төбем көкке жетер ғой,
Арланым екеу болғанда?!

САҚТАП ҚОЙДЫМ ҮРПЕГІН

Ұшықтатып, үшкіріп,
Жасаған ырым, міндет көп.
Немеремді піштіріп,
Жібергенде сұндеттеп?!

Аман қалды құлыным,
Корыққан жоқ, жылаған.
Шықпай әзер шыбыным,
Өтті-ау бәрі дін аман.

Куантты ғой жатпай көп,
Жүгіргені құні ертең...
Улkenірек көк көйлек,
Киіп алып бұл еркем.

Үркектейсің зәуде осы,
Бәрі сәтті болғаны-ай.
Жақсылықтың сәулесі,
Құйды біздің жанға арай!

Бала көніл көл-көсір,
Ойыншық көп жиналған.
Оның бәрі пендешіл,
Кең пейілден сыйланған.

Куанышты сүйінген,
Айтпай қалай іркемін.
Ботамның орап түйілген,
Сақтап қойдым үрпегін!

ЖЕР ЖИДЕГІ

Табиғатым жаңылып ырғағынан,
Биыл жидек кеш пісті жылдағыдан.
Жиып-теріп жидегін қам жасайтын,
Тоспасына кенелер қырдағы жан.

Қолайлы боп жаз басы самала жай,
Жер жидегі биылғы баданадай.
Шілде қазір күйдіріп тұрғанымен,
Қалың шөпті қалқалау оған оңай.

Жағалай шоқ-шоқ қайың қоңыс маңы,
Жерде өседі шырмауық жоңышқалы!
Жидек иісі жетеді ауыл жақтан,
Бала кезден тандайға таныс дәмі.

Қандай тәтті жер жидек балбыраған,
Әрқашанда таңсық дәм болды маған.
Жидек иісті даладан жұпар жұтып,
Сағынышты шөлімді қандыра алам?!

ТҮН ПЕРЗЕНТИ

Күндіз де құмар емен қыр далаға,
Мейлі мені бүгінде кімге бала?!

Қараңғыға қамалып жүрмін жалғыз,
Жарқанаттай үшатын түнде ғана...

Жарық нұрдан қажыдым, мезі болдым,
Мезі болған жанымнан сезілер мүн.

Корқытпайды тіпті де мұлде мені,
Қараңғылық қойнында көз ілер күн?!

Қызықты емес күндізгім, жарықтағым,
Қиян қырға көз тігіп жарытпадым.
Жұлдызды аспан астында қанат қағып,
Қараңғыда келеді қалықтағым...

Қара аспанға келеді сұңғіп кеткім,
Жүргімді ағытып жыр қып төктім.
Қытығына тимей-ақ қойдым бірақ,
Түн қойнына тығылған тұнжыр көктің!

ЖАПЫРАҚ ТҮСКЕН САРЫ КҮЗ...

Төнірек түгел сарғайып,
Жапырақ түскен сары күз...
Қапыда осы қалмайық,
Жоғалып кетіп сағым із?!

Өкініп кейін жүрмейік,
Жоғалған ізді таба алмай.
Жүдеген жұтаң күз келіп,
Өте де кетер оралмай.

Күн райы түр ғой салқындал,
Ызғырық жел де соғады.
Тізіліп көкте, қаңқылдал
Жыл құстар қайтып барады...

Көлдегі базар тарқады,
Ормандар тұттай жалаңаш...
Реніш сезімі артады,
Жаздан соң күзді қаламас.

Не шара тірлік іске бұл,
Алмасып жатқан, ауысып?!
Көш соңындағы құс көніл,
Төзімін бітті тауысып...

Отырмын тағы жыр құрап,
Жапырақ түскен сары күз...
Көкжиекте бұлдырап,
Жоғалып жатыр сағым із?..

ҚАРА НӨСЕР

Жыр жүректің балқымаса от құрышы,
Жаңбырлатпай, жай түсіріп жоқ қылышы!
Найзағайлы, жасын отын ойнатар,
Қайда деймін қара нөсер өткінші?

Қара нөсер қайда кетті төгетін,
Көк аспанды көбесінен сөгетін?
Қою бұлттың арасынан жарқ етіп,
Ақынына шақпақ шабыт беретін?!

Қара нөсер түйілгенде – қара түн,
Жайып салған самұрық құс қанатын...

Астан-кестен әбігерге түсіріп,
Әлгіндей-ақ қайта тыныш табатын.

Жасаған іс емес тегі қулықтан,
Табиғаттың сәті ғой бұл булыққан?!
Жасын отпен жан-жүргегін тілгілеп,
Кездерінен айыгады у жұтқан!

Құя салар қара нөсер өткінші,
Соған бола неге оны сөксінші?
Сел боп жауған қара жаңбыр сияқты,
Менен де бір жыр нөсері төксінші...

БАЛЛАДАЛАР ЖӘНЕ ТОЛҒАУЛАР

ЖҮЙРІКТІҢ ТАҒДЫРЫ

(Баллада)

Халықпаз ғой қашаннан жады терең, ой құмар,
Данамыз көп қастерлер, естеліктер айтылар.
Ғасыр тойын ЮНЕСКО өзі тойлап отырған,
Сәбен бізге қазаққа шежіре сөз, бой тұмар.

Тарих болып қалады қимаганмен өткен із,
Соны үрпаққа жеткізер біз алдыңғы шептеміз.
Заманымыз алшақтау болғанымен бірақ та.
Сәбен жазған өмірдің мектебінен өткеміз.

Алпыс жылдық тойында бала кезде алыстан,
Көз түскенмен алыпқа, жоқпаз бірақ танысқан.
Ауылында ұлы той жасап жатты, япыр-ай,
Зұлмат жаман шенгелден аман қалған арыстан.

Бүгінде ғой жыл сайын дүбірлеген той боп жүр,
Бұлбұлдардың орнына құзындарың сөйлем жүр...
Алпысыншы сол жылғы, сол бір тойды айтсаңшы,
Қуанышқа кенелген Есіл өнір, ой мен қыр.

Ол алғашқы тойы еді есін жиган елімнің,
Сол бір маусым айын-ай тамылжыған керім күн.
Ауылым ғой байлады қос бәйгені қоржынға,

Мәртебесі аспандаған менің тұған жерімнің.
Қуанышты сонау бір бүгін қайта түлетем,
Өтсе дағы қырық жыл әлі есімде жүр екен.
Аламан бәйге жарыста шаң қаптырган талайды,
Шабдар аттың тағдырын жадыма алып, жыр етем.

Тұрқы қысқа болғанмен, кең болатын шалымы,
Құлағыма жетеді жойқын шабыс сарыны.
Қарапайым болса да, қойны толы қазына,
Шабдар аттай шабысты Сәбенің де дарыны!

* * *

...Сәбит өзі тойында шапан жапқан жүйрікті,
Су тартатын көлік қып, бізге тағдыр сый қыпты...
Колхоз совхоз болса да, ауылдағы басшылар –
Қонышынан басқан кез сол баяғы билікті...

Әгіздердің ол кездे күші кете бастаған,
Сырлардың күні өткен – парда бұзау тастаған...
Өмір өрге бет бұрып, машина мен трактор –
Жұмыс күші болды да алға қадам басты адам.

Тәубе деген немене бола алмаса мұрындық,
Кей мінезді тоқшылық жібергенде қырын қып?!
Басқарма мен басбұхты сез етуге бола ма.
Біздер өзі алдымен сол сырқатқа ұрындық.

Баламыз ғой қайтейік, өмірдің көп тылсымы,
Жанарымыздан жасымыз кейін ғана ыршыды...
Біз безбүйрек емес ек, бізді үйреткен – сол уақыт,
Ауылдағы дөң айбат басшылардың қырсығы!

Тоқтар Зікірин әңгімелерінде анықталған

Бірді бастап, бірді айтып кетті неге демегін,
Бар болғаны көнілден көп елесті еледім...
Сәбит ата ауылында алпыс жылдық той өтті,
Сондагы озған жүйріктің айтам соңғы дерегін!

* * *

Біздің ауыл мерейі үстем болып, дәріпті –
Сол бір тойда шабдар ат қалың топты жарыпты...
Және де бір куәныш – фермамыздың бастығы,
Жас балуан Есмағзам бас бәйгені алыпты.

Сонда тойдан қайтқан жұрт тасыған-ай, тасыған,
Балалар да шуласып шабдар аттың қасынан.
Әлі есімде шіркін-ау, Қапен деген жылқышы,
Сүйе берген еді ғой жүйрік аттың басынан...

Сүйген, сосын жылаған... Жылап тұрып кеңкілдеп,
Шыққан сөздер тізбегін жиып-тердім бертін кеп...
Жылқышы қарт сонда айтқан: –

Ақанайдай бабамыз,
басын иіп, алдына тастар еді бөркін, – деп...

... Безген шақта еріксіз Торғайынан, Қыпشاқтан,
Алып шықты бір байтал оқтай зулап,

құсса атқан...

Құған жауға жеткізбей, көбік көмген сол шабдар –
Осы жердің пүшпағын бабамызға ұстатқан!

Шабдарым-ай, жарадың, сол бабамның көзінің,
Шабдыр байтал үрпағысың, сезеді тек өз ішім.
Аман болшы жануар, аман болшы, – деді де,
Алыстады Қапен шал оғаш көріп өз ісін...

Сұлуға да, жүйрікке де көздің сұғы көп тегі,
Сол бір құрмет әттеген-ай, бір жылға да жетпеді.
Қотыр мінсе бөксесі қажалмайтын есепші.
Ана-мына жүріске жүйрік атты ерттеді.

Басқарманың мінгені – жорға қоңыр төбел-ді.
Шабдар мініп есепші міне соған теңелді.
Шіркін уақыт – зауал шақ, көнілдегі соқырлық,
Білмейді екен шынымен обал, ұят дегенді!

Тойға барды ат ерттеп, машиналар тұрғанда.
Атақ құмар адамдар арзан сайран құрған ба?
Қаңтарулы тұратын таң атқанша қайран ат.
Көзінен от ұшатын кейде бастан ұрғанда.

Жалған бедел, мақтаныш –
жүйрік мінген жаманға.
«Бастан ұрған пақырды тастар ма еді табанға» –
дегендер де бар еді, бірақ қолдан не келсін –
шайқағандар шайқады билік тиген заманда!

Басқарма мен басбухтар ол кезде әлі мығым-ды.
Олар ғана тартатын «Қазбек» дейтін шылымды.
Сұлулар мен жүйрікті құтқармаған пенделер
Тым асырып кеткенін уақыт өте ұғынды.

Ол туралы әрине, сөз болады кейінде,
Сол уақытта тосқау жоқ құлқын құмар пейілге...
Жүйріктің де қадірі жұрт үстінде екен ғой,
Жабау болған жүйрік ат жұнжіп кетті дейім де?!

Оған бірақ кінәлі сол бейшара ат па еді,
Жабау болды қанаты қырқылғасын көктегі.

Тоқтар Зікірин әкесе де шығарған қос танау

Көріктейін кеудеден дем шығарған қос танау

Шыққа маңқа жағатын енді мынау шөптегі...

Есепші де сол кезде ерін алып тастады,

Қадірі жоқ Шабдардың, енді ерттеді басқаны...

Дүйім жұртты қуантқан дүлдүл жылқы өшті де

Қою шаңға көмілді сонау бәйге аспаны...

Біздер онда баламыз, не нәрсені танушы ек,

Ұнамайтын, әйтеуір қызықтан бір қалу шет.

Арба жегіп Шабдарға, қос бөшкені артып ап,

Есепшінің баласымен су тасуға баруши ек...

Тартатыны сол үйдің ауызсуы болатын,

Балуан көлде кей кезде батпақтаң та қалатын.

Жануарды аямай шу-шулаушы ек, шіркін-ай,

Шыбыртқымен сабалай қолымыз да талатын.

Дәл осындаң бір күні Қапен көрді біздерді.

Тамыз өтіп, қыркүйек қол артқан шақ күзге енді.

Батып жатқан жылқыны көріп жүзі түнеріп,

Қамытбауды тісімен қыршып тістеп үзген-ді!

Сосын бізге айтты ғой, осы жырдың түп басын:

– Балалар-ай, балалар көнілді кір тұтпасын,

Адамдарды айтам-ау, ат қадірін білмейтін,

Жаны рахат табар ма бұл Шабдарды жүтқасын, –

Іштей айтты ол сөзді, бірақ шықты жаңғырып,

Ұмтылмайтын бір сәт бар дәл осындаң мәңгілік.

Шабдар атты жетектеп өзі қырға кетті де –

Мініс атын жегулі кетті бізге қалдырып.

Сонда біздер нені үқтық, бүтін есте жоқ мұлде,
«Қайран Шабдар» – деген сөз түсे берді тек тілге.
Жабау атты жетектеп жаяу бір жан барады
Сол бір сурет қалды рас, елес болып көп күнге.

Сезді бала көніл де жүрекке мұз қатқанын,
Кейінде, рас, көп көрдік жүйрік-жұлдыз батқанын,
Ұмытпаймын тек қана, ұмытпаймын мәңгілік
Шабдар ат пен Қапеннің жылап бара жатқаны...

Жеткенімен жылқыға жүйріктен әл кеміпті,
Жоңышқадан бас тартып, сұлыдан да жеріпті.
Үш күн жатып көз жұмған Шабдар атты
Қапен қарт,
жалғыз қайың түбіне терең қазып көміпті.

Мұның бәрі ауылға кейін жеткен әңгіме,
Жылқышы қарт серігі айта алмады мәндіре.
Сол кез жылқы басында үқты дейсің кім жанын –
Пырағынан айырылған қыпшақ ұлдың мәңгіге!

* * *

Содан бері тумай жүр елге лайық тел құлын,
Көрсететін даланың дүбірлетіп кеңдігін?
Әлі күнге аты аңыз, сол бір жүйрік Шабдарды,
Қорлағанмен бір адам кемітпепті ел құнын!

Шығарманы көркем сөз деменіздер нәрлейді,
Алыптарды қашанда халық өзі нар дейді.
Ауыл кеңес ағасы Есмағзамның үйінде –
Сәбен өзі Шабдарға жапқан шапан бар дейді!

БЕСЕУДІҢ БІРІ

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВКЕ

(Толғай)

Жаңа қоғам құрғанмен тілеуі көп,
Құрсын тірлік қайыршы, тіреуі жоқ.
Шындық үшін шырылдарап отқа түстің,
Ғабит аға, бесеудің біреуі бол.

Отыз екі... Қазаққа қырғын болған,
Кім өтпеді сонау бір ырғын жолдан.
Қорғана алмай үміті үзілгендей –
Қарқылдаған қарғадан, құзғындардан.

Ел басқарар дегені ноқай болған,
Сауыр тіліп, ауылда ат ойнаған.
Қазағымды жіберді-ау тоз-тоз етіп,
Келімсектер құтырған қоқай заман.

Ежелгіден көшпелі ел едік қой,
«Колхоз болып, түзейсің теңеліп бой» –
деген үран қамшымен санаға еніп,
Жанға батса, ауырды демедік қой.

Ұстағанмен қарымды құт қаламды,
Әлі сенің атағың шықпаған-ды.
Тағдыр-диірмен үгітіп жатқан кез ғой,
Сенен гөрі нелер бір мықты адамды.

Жарасам деп халқымның қорғанына,
Корықпастан қаламсап алғаныңа.

Өміріңен ел мұны шыныменен,
Ғабит аға, ауырлау болғаны да...

Өлім іздеу – өмірді тілеп тұрып,
Өзгелердей іздемей бір ептілік.
Сталиннің өзіне хат жазуын,
Қандай шіркін батырлық, жүректілік?!

Қайсарлығың, бір беткей сертің барын,
Білмегендер білді ғой бертін бәрін.
Қылышынан қан тамған сол заманда,
Жебеп сені жүргендей Елтінжалаң!

Арман болған адамға бір таба нан,
Ол күндерді оралтпа, Нұр тағалам!
Құзғындардың тырнағынан өзінді –
Қорғап қалған сияқты Ұлпан анаң...

Қол қойғаның ел қамы, ел мұны еді,
Шыдамады-ау қырғынға ер жүрегі.
Көсем білсе түзелер деген оймен,
Ізгі ниет сол хаттан өрбіп еді....

Күттің хатқа жауап пен «ұнде mestі»,
Қонағыңнан қорқып күнде кешкі.
Құдай сені қаққан ғой, қайран ағам,
Ана төртеу ұсталып, түрме кешті...

Заман солай, тағдырмен ойнағасын,
Кеүіп мына қалмайды қайда басың?
Зұлмат күндер жіберді-ау теңестіріп,
Тақыр кедей, кешегі бай баласын.

Айтып берер турадан тайғаныңды,
Өмір бертін бәрін де айна қылды.
Батыр деп атамаймын қалай бүгін,
Қорықпай хатқа қолын қойған ұлды.

Ғабит аға, мен енді ойланамын,
Болған-ау, сірә, қайсар бойда нәрін.
Айта алмаған ешкім де дәл өзіндей,
Ауылымды әштықтың жайланаңын.

Жәбір салып жаныңа айқындығың,
Жоғарыға жетпеді-ау айттымды үнің.
Бірақ сені қайрады қайрағында,
«Ол жау болса – мен де жау» дейтін күнің...

Ізіңе шырақ алып өштілерің,
Түсіп ап, білсөң дағы сес тілерің...
Бейімбетке араша болғанда да,
Қаймығып көрген емес еш жүрегін.

Қаншама күн кешкенмен күніреніп,
Қазақ та келе жатыр іріленіп.
Әрқашан тұлғаң биік тұrap аға,
Бесеудің бізге жеткен бірі болып!

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Саргайдым гой, сардаламды сагындым.
«Қарашиғым, құлыным!» – деп зарлаган,
Алыстагы сорлы анамды сагындым.

М. Жұмабаев

САҒЫНЫШ

(Лирикалық толғау)

I

Тар заманның көрдің талай зорлығын,
Бастан кешіп тұрымтайдай тор күнін.
Жиyrма бесте сағынышты жыр жаздың,
Алғаш түсіп түрмесіне Омбының.

Еркін өсіп, тыныс алған даладан,
Бұлбұл құсты торға қалай қамаған?
Бірақ оған мойымаған өзіндей,
Жүргегінде сағынышы бар адам...

Алты ай түрме. Абақтыны кім көрген,
Жан едің гой самал жұтқан, нұрды емген.
Өлмейтұғын жыр тудырдың алыбым,
Ой мүжіген, сол үйқысыз түндерден.

Тізіп маржан жүректегі ой нәрін,
Өзінді емес, елінді гой ойладың.
Жәбір-жапа жанға батып жатса да,
Сағыныштың тереңіне бойладың.

Сағын әсте сындырмaston арыңның,
Қашандағы биігінен табылдың.

Бір басыңа азаттықты ойламай,
Ел ертеңін, бостандығын сағындың.

Тауқыметі көп қой мына тәнірдің,
Берер дейсің болжай оның бәрін кім?
Темір торға түскенімен азамат,
Бұғауы жоқ дауыл жырдың, дарынның.

Сағынышың жетті-ау ақыр еліне,
Тұған жерге, айдын шалқар көліне.
Содан бері ғасыр өтіп кетсе де,
Сағыныштың қана алмаймыз шөліне...

II

Сағындырған жыр жұлдызы Мағжаным,
Әлі бізге толық жетпей жазғаның,
Жүрсе дағы, бар мұранды оқып-ақ,
Сағыныштан қүйіп кете жаздадым...

Неткен сенің гауһар еді жүрегің,
Неткен сенің шалқар еді жүрегің?
Сардалаңды, Сасықкөлді сағынып,
Тұран елдің тіршілігін тіледің.

Өрлігіңді досың түгіл, қас та ұғып,
Кейбіреулер тас лақтырып, қас қылып.
Отырғаның біле тұра өттің ғой,
Ұлтың үшін жан пида қып, бас тігіп.

«Абақтыда айдан, құннен жаңылып»,
Көп пенденің бірі болып жабығып,
Жүрген кезде жебеді ме жаныңды,

Алаш елдің күні туар нар үміт.
Тіршіліктің қиуын көп бұлдірген,
Зар заманда оның бәрін кім білген?
Атыла ма, асыла ма азамат,
Айту қиын, қызылдарың дүр жүрген.

Тұрса дағы жанды солар жарапал,
Шабытыңды шарық тасқа жанап ап,
Темір тордың ар жағында отырып,
Сағынышты жыр жазғаның ғаламат!

Бірге жүрген құрдастарды сағынып,
Ой бөлісken сырластарды сағынып,
Жүрегінен жыр төгілді-ау түндерде,
Қыран ұшқан нұрлы аспанды сағынып,

Сағындырып қалың елің, қазағың,
Жырға толды тығып жүрген қағазың.
Төбедегі тор әйнектен түсетін,
Ақ сәуледей көкірекке таза мұн.

Бәрі соның сағыныш боп өріліп,
Жатты-ау сенің жүрегінен төгіліп...
... Бірақ, бірақ сол бір өлмес сағыныш,
Өкінішті-ау қалғаны ғой көп ұмыт...

III

Жеткізбеген елесіндей сағымның,
Алыс едің, арда ақынным табылдың.
Сағынышты қалай торда ұстасын,
Күлі көкке ұшқан кеше әмір күн.

Тәлкегіне түсіп талай тірліктін,
Қыршыныңан қыылдың-ау тым мықтым.
Тұран болып, Алаш болып бәріміз,
Сені іздейміз таңы атқанда шындықтың.

Маздағындай лапылдаған жалынның,
Жыр әлемде тұлпар едің дарындым.
Қотыраштай қастық қылған біреулер,
Бәйге бермес дүбірінді сағындым.

Теңдік алған жарық Құні таңымның,
Жылу беріп, жүргегімнен табылдың.
Жырынды оқып елге, жұртқа аманат,
Мен өзінді, мен өзінді сағындым!

АҚЫННЫҢ БАҚЫТ ҚҰСЫ

(Triptich)

I

Мәз болыппыз жылдар өтіп, озғанға ай,
Тарих тоңы жатыр әлі қозғалмай.
Еркіндікке бас тіге де алмадық,
Қырық жаста қыршын кеткен Мағжанда!

Мол дауылы, найзағай мен жасыны,
Бізден озған түп-тура бір ғасыры,
Замананың заңғар үнін жеткізген,
Алты алаштың сол еді ғой асылы.

Түркі елім деп, Алашым деп, жұртым деп,
Жүрек жырлап, күрсінбеген бір күн жоқ.
Мүмкін содан алған шығар бастауын,
Бұла таңы бостандықтың біргіндеп.

Сарыарқаның, Сасықкөлдің сұңқарын,
Тұмшалаған күнді қойшы тым тарын.
Еркіндіктің еркін желі ескен соң,
Иемденіп шыға келді-ау жыр тағын...

II

Сол құрметке, ақын туған ауылда,
Ақ қайынды қалың орман бауырда.
Тас тұғырда ескерткіші қойылды.
Үлгі болар ендігі жас қауымға.

Той дейсің бе, тойдан гөрі салмақты,
Бұл жиынды әкім өзі қолдапты.

Соны ашуға дүйім халық жиналған,
Тағзым етіп ақынына ардақты.

Еркіндікке тәркі еткен өз қанын,
Қайта оралған сияқты ғой маздақ үн.
Ескерткіште өр кеудесін көтеріп,
Өлмес өлең оқып тұрды Мағжаным...

Біткен қалай бойына бұл мол дарын,
Өлмес өлең оқып тұрды заңгарым.
Сезген дей ме, білген дей ме, япыр-ау,
Болашақта бостандыққа жол барын.

Қанша ғасыр бодандықта налыдың,
Тасты жарып шындықты айтты жарық үн...
Сілтідейін тынып тұрды бар халық,
Жаңа ғана танығандай алыбын!

Мұны үқпасақ ертеңіме, елге сын,
Сөйтіп шаттық қеудемізді кернесін.
Сарыарқаның сар самалы толқытты,
Ескерткіштің жаңа ашылған пердесін.

Жай айтылған сөзім емес үстеліп,
Жиналған жұрт тұрғандай ма түс көріп.
Осы бір сәт қонды ақынның шіркін-ау,
Көк көгершін төбесіне құс келіп...

Тамызғанмен қызыл тілдің толғауын,
Өң мен түсте әлі күнге сол қауым.
Жыр құдірет киесіндей көрді жұрт,
Бейбіт құстың сол бір сәтті таңдауын!?

III

Қысқан бәрін құрсауында уақыт қүш,
Құр сөз болып бітпей талай жатыпты іс.
Көк көгершін көрінеді сол маған,
Бар алаштың басына қонған бақыт құс!

Жылдар өтер, бұл жай талай екшелер,
Той өткізер нелер алда көкше жер.
Тек биіктей береді ғой мәңгілік,
Сарыарқада, сар далада өскен ер.

Баянды боп бостандығы, теңдігі,
Жеңілденер күн де жақын ел жүгі.
Тас тұғырда өлең оқып түр ақын,
Жолын беріп жас үрпаққа ендігі.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУДЫН СОНҒЫ СӨЗІ

Казақтың болған агасы,
Кожаберген гадыл ер,
Қадырын білген қалың ел.
Бұхар жырау

Ғасыр ғұмыр аз емес бір адамға,
Сабыр табар сәт таяу мына жанға.
Сонғы сөзбен сыр шертем халқым саған,
Одан артық қалдырар мұра бар ма?

Бауырыма бассам да Гүлтөбені,
Гүлтөбем неге сағым бүркенеді?
Жау қуып, жарқылдаған қайран жастық,
Өзіңнен бастау алар сыр тереңі...

Керейде Ашамайлы – Көшебе едім,
Батыры, жырауы әрі шешені едім.
Құдайдың маған берген бағы шығар,
Ордабасын ұстағам кешегі елдің.

Кенжесі болсам дағы қатар ұлдың,
Өмірдің сыбағасын тата білдім.
Аруағы қолдаған шығар мүмкін,
Нағашы атам – Жалаңтөс Баһадүрдің?!

Он жетімде батырлық айбатты алдым,
Жекпе-жекте талайды жайратқанмын.
Алласпаным ойнаған найзағайдай,
Төбесінде қалмақтың, ойраттардың...

Білімі ғой Самарқант, Бұхараның,
Араб, парсы тілдерін бұталадым.
Менің жастық шағымда ел билеген,
Тәуке ханды тәнірім тұта аламын.

Бишілдігім, бар және шешендігім,
Елдің ойлап саулығын, есендігін.
Татулықты ту еткен елші болдым,
Алауыздық қашанда кеселді мін.

Қайран елім, кең жайлай, өрісі кең,
Не нәрсеге шыдамды, терісі кең.
Қорғана алмай қапыда қала берді-ау,
Қос қапталдан шапқан жау бөрісінен...

Ата жасқа жеткесін «Қош, түмен күн!»,
деген оймен сауытын шештім ердің.
Шашақталған найзадан қан кепкенде,
Ақ табан шұбырынды көшті көрдім...

Қайрылғандай болдым-ау қанатымнан,
Қауқар болмай Тәуке ұлы Болатынан.
Бірікпеген кезі әлі бүл қазақтың,
Хан болмаған Абылай – дара тұлғам.

Жолына құрбан тігіп һақ Алланың,
Еліме жау шапқанда жата алмадым.
Алпыста қайта семсер ілгенімде,
Қалсыншы кекке толы қатардан кім?!

Қарсы тұрар күш қайда шешімді елге,
Бір тосқауыл болар ғой есіргенге.

Тоқтар Зікірин

Қалмаққа ойсырата соққы бердік,
Уақ-керей, татар болып Есілкөлде...

Тарихтың тигізбестен төсіне кір,
Сондықтан аман қалды-ау Есіл өнір.
Болашақ ізім басар ей, ұрпағым,
Мақтан қып, осыны айтып, шешіле жүр...

Ержетеді ертең-ақ бала қайын,
Ойлатұғын ел қамын, дала жайын.
Толыбайдың кенже ұлы Қожаберген,
Қоштасады өзінмен ал, ағайын!

Туады деп оңынан қазақ айын,
Болашақта өзімше шамалайым...
Кіндік кескен туған жер – алтын бесік,
Қош, аман бол, Гүлтөбе – Маманайым!!!

КЕЗДІК (Баллада)

I.

Кездіктің бұл жүзіне от шағылатын,
Білмейтінбіз жазған кім сабына атын.
Тарихын да білмейміз өткендегі,
Ауылдағы шалдан бір табылатын.

Саласы мол, әрі өткір алдаспандай,
Кездік еді қос батыр қандасқандай.
Тас обада сүйегі қурап қалған,
Бір батырдан қалғандай жолдас болмай?

Кімдер бізге жеткізді сырына сақ,
Откір жүзін ерліктің шыңына сап?
Тек есімде бертіндер ауылдағы,
Сол шал сақтап жүретін қынына сап.

Сабы беріш мүйізден тас өрнекті,
Дейтін едік: тобылғы кесер ме етті?!

Шал ауырып жүретін соңғы кезде,
Құтқармайтын кәрілік кесел жетті...

Нар тұлғалы қария алыптығын,
Көпсінгендей күрт кетті жарықтығым?!
Қынындағы кездігін жамбасына,
Басып жатқан бірақ та салып мығым...

Сонда қария еске алып, нені ойлаған,
Жұмбақ болып өледі-ау қалай да адам?!

Түсті ме әлде есіне хан ордасы,
Хас батырға мәрт өлім қолайлаған?

Кімде кегі кетті еken намыс буган,
Жау қолында кетті ме алыс тұған?!

Қарт көзінде бір тамшы жас тұрыпты,
Көкірегін бір жұмбақ намыс жуған...

Әлде анасы боздаған «Ақ табында»,
Сүйіктісі кетті ме жат табанда?
Ит өлімін ойлаған жоқ еді ғой,
Қылышылдатып кездігін сақтағанда!!

Жастай кетсе жанып бір қыршынынан,
Киналмас еді-ау кәрі өлім қырсығынан.

Алынбаған кегі бар зар заманнан,
Аунап кеткен тарихтың үршығынан?!.

Сыр аштырмай, тағдыр-жел сөзін жұлды,
Өткен ғасыр туған бүл тәзімді ұлдың...
Қылышылдаған кездігін қысып ұстап,
Ғасырмен жас сол бір шал көзін жұмды...

II.

Ұқтырады бұл тағдыр кімді-кімге,
От сөнді де сол шалдың түндігінде,
Кездік журді женгейдің қолында бір,
Күнделікті күйкі өмір тірлігінде...

Батырлардың баласы кіндік кескен,
Кездік болуы бұл өзі мүмкін дескен.
Ата қаруы қалдығой күтім көрмей,
От басында жеңгейлер күңкілдескен...

Нан туралды дастарқан басында да,
Ет туралды сол шалдың асында да.
Кездік еді жүзіне от шағылатын,
Мұқалыпты жүздері расында да.

Қарудың да мәрті еді-ау алдаспаны,
Бүгін оның салты жоқ жалғаспалы.
Күтімі жоқ кезінде тозады екен,
Тозады екен шіркін-ау, алмастағы.

Сауыттардың талайын тіліп те өткен,
Кездік еді сырларын бүгіп кеткен.

Қазан қырган кезінде бір жеңгейдің,
Қолындағы сол кездік сыннып кеткен...

Әкпелі ме көп жатқан қындарына,
Әкпелі ме мұқалған шыңдарына?
Сауыт тілген семсердің қайран қалам,
Қазан қырган кезінде сынғанына?!

ОШАҚ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Белгі ме екен қалған бір қимас күннен, мұрадан,
Үш аяқты ошақты көріп қирап құлаған,
Қымбат жиһаз үйдегі көшіп кетсе селт етпес –
Жетпістегі бір әжей боздап тұрып жылаған...

Оған бірақ ешкімде мән бермеді, әрине,
Қайта күлген, күлкі ғой осы күні кәрі үйге?!
Әжей болса ішінен үшкірініп, дұға етті,
Өзі жөнеп қетердей тұра сол күн фәните...

Үш ұлды еді сол әжей, қайсы сүтін ақтады,
Айта алмаймыз оны біз, іште сырын сақтады.
Келіндерге бұл өзі дұрыс болған сияқты,
Үш аяқты ошақтың қайта қирап жатқаны?!

Іштен тынды қария, жинап ошақ сыннығын,
«Аман болса екен», – деп, тіледі үш құлынын.
Ал, келіндер не қылсын газ тұрғанда ошақты,
Оғаш көрген еді олар енесінің қылышын...

Қимағанмен қашама киген жанды кемешік,
Жылдар өтіп қойнына алды ғой бір тәбешік.
Аза тұтып жөнелткен құрметпенен анасын,
Балалары басына мазар соқты кеңесіп?!

Қарап тұрсаң бәрі де дұрыс еді, дұрыс-ты,
Қыын кездे қолтықтап бірін-бірі тұрысты.
Ана барда бір үйге сиған ұлдар шіркін-ау,
Жеке-жеке отау боп шығуға енді тырысты.

Олары да жөн шығар, жеткен іс қой толғағы,
Әрқайсына үй беріп ауылкеңес қолдады.
Көз құрты ғой дүние, бөлуге оны келгенде –
Әлгі жерде келіндер керілдесіп қалғаны.

Тияр осы күш жоқ қой долылықты көк бетті,
Амалсыздан араға араласып сот кетті.
Қара мына қырсықты, бір емшекті тел емген,
Ағайынды адамдар көріспейтін боп кетті?!

Ақыл сөзге – ашу жау, долы толқын көне ме,
Бөлінді ғой дүние, бөле алмайтын немене?
Тек елеусіз қалды үйде әжей ілген баяғы,
Кенеп қапқа оралған сынған ошақ шегеде?!

Кім апарды білмейміз, кейін көрдік мазарда,
Сынық ошақ қаптағы түсе берді назарға.
Әжей бекер езіліп жыламаған еken-ау,
Мәңгілікке қоштасып, бұл фәниден озарда?!

Тарқатылды бір түйін, жалғауға оны бола ма,
Айту қыын бүтінде, әлде сыр боп қала ма?
Үш ұлының бірлігін ойлап жүріп көз жұмған,
Үш аяқты ошақтың құрсауы еken – сол АНА!

АТА ЗАҢ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Уақыттың алыс кезені,
Барады-ау тіпті шегініп.
Ата Заңымның өзегі,
Әріден жатыр өріліп.

Әділ сөз бенен ақ істі,
Ана сүтіне балаған.
Арындаі таза намысты,
Айналдым туған бабадан.

Тоқтатқан небір жауларын,
Дуалы сөзбен өрелі.
Өзара талас, дауларын,
Билері шешкен ел еді...

Кеңдік бар дархан далада,
Еркіндік желі есетін.
Араздық туса арада,
Шарифат жолмен шешетін.

Айырып ақ пен қарасын,
Әділдеу болған көп бізден.
Өмірдің ескі, жаңасын,
Ертеңге сеніп жеткізген.

Жетпейді-ау біздің өреміз,
Зерделі еken хан кісім?!
Ата Заңымыздай көреміз –
Тәуkenің Жеті Жарғысын.

Күрсінді кейін ел біліп,
Болды ғой оның зары өткен.
Кеңестік заңмен көп жүріп,
Айырылдық дәстүр, әдептен.

Аққа да қара жағылды,
Ах ұрды талай асылдар.
Алаштың небір дарынды,
Ұлдарын жүтқан ғасыр бар...

Батқан шын зорлық тақымы,
Жылдар ғой қазір көмескі.
Намысты ту қып ақыры,
Желтоқсанның да лебі есті.

Одан да таппай әділдік,
Төгілді қаны жастардың.
Амалсыз қара жамылдық,
Таныдық жау кім, достар кім?!

Сосын да қатты ойландық,
Шыдамда шек бар, дәт қанша?
Қында ғой жатып қайралдық,
Азаттық таңы атқанша.

Еркіндік алып, бұлқынып
Үзгенде бұғау темірін.
Болашаққа ұмтылып,
Өзгеріп салды өмірім.

Шаттықты жүрек сезіне,
Куанып бұлай тулар ма?



Елімнің тән бір өзіне,
Ата Заңымыз туғанда!

Тарихтан терең нәр алып,
Текті ғой халқым бар қүшін.
Тапқандай болдық оралып,
Тәуkenің Жеті Жарғысын?!

Болуын берік қалаймын,
Анық қой алда талмасы.
Сарқылмас таза ақ айдын –
Ата Заңымның арнасы!!!

УАҚТЫН ҰЛЫ САРЫ МЕН СҮЙІР БАТЫР *Tolgau*

Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын,
Сары мен Баянды айт Уақтағы.
Тәтіқара жырау
Жүретін ел дегенде жаны қалмай,
Баян қандай, Уақтағы Сары қандай?
Тау тұлғалы Сүйірдей тірегі бар,
Жаужүректер өзгеден табылар қай?

Үрпақтары бүгінгі сағынардай,
Қас батырлар беріпті Тәңір-Алла-ай!
Қалай ерлік жасамас қазақ ұлы –
Хан иесі барында Абылайдай?!

Ерліктің ізін салар сан ғасырга,
Батырлық – үзілмейтін жалғасында.

Қайтіп тұмас Сары, Сүйір, Баяндар бұл,
Бабасы Қамбар батыр болғасын да.

Ерсары атаныпты Сары батыр,
Тарихы оның тіпті де әрі жатыр.
Қамбар мен Уақтан бергі аталары,
Ер Көкше мен Ер Қосай болып отыр.

Ер Көкше мен Қосайды кім білмейді,
Соғыс салса сұрапыл сүргін дейді.
Жауына есе бермей женеді екен,
Қырық күн болса дағы қырғын мейлі.

Болатұғын тектіде, тек асылда,
Мәрттігіне Ер Көкше нанасың ба?
Басын тігіп қатерге, қалмақтардан –
Қырғыздың құтқарыпты Манасын да.

Қосайдың әке жолын құғаны анық,
Ол дағы елі үшін туған алып.
Талай бетін қайтарды жонғарлардың,
Ат суарып Сарысу, Шуға барып...

Болғандықтан тегінің бәрі батыр,
Жалғасатын қүрестің жолы жатыр.
Абылайдың қол астына біріккен,
Қазақ туын көтерді Сары батыр.

Мұндай таңдау әркімге жасалмаған,
Болмаганы шығар-ау осал бабам?!

Ақтабанда... ел босып жатқан кезде,
Кекке толы көзіне жас алмаған.

Қалыспай Бөгенбай мен Қабанбайдан,
Жоңғарларға салды ғой талай майдан.
Шығыстағы Торғауытты желкелеп,
Еділ қалмағын айырды бар айдардан.

Тірліктің қызығына еш кенелмей,
Уақытын той-думанды кешке бөлмей.
Жорық жолдан қалмаған қайран бабам,
Қартайғанша сауытын шешпеген ғой...

Сол сияқты Сүйір де сүргін еді,
Сескенбекен жауынан дүр жүрегі.
Уақ тарихын сөз етсек бүгіндері,
Қос батырдың есімі бір жүреді.

Сөз етеміз ерлікті сүйінгеннен,
Жыға алмапты жаулары Сүйірді ерден.
Ақылы да күшіне сай болыпты,
Жол тауып шығатұғын қыын жерден.

Ірілік бабасына болып арман,
Осындаі ерлік толы жолы қалған.
Уақтың апайтөс батырлары-ай,
Тарихтан ойып тұрып орын алған.

Ежелгі мықты ұлыс қой Уақ деген,
Тірлігінен таусымас қуат көрем.
Сары жайлы, Сүйір мен Баян жайлы,
Жазылады талай жыр, шуақты өлең!

ТАРЛАНҒА ТАҒЗЫМ

Ақын, әншиi Игібай Әлібаевтың
рухына арнадым

Әнші едің ғой, ақын едің дарынды,
Сен кеткелі тынысымыз тарылды.
Өзің ғана салатын ең төгілтіп,
Кең дауысты асқақ әнді тәнірлі.

Есте бәрі сенің думан, жыр күнің,
Ұмытпайды өзінді елім бұлбұлым.
Қызылжардың сахнасын оятып,
Найзағайдай көк аспанын тілді үнің.

Көмейіңнен қараторғай ән салып,
Тыңдады елің таңырқанып, тамсанып.
Соғыс кезде әндеріңмен ес жинап,
Жырларыңмен жан жұбатты қанша жұрт?!

Аз болатын өнердегі теңдесің,
Қыран болып қанат қақпау ерге сын.
Жамалдармен бірге думан еттің сен,
Мәскеудегі жетістіктер көрмесін!

Жаны жайсан, жомарт мінез шалқарым
Көркі едің-ау думан тойдың, ортаның.
Саган тастап кеткендей бұл болатын,
Бар өнерін тарландары Арқаның.

Біржан менен Ақандардай шырқадың,
Шындықты айтып замандарда бір тарын!
Ыбырайдың «Гәккуіне» салғанда,
Қанат қомдап кетуші едің сұңқарым.

Айта берсе ісің көп қой қоштар мың,
Басын қосқан өнер сүйер жастардың.
Жазда ауылда жұрт асыға күтетін,
Филармония үжымын да басқардың.

Сенің ғажап түйсігіне сүйінем,
Ол болмаса домбыраңың күйі кем.
Сахнаға жұлдыз қылған өзің ғой,
Мархабаны мың бұралған биімен.

Саған құмар болатұғын той қауым,
Керемет қой домбырада ойнауың.
Оған шырқау шар дауысты қосқанда,
Түсінікті жылжымай бір қоймауың.

Жылжып төрден есікке де жететін,
Шабыт қысса арқаланып кететін.
Аруақтым сен едің ғой Игіеке,
Талантыңа мәңгі тағзым ететін.

Айтыста да сен айтулы тұлғасың,
Тұма бұлақ бастауында тұрғасын.
Қазіргі айтыс ақындары алдымен,
Аруағыңа бас исін де, жырласын.

Бір басыңа құя салған бәрін бұл,
Өзің әнші, өзің ақын ағын жыр
Менің дағы жүрегіме от бердің,
Айтуардан шыққан асыл дарынды ұл!

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім ЖУРЕГІМДЕ ЖЫР ӘЛЕМ

Кең даланың ұлымын.....	4
Еркіндік жыры	6
Қазақпыш	8
Жерүйиқтың кіндігі	10
Еркіндік іздең өстік	11
Қазағымды биік көтер	12
Ата дәстүр қымбат.....	13
Төрле, наурыз!.....	14
Наурыз – Тәңір айы	16
Науан наурыз – ұлымын!	17
Көркейген қызылжарым	18
Ұлы жол астанадан басталады	20
Бақыттың мен бағым сенсің, астана!	21
Абай.....	23
Қасиетті домбыра.....	24
Бабаларым ізі бар.....	25
Бұл өмірде өзгереді бәрі де	27
Жүректегі шындық	28
Ақырзаман	29
Мағжан Жұмабаевқа.....	31
Мағжан баба – күн баба	32
Қыын тағдыр бұйырған.....	33
Сасыққөлдің жыр құсы.....	34
Мағжан жырға бойладым	35
Құлаған құздан қаршыға	37
Қалай сөнсін жарық күн?.....	38
«Еліңе қайт, еліңе!»	39

Күлден кебін киіпсің.....	41
Анаға ескерткіш.....	42
Аналар-ай, асылдарым, ардағым!.....	43
Анашым, сенің арқаң	44
Мәңгілік жар	45
Асыл жарыма	47
Ініге наз	48
Емханада.....	48
Қазіргі қымбатшылық жайында	50
Майдангер аталар	51
Шарасыздық	52
Алматыдан көшіп келген ақын.....	54
Тану.....	56
Тәнірдің тылсым күші.....	57
Дағдарысқа алдырмайды деп сенем.....	59
Біздің шаңырақ дегені дұрыс маған	61
Жемқорлық шырмауығы	62
Тірліктің сзығы.....	63
Жаратқаным, кешір мені!	64
Ширығу.....	65
Майдангерлер – мықтылар.....	66
Кешір бізді, боздақтар!	67
Мәңгүртке	68
Ана тілге ең биік тұғыр керек	69
Күншілдік туралы	70
Тілші болдым дегенше.....	71
Өкпе жоқ	72
Соңғы нұқте	73
Шегінуге болмайды	74
Теріскеілік дегенге келіспеймін.....	75
Долайнор.....	76
Шіріген жұмыртқа.....	77

Мұнай бағасы	78
Қабырғасы жылап түр	79
Газа аймағы дүрбелең	80
Сенбей жүрмін	82
Үйсіз-күйсіз мұскіндер	83
Бал немере сүйгіздің	84
Аман туши, ақботам	85
Уілдettің уйімді	86
Тұңғыш немереме	87
Немереме арнаймын	89
Аталаған тілі бал	90
Жалғасым бар	91
Ойна, жаным!	92
Ортамызда ерке лақ	93

Екінші бөлім
**АУЫЛДЫҢ МҰҢЫ АРЫЛМАС
 АУЫЛДЫ САҒЫНУ**

Тірлігіңе тұсау тұскен ауылым	95
Қайран елім, қайда кетіп барасың?	97
Сыздайды жүрек	98
Кімге сенеміз?	100
Сайлаудың шаруа болуы	101
Ауылды аңсау	102
Көшкенкөнді сағыну	104
Жел диірмен	105
Айыршы	107
Ауылдағы соңғы аралым	108
Қаратоқаның шиесі ай	109
Ақ көбелек	111
Босат мені ауылға	112

Тұрмыстағы таныс жай.....	114
Оралмайық коммунаға	115
Қорғандағы базарда.....	117
Елге сағыныш	119
Сені іздеймін ауылым	120
Бүгінгі ауыл бұрынғыдан өзгеше	121
Қалай енді түзеледі көш жүріп?	123
 Ауылдастар амалсыз көшіп жатыр	123
Жетім көл	125
Мектептің көк сиясы	126
Қос шебер.....	127
Етікші ата	129
Көк бие.....	130
Күпіге киім жете ме?.....	131
Күлен қора.....	133
Шошала	134
Жұмалық.....	136
Әлбидәк.....	137
Соғым еті	138
Сүрдің дәмі.....	139
Төрдегі орын.....	139
Мен әкемді аз білем.....	140
Жетім құлын.....	142
Әкемнің ескі дәптері.....	143
Әжеме	145
Әкелердің майдандағы киімі	145
Құстардың қимастығы	146
Басылғасын көнілдің құштар әні.....	147
Гәкку ән.....	147
Менің білім ошағым	149
Құндақ қадірі	151

Менің мұғалімдерім	152
Ең соңында кім қалары белгісіз	153

**Ушінші бөлім
ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ**

Бұлақ	156
Есіл тасып барады	157
Солтүстіктің қөктемі	159
Қарлығашым, сұқсыр құсым қайдасың?	162
Күндер өтіп барады	163
Бәрі бекер болжамның	164
Салқын жаз	166
Тамыздың басы	167
Қымбат маған інір құн	168
Босқа кеткен уақыт жайында	169
Бұл бір дүние	170
Асықтырма, әбігер етпе мені	173
Құстармен қоштасамын	174
Жылқышы	175
Тундра	176
Кешіккен қыс	177
Ақ қар жауды	178
Ақша қар	179
Аппақ қарға ақ өлең жазылады	180
Қыс аяғы қысып тұр	181
Қаңтардың сарышұнақ аязы	182
Орман кезіп бұғым жүр	183
Жылқы жылы	184
Ақырзаманның алды осы ма?	185
Наурыз түнде	186

Төртінші бөлім
МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР...

Сайтан от	189
Жарық ай.....	190
Тайгадағы тұн.....	194
Жүрек сыры.....	195
Сезім құдіреті.....	196
Сен қайда жүрсің?	197
Сары шаш қызы	198
Махаббатқа түсінбедім	199
Жазғы бақта	200
Махаббатты мен басқаша түсінем	202
Ала тұнді тәрік қып.....	204
Күнәлілік хақында	206
Мұң болады адамда.....	207
Көкірекке құйын шабыт келгенде.....	208
Сен мені сағындырма	210
Менсіз қалай ғұмыр кештің?	210
Өмір қанша жыр берерін білмеймін	212
Жүрек ыстығы.....	213
Оттай жанып, жанымды лапылдатам.....	214
Көкіректің көзәйнегін сұртемін.....	215
Көңіл қүйі	216
Бала кездің баянды ізі табылмай.....	219
Қалай тәубе қылмасқа	220
Бұрынғыдай емеспін.....	222
Кезден өттік.....	225
Тағат.....	225
Жаратқанның бүйріғы	227

Бесінші бөлім
СОҢҒЫ ДӘПТЕРДІҢ СЫРЫ

Жүргегіме сыймай жатыр	231
Соңғы сөз орнына.....	232
Көл мінезбен көлкимін.....	234
Қайтсін, жаным көндігеді.....	237
Түсірмеуге тырысамын еңсемді.....	238
Көңілімде ілініп шық тұрады	242
Құдай берген құндылық.....	244
Әйтеуір жанға тыныш жоқ.....	246
Күнәлі іс.....	247
Тамыздық	250
Қыл үстінде.....	251
Көбік үрлеп бос сөзден.....	252
Қиын боп түр көндігу	253
Дымсыз қалып жүрмейік.....	253
Жер жүдеп барады	254
Ұрым мен тыйым жайында	256
Халқым аман өтсе екен	257
Әдет бар.....	260
Билікке неге батпайды?	261
Командаттар рухын бер	263
Теңгемізден белгілі	265
Ауылды жұтып жатыр.....	266
Қаражұртым кешпейді	268
Ауылда қалды он-ақ үй	270
Шаңырағын жабады соңғылары.....	271
Ши сөредегі әжемнің құрты.....	273
Ішік	275
Бала күнге оралдым...	276
Ата атанар сияқтымын тағы да.....	277

Төбем көкке жетер ғой.....	278
Сақтап қойдым үрпегін.....	279
Жер жидегі.....	280
Тұн перзенті	280
Жапырақ түскен сары күз.....	281
Қара нөсер.....	282

Алтыншы бөлім
БАЛЛАДАЛАР ЖӘНЕ ТОЛҒАУЛАР

Жүйріктің тағдыры.....	284
Бесеудің бірі.....	290
М. Жұмабаев	293
Сагыныш	293
Ақынның бақыт құсы	297
Кожаберген жыраудың.....	300
Соңғы сөзі.....	300
Кездік	302
Ошақ туралы баллада	305
Ата зан туралы толғай.....	307
Уақтың ұлы сары мен сүйір батыр	309
Тарланға тағзым	312

Тоқтар 3ІКІРИН

ӨМІР ӨЗЕГІ

Толық таңдамалы шығармалар жинағы


‘ .

*Беттеген: Кенжебекова Жанетта
Мұқабаны безендірген: Мейірбеков Ермек*

Басуға 23.04.2019 ж. қол қойылды.
Қалыбы 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік басылым.
Каріп түрі «Times New Roman».
Көлемі 20,25 б. т.
Таралымы 1000 дана

«Асыл кітап» баспасының компьютер
орталығында беттеді.
«Асыл кітап» баспасы,
Абай даңғылы, 143-үй, 101 офис.
e-mail: asylkitap@mail.ru
тел.: +7 707 178 12 94

Тоқтар ЗІКІРИН



1949 жылы 22 тамызда дүниеге келген. Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын (бұрынғы Сергеев) ауданындағы Балуан ауылының тұмасы. Қарағандыдағы кооперативтік сауда институтының түлегі. Біраз жыл экономист мамандығы бойынша қызмет атқарған. Одан кейін «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетінде тілшілік қызмет атқарып, бөлім менгерушісі болды.

Ақынның қаламынан «Жан шуағы», «Көңіл көкжиектері», «Тіршілік тынысы» және «Бұл бір дәурен» жыр жинақтары жарық көрген. Республикалық, аймақтық жыр мүшэйраларының жеңімпазы.

Kezge



ТОО "АСЫЛ КИТАП" БАСПА УЙЫ

ISBN 978-601-7962-32-6



9 786017 962326